Кейіпкерге тілдік мінездеме беруде қолданылған мұндай тұрақты тіркестерден автордың немесе екінші бір кейіпкердің жақтырмау, жек көру, сүйсіну т.б. сияқты қатынасы да айқын сезіліп тұрады. Мысалы: **жұқа шаптан жүн қырыққандай, тышқаннан тиын сауған, қу ағаштан құмалақ сауған, қу бастан қуырдақтық ет алатын, қу сүйектен көже қайнатқан, күлін сабау** деген авторлық тұрақты тіркестер сараң деген жағымсыз мағынада жұмсалып, жақтырмау, ұнатпау мәнін де білдіреді. «Аузың қайсы десе мұрнын көрсететін», «сайда саны, құмда ізі жоқ» деген тұрақты тіркестерден кекесін, мысқыл мағынасы айқын сезіледі. «Жібектей есілген, биязы мінезді...» тіркесі жағымды мәнде қолданылып, сүйсіну мағынасын беріп тұр. [4, 20]

Кейіпкер тілінде жиі кездесетін көркем сөз қолданысы – синекдоха. Синекдоха – Қ.Ысқақовтың кейіпкер сомдауда қолданған ең басты көркемдік тәсілі десек те болады. Жазушы шығармасындағы синекдоханың басты көркемдік тәсіл ретінде жұмсалғаны кейіпкерлер тіліндегі мына мысалдардан көрінеді. Жазушы шығармаларындағы қайталанбас бейнелер – Сифат, Мешел, Жанжігіт шал, Әбдіжапар, Жақып, Асекенің бейнелерінің күштілігі де осы теңеулерде деп айтуға болады. Автор ер кейіпкерлердің бейнесін беруде негізінен жан-жануарлардың образын қолданады: *Күбі қарнынан қайыс тіліп алсаң да қыңқ етер Мешел жоқ, өлген қорқаудай домаланып бүлк етпей жатыр*. Мұндағы кейіпкер Мешелдің «өлген қорқаудай домаланып бүлк етпей жатуы» оның арсыздығы мен жыртқыш мінезін танытып тұр. **Тышқан аулаған кәрі бүркіттей қалт еткен құбылысыңды қағып түсетін сақтығы қозғалмайтын суық жанар мен бүлк етпейтін бет пішінінде қатып қалғандай**. Бұл портрет Жанжігіт шалдың («кәрі бүркіт») жасын және мінезін де танытып тұр. Мұнда бүркітке емес басқаға теңесе, оның қыран мінезі байқалмас еді.

Жазушы шығармасындағы жан-жануарға қатысты және тұрмыстағы өмірге қатысты теңеулердің басымдығы оның гендерлік ерекшелік қырларын да танытса керек. Ол әйел бейнесін сомдауда да байқалады. Әйел бейнесін беруде негізінен оның *бетіне (қағаздай бет, ұлнадай бет-жүзі), көзіне, ерніне, жүрісіне (мамырлаған жүріс)* айрықша назар аударады. [2, 20]

Жазушы шығармаларында теңеумен қатар белсенді қолданылған көріктеу құралы – эпитет. Жазушы шығармаларында тұрақты эпитеттер де (жіңішке қас, жұқа ерін, қарақат көз, пұшпақ бөрік, ақ шаш, қыр мұрын, жұмсақ жүз, жалпақ танау, қызыл шырай, қоңыр үн т.б.), түсіндірме эпитеттер де жиі қолданылады. Түсіндірме эпитеттер автор тарапынан стильдік мақсатта жұмсалып, ол шығармада белгілі бір кейіпкерге ғана қатысты қолданылған. Мәселен, «Ақсу-жер жаннаты» романындағы Асекеге қатысты *«қисық мұрын», «сықырлауық шал»* деген эпитеттерді қолданады. Ал Мешелді суреттеуде *«сылп-сылп емген жемір ерін», «бүлк етпейтін бездей сыңар бет», «мұп-мұздай сыңар көз»;* Әбдіжапарды суреттегенде *«лақа ауыз», «жіксіз көз»;* Ситанды суреттеуде *«жылбысқа сары», «жирен кірпік», «секпіл бет»;* Жақыпты суреттегенде *«сілеусін көз»* деген эпитеттерді қолданады. Кейде кейіпкердің атын атамай оны тек эпитеттермен ғана атайды (*үрпек бас, қара кемпір, сары кемпір, қалқанқұлақ, ежикбас, жирен шабдар келіншек*). **«Қ.Ысқақов шығармаларындағы кейіпкер бейнесін берудегі грамматикалық ерекшеліктер»** деген бөлімде кейіпкер портретін жасаудағы Қ.Ысқақовтың шеберлігі, ондағы тіл дыбыстары мен синтаксистік және лексикалық құралдардың қолданысы талданады.

Фразеологизмдер – ойды бейнелеп, әсерлеп айту үшін қолданылатын, құрамындағы сөздердің орнын ауыстыруға болмайтын арнайы тұрақты сөз тіркестері.

-Қарағым, Ұлпанжан, басыңа түскен бір бәледен құтылдың. Енді біржола құтылдың. Жылама! Бұл үйге деген ниетіміз таза екенғ қорлық – зорлықтың үстіне кездестік. Енді ол бәле сенің басыңа қайтып оралмайды. Артекем мен Несібелі жеңгемізден туған жылғыз асыл перзентін қайда жүрсек те қорғай жүрерміз. Ешкімнің **тісі бата алмас** бұл үйге. Бағың ашылар, қарағым. Теңіңе кездесерсің әлі, жылама...

Қылауы түспеген құданы –көне. Жаңа құда.

- Армысыздар, ағалар!... “Қаршығалы” шұбарын паналап қонып қалған үш ауыл кірме Күрлеуіттің арызын айта келдік... Биыл қыс осында **жан сақтаймыз** ба деп жаз бойы қорып келген жеріміз еді.Жетісіп отырған ел емеспіз... **Сорлының зары арлыға кездескей** деп жіберіп еді... айтар арызымызға құлақ ассаңыздар екен... (Ұлпан, 76)

Сорлының зары арлыға кездескей- көмексіз, бейшара кісінің мұңы жұрт құлағына іліксін деген мағынада. **Жан сақтау** – аман қалды, ептеп-септеп күнін көрді, паналады.

Антоним – грек тілінің anti - “қарсы” және опут – “ат атау” деген сөздерінен жасалған термин. Мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер антоним деп

аталады. Кез-келген сөздің қарсы мағыналы сынары болмайды; Сапалық ұғымды білдіретін немесе сапалық белгісі бар сөздер өзара антонимдес болады.

“Күлпәштің ұршығы” әңгімесіндегі антоним сөздер: Салдырлап әңгімесін айтып, **алды-артына** қарамай асай беретін, тіпті “жесеңдерші” деп, өз асыңды тықпалайтын; тіпті өз үйінен кекіре тойып шығып, көршінің шайына зыр жүгіріп кетер еді. (146 бет)

Ағаш күрек алып **әрі-бері** тазалап көріп едім, жабыса иленіп ырық бермеген соң, тастағанмын. (147 бет)

Бес тиын” әңгімесіндегі антоним сөздер: Әр түрлі квитанцияларды парақтап, мөрін ақ қағазға басып, түсетін-түспейтінін байқап көріп, әлгі мөр басылған қағазды уақтап жыртып, көпке дейін күйбің тірлікпен отырар еді.

Бұл кезде пенсия, баланың ақшасын, хат, газет-журнал алуға, не болмаса ауданға телефон соғуға келген ауылдың **кәрі-жастары** қорған тақтайдың ар жағында жұдырықтай ғана болып, тәкаппар отырған Зекеңді атарға оғы жоқ, әрең шыдар еді...

Диалектизм сөздер: Белгілі бір жердегі жергілікті халықтың қолданатын сөздері жатады. Диалект ұлттық лексика құрамына кіреді, бірақ жалпыхалықтық деп есептелмейді. Әдеби тілге енбейтін, территориялық диалектілерге тән тіл ерекшеліктері.

Диалектілік лексика фонетикалық, морфологиялық, лексикалық түрлері бар: **үгей-өгей, көдек-икемсіз, кішірт-кішірейт.** [3, 20]

“Бес тиын” әңгімесіндегі диалектизм сөздер: Әр түрлі квитанцияларды парақтап, **мөрін** ақ қағазға басып, түсетін-түспейтінін байқап көріп, әлгі мөр басылған қағазды уақтап жыртып, көпке дейін күйбің тірлікпен отырар еді. **«Мөр»** - (Көкш, Павл, Ерт.ау) бедер.

Содан соң ептеп тоттана бастаған бес тиын **бақыр** ақшаны тауып алды. **«Бақыр»** – (Алм, Жамб, Шу) Ұсақ тиын.

“Күлпәштің ұршығы” әңгімесіндегі диалектизм сөздер:

-Көп сүт болса, аузымнан жырып саған-ақ бердім,-деп, барлығын Күлпәштің ыдысына **қотара** құйып бере салды. **«Қотару»** (Талд., Қарат.) аудару.

-Ораш, - деді шешем, - шоланда бір **меске** сүт пісіп тұр еді, алып келші. **“Мес”** (Ақт., Қараб,) ешкіні бітеу сойып жасаған ыдыс.

-Сондай әрі жалған әрі **монтаны** мінез маған да жұққан-ды.

“Монтаны” (Рес., Орын.) Білсе де білмегенсіп тұратын қу, арамза адам.

Синоним сөздер. Мағынасы жағынан бір-біріне жуық, өзара мәнделес сөздер. Синонимдес сөздер- әр басқа ұғымды емес, бір ұғымды әр түрлі жақтан белгілейтін атаулар. Синонимдер ерекшеліктерімен белгілеріне қарай мағыналық синонимдер, экспрессивті-стилистикалық, мағыналық-стилистикалық синонимдер деп бөлінеді. Мағыналық синонимдер - бір-бірімен мағыналық реңктері арқылы ажыратыла келіп, стильдік жағынан шектелмей қолданылатын өзара мәнделес сөздер. Экспрессивті-стилистикалық синонимдер бір ұғымға қатысты сәйкес мағынаны білдіре келіп, бір-бірінен экспрессивті бояма реңкі мен стильдік қолданысы жағынан ажыратылады.

“Күлпәштің ұршығы” әңгімесіндегі синоним сөздер:

-Тіпті түтіндерің бықсымап еді, сен де қуланып, саранданып барасың-ау. Жылқының майындай жылбысқыланып, Орашыңның әкелген сәлем-сауқатын жалғыз өзің жамбасыңа басын жатырсың ғой

-Бозталдан шөбімді жеткізіп бер деп он рет барғанда, он күн аяғына бас ұрғанда, төгіп-шашып әрең әкелмеп пе еді ала көз ұлын, онда да ақысын былай алып, шөлмек-шөлмек арағымды ішкен,ол аздай трактормен сүзіп қораның қанатын құлатып кеткен.

Кейіпкер тілі – лингвистикалық стилистиканың зерттеу нысанына жатады. Кейіпкер сөзі – оның дүниетанымын, пікірталасын, мінез қырларын өрнектейтін психологиялық амал-тәсіл. Ғ. Мүсіреповтің “Ұлпан” романындағы кейіпкерлер тілінің стильдік ерекшелігін әр қырынан көруге болады. Ол үшін мынадай ерекшеліктерге назар аударайық. Кейіпкер тіліндегі лексикалық ерекшеліктер: Кейіпкер тіліндегі лексикалық топтар: диалектизмдер, кәсіби сөздер, қарапайым (дөрекі) сөздер, жаргон сөздер, кірме сөздер.

Р. Сыздықова: “Дөрекі, қарапайым элементтер, бөгде тілдік сөздер, әсіресе макоронизмдер кейіпкердің мінез-құлқын, алған тәлім – тәрбиесін, білім, мәдениет дәрежесін көрсету үшін келтіріліп, оның образын жасауға көмектеседі. Бұл – стильдік тәсіл. Тәсілдің дұрыс қолданылуы жазушының сөз құдіретін тану шеберлігіне алып барады”, - дейді. [1, 20]

Қарапайым сөздер – әдеби тілдің сөйлеу нормаларына жатпайтын, ауызекі тілге тән сөздер. Оған ауызекі тілдегі дөрекі, тұрпай сөздер, варваризмдер, жаргон сөздер, кейбір диалектизмдер жатады. Қарапайым сөздер кемсіту, мұқату, мысқыл-мазақ, қарғыс, алғыс мәнінде қолданылатын, көркем әдебиетте, сөйлеу тілінде стилистикалық бояуы бар сөздер.

Дөрекі тұрпайы сөздер – кейіпкердің мәдениеттілігінің, білімінің деңгейін көрсету үшін қолданылады. Кірме сөз. Тілдің өзіндік сөзжасам тәсілімен емес, басқа тілдердің ықпалымен жасалған немесе олардан енген сөздер сөздің дыбыстық тұлғасы да, мағынасы да өзге тілге қатысты сөздер кірме сөздер делінеді.

Ұлпан романындағы кейіпкер тілінде көбінесе орыс тілінен енген немесе орыс сөздері кездеседі. Себебі бұл роман ХІХ ғасырда жазылған.

- Қадірлі би-болыстар! – деп бастады Тұрлыбек. – Ұлы мархабатты падишамыздың жоғары дәрежелі елтифаты бойынша, ішкі Ресейден Сібір жеріне келіп орналыстып жатқан орыс қара шаруалары қатарында жерге орналасуға өз тарафынан ехтиярлы мағынала еттифах білдірген қазақ ауылдарын да отырықшыландыру мәселесін сіздердің маслихатыңызға салуды лайхат көріп, бізді жоғары мәртебелі дала генерал-губернаторы жіберіп отыр... (арабтардан кірген сөз).

Елтифат – ілтисат – 1. үндеу; 2. назар, ықылас, қызық, игі ниеттілік; 3. көзқарас, жүз аудару.

Ехтиярлы – ықтияр – ерік, ырық; ықтиярлы – ақылды.

Маслихат – 1. жалпы игілік; 2. пайда, мүдде; 3. бөлім (мекеме, басқарма); 4. кеңес, игі кеңес, мәжіліс.

Лайхат – 1. сәйкестік, лайықтық, үйлесімдік, әдептілік, сыпайылық, ақылдылық; 2. жақсы сапа, адамгершілік. Енді Байдалы шалқалай отыра сөйлеп Күзембай болысқа қарап:

- Бес болыстың **піргауарын** жасата бер... өмір-бақи оралмастай болып “Итжеккенге” айдалсын! – деді.

- Еснейдің ескі қоржынына кенесарының ені жүз жауынгері сыйып кеткен соңқоржыныма әбден ырзамын, - деді ол. – Атығай-Қарауылдың дардай биі едіңіз, Кенесарының **поштабайы** болып далақтап жүргеніңіз өзіңізге қайырлы болсын... Поштабай – көне. Би-болыстардың тапсырмасымен жүріп-тұратын, ісқағаздарын тиісті жерге жеткізіп келетін шабарман. [4, 20]

Кейіпкер тілі – лингвистикалық стилистиканың зерттеу нысанына жатады. Кейіпкер сөзі – оның дүниетанымын, пікірталасын, мінез қырларын өрнектейтін психологиялық амал-тәсіл. Кейіпкер тіліндегі лексикалық топтар: диалектизмдер, кәсіби сөздер, қарапайым (дөрекі) сөздер, жаргон сөздер, кірме сөздер. Дөрекі тұрпайы сөздер – кейіпкердің мәдениеттілігінің, білімінің деңгейін көрсету үшін қолданылады. Қарапайым сөздер кемсіту, мұқату, мысқыл-мазақ, қарғыс, алғыс мәнінде қолданылатын, көркем әдебиетте, сөйлеу тілінде стилистикалық бояуы бар сөздер. Сөйтіп, мақалада көріктеу құралдарының кейіпкер бейнесін берудегі стильдік мәніне аз-кем тоқталдық.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Сөз құдіреті, Алматы . 1997ж.
2. Болғанбаев Ә. “Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы” оқулық Алматы, 2006.
3. Диалектологиялық сөздік «Арыс» баспасы Алматы, 2007.
4. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, -2008ж.
5. Бөкей О. “Қайдасың, қасқа құлыным” «Елорда баспасы Астана, 1999.
6. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. 1-2 том. Алматы, -2011.

УДК 159.944.4

СТРЕСС КАК РЕАКЦИЯ НА СЛОЖНУЮ ЭКСТРЕМАЛЬНУЮ СИТУАЦИЮ

Есентаева Б.У., Кадрешева Б.Ж.

Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз
e-mail: бахоня91@mail.ru, bayanchik_1991@mail.ru

В статье рассматриваются теоретические вопросы развития стресса. Представлен причины и фазы стресса: тревога, сопротивления и глюкокортикоиды, истощения. Описаны результаты стресса. Преведены физиологические изменения и болезни (заболевания), возникающие при стрессе

Ключевые слова: стресс, тревога, фаза истощения, дистресс, страх, экстремальная ситуация, паника.

В современных условиях на первое место выступает проблема социальной ценности человека, при этом здоровье является одним из важных объективных условий жизнедеятельности. Высокий уровень психической устойчивости к стрессам является залогом сохранения, развития и укрепления здоровья и профессионального долголетия личности.

Стресс – это состояние поведенческого и душевного расстройств, связанное с неспособностью человека целесообразно и разумно действовать в сложившейся ситуации. Проблеме стресса в жизни человека большое значение придавал в своих работах Ганс Селье. Г.Селье объяснял, что стресс – психическое состояние человека, возникающее в ответ на разнообразные экстремальные воздействия; интегральный ответ организма и личности на экстремальные воздействия или на повышенную нагрузку [1].

Ганс Селье определил три фазы общей адаптационной реакции на стресс. Первая фаза это – фаза тревоги. Эта реакция вызывает изменения в симпатическом отделе автономной нервной системы, воспринимаемые преимущественно гипоталамусом, что позволяет организму действовать быстро.

А физиологические изменения в этой фазе разнообразны и многочисленны. В это время подавляется процесс пищеварения и увеличивается глюкоза, которая выбрасывается в кровь. Дыхание, сердцебиение, потоотделение и кровяное давление усиливаются. Все эти и другие изменения подготавливают организм к быстрым ответным действиям.

Вторая фаза это – фаза сопротивления и глюкокортикоиды. Это фаза начинается, если длительность воздействия стрессогенного фактора превышает несколько минут. В этой фазе гипоталамус побуждает гипофиз вырабатывать адренкортикотропный гормон. А это в свою очередь стимулирует выработку некоторых других гормонов, совокупность которых принято называть глюкокортикоидами. Очевидно, что длительное функционирование в таком режиме невозможно.

Третья фаза – фаза истощения. В это время организм уже защищает себя ни от первоначального стрессогенного фактора, ни от всех прочих. И у него могут возникнуть самые разнообразные заболевания, функционирование нарушается, иногда приводящие даже к смерти.

В этих фазах люди сталкиваются с различными экстремальными ситуациями. В жизни человека очень часто возникают разные события, как развод, утрата близких людей, тяжелая болезнь и потеря работы.

Воздействия этих событий различаются по многим параметрам, в том числе – по силе вызываемого стресса. И здесь возникает вопрос о том, что именно определяет их особую стрессогенность. Один из факторов связан с их предсказуемостью: можно прогнозировать разрыв супружеских взаимоотношений, удар электрическим током, потерю работы в эксперименте по выработке условного рефлекса, но гораздо чаще эти события происходят неожиданно, что и приводит к возникновению стресса. Другой фактор –

возможность контролировать ситуацию. Например, прекращение отношений или потеря работы порой происходит по нашей собственной воле, но очень часто инициатором выступает противоположная сторона. И именно такие ситуации обладают наибольшим стрессогенным потенциалом [2].

Помимо «стресса» Г.Селье ввел понятие «дистресс». Дистресс – это стресс деструктивный, разрушительный; вызывающий адаптационную активность, но даже, если и он расширяет адаптивные возможности, то часто одновременно тормозит развитие индивида, мешает достижению далеких и близких целей; может вести к истощению сил, например, в том случае, если резерва сил для данной стрессовой ситуации недостаточно.

Работая над проблемой стресса, Левинсон обнаружил, что отрицательные эмоции, такие, как страх, гнев и печаль, вызывают более сильные физиологические реакции, чем положительные эмоции. Его исследования показали, что люди, испытывающие стресс, более других подвержены некоторым болезням и соматическим расстройствам. Каждодневные раздражающие факторы подтачивают силы и делают человека уязвимым для физических болезней. Стрессовые переживания могут ослаблять иммунную систему. В то время как стресс делает человека уязвимым для болезни, сама болезнь часто приносит с собой дополнительные факторы стресса [3].

Экстремальная ситуация — это совокупность опасных событий или исключительно опасное событие создающих угрозу жизни или здоровью, протекающих в ограниченном временном континууме. Последнее, создает давление фактора времени, при котором привычные стратегии, приспособления, принятии решений и действий, не являются эффективными, а на выработку новых нет ресурсов. Экстремальными называются и такие ситуации, о которых человек может быть осведомлен и готовиться к ним заранее, но эти ситуации требуют максимальной включенности субъекта, активизации его ресурсов (ментальных, физических, ценностных, эмоциональных), выдержки и соответствия неким требованиям.

Итак, экстремальные ситуации характеризуются возникновением стрессовых ситуаций, вероятность возникновения которых зависит как от условий деятельности, так и от такого субъективного фактора, как психологические особенности личности.

Одним из наиболее характерных эмоциональных состояний в экстремальных ситуациях является паника. Паника – это временное переживание гипертрофированного страха, которое вызывает у людей нерегулируемое, неконтролируемое поведение, иногда полная потеря самоконтроля, неспособность реагировать на чувства долга и чести. В основе паники лежит опыт беспомощности перед реальной или мнимой угрозой, желание уйти любыми путями, а не бороться с ней [4]. Экстремальная ситуация опасна для жизни и здоровья, неблагоприятна для функционирования психики человека.

Решающую роль в процессе поддержания адекватных отношений в системе «человек-среда» играет психическая адаптация. При возникновении стрессовой ситуации необходимы активные действия по устранению источника

стресса с целью наименьших психических и физических потерь организма: уменьшение силы воздействия стрессора, устранение повторяемости стрессовой ситуации. Психологами и медиками разработаны ряд способов и методов профилактики стресса как индивидуального, так и организационного применения.

К индивидуальным методам можно отнести:

- регулярный активный отдых;
- релаксация (занятия йогой, медитация, аутотренинг);
- тренинг навыков самоконтроля поведения;
- планирование собственного времени;
- когнитивная терапия;
- обеспечение достаточной продолжительности сна и др.

Так, рационально-эмоциональная терапия направлена на замену негативных мыслей в стрессовом состоянии позитивными. Существует ряд психологических техник противостоянию стрессу: психоанализ стрессовой ситуации, обучение самоконтролю, методика «сбережения» эмоций. Целый набор социально-психологических механизмов снижения напряженности связан с использованием приемов «ухода» от напряженности путем «снижения» значения ситуации. Следует отметить, что нельзя устранить стрессы и отрицательные душевные состояния путем ограждения от всего, что потенциально несет в себе опасность негативных переживаний.

Определенные отрицательные состояния (раздражение, гнев, и т. п.) являются стимулом к поисковой деятельности, к достижению каких-либо целей и способствует личностному развитию. Поисковая деятельность является своеобразным защитным средством, направленным на изменения неблагоприятной или сохранение благоприятной ситуации вопреки действию стрессогенных факторов [5].

Стресс – это адаптация организма к важной реакции, раздражительный и сложный психофизиологический процесс, в том числе сложные психические и соматические отношения.

Список использованных источников

1. Гринберг Д. Управление стрессом. Спб.: Питер, 2002
2. Глейтман Г. И др. Основы психологии: Пер. с англ./Под ред. Большакова В.Ю., Дружинина В.Н. – СПб.: Речь, 2001.-1247 с.
3. Онишина В.В. Учебный стесс и способы его нейтрализации, Москва 2007
4. Электронный ресурс // Актуальные проблемы экономики и управления. 2016. Том 1. № 9. С. 138—142. URL: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=25778328>
5. Шемякина О.О. Анализ причин стресса и методы его профилактики. // Журнал «Психология и право» 2012, № 2

ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОВ В РЕГИОНАХ ВОСТОЧНОЙ И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

¹Жайлаубаева Г.К.

Научный руководитель: Халина Н.В., д.филол. наук, профессор кафедры медиакоммуникаций, технологий рекламы и связей с общественностью АлтГУ
¹КГУ «Школа-лицей №3 имени Шокана Уалиханова» отдела образования по городу Усть-Каменогорску управления образования Восточно-Казахстанской области
e-mail: gulzira66@bk.ru

В статье выявляется тенденция массовой потери носителей русского языка в постсоветской Центральной Азии, подробно анализируются политики и объективные тенденции в этих государствах, приводящие к выявленной тенденции. Авторы отмечают нарастающие тенденции замещения русского языка во внутригосударственных процессах коммуникации национальными языками, снижение роли русского языка как межгосударственного языка-посредника в Центральной Азии, а также реакцию России на указанные процессы. Отмечается тенденция увеличения числа изучающих внешних по отношению к региону языков – китайского, английского и турецкого, и наращивание влияния внешних игроков.

Ключевые слова: Россия, русский язык, Центральная Азия, Казахстан, Узбекистан, Кыргызстан, Таджикистан, Туркменистан, языковая политика, мягкая сила, региональная политика, культурная дипломатия.

На рубеже XX–XXI вв. русский язык, прочно вошедший в состав мировых языков и получивший закрепленный статус одного из рабочих языков ООН, столкнулся с чрезвычайно острой проблемой массовой потери своих носителей за весьма короткий временной отрезок. Данная ситуация, при которой территория распространения русского языка непрерывно сокращается, что в свою очередь приводит к значительному ослаблению культурно-политического влияния русского языка на мировой арене, вызывает серьезную озабоченность не только у ученых-лингвистов, но и у представителей российской власти. Подобную точку зрения 24 декабря 2015 г. на пресс-конференции в МИА

«Россия сегодня» выразил председатель комитета ГД по делам СНГ, евразийской интеграции и связям с соотечественниками Л. Слуцкий: «Ни один язык, к сожалению, за последние несколько столетий не исчезал так быстро, как русский. Я уже не раз приводил эту статистику: сейчас по-русски говорят 270 млн человек, а в 1989 г. говорили 370 млн. И это ничтожный по историческим меркам отрезок времени» [1].

Более точные статистические данные, а также прогноз в отношении количества русскоязычного населения Земли приводятся в работе «Русский язык на рубеже XX–XXI вв.» заместителя директора по научной работе Центра

социологических исследований Министерства образования и науки России А. Л. Арефьева [2] (таб.1).

Таким образом, графически тенденция по распространению русского языка в мире может быть выражена следующим образом на рис. 1 [3].

Таблица 1.

Годы	Общепланетарная численность населения, млн чел.	Численность населения Российской империи, СССР, РФ, млн чел.	Доля в общепланетарной численности населения, %	Число владеющих русским языком, млн чел.	Доля в общепланетарной численности населения, %
1900	1650	138,0	8,4	105	6,4
1914	1782	182,2	10,2	140	7,9
1940	2342	205,0	8,8	200	7,6
1980	4434	265,0	6,0	280	6,3
1990	5263	286,0	5,4	312	5,9
2004	6400	146,0	2,3	278	4,3
2010	6820	142,7	2,1	260	3,8
2015	7200	139,0	1,9	243	3,4
2025	7800	129,0	1,7	215	2,8
2050	9350	110,0	1,2	130	1,4




Рис. 1.

А.Л. Арефьев особо подчеркивает факт утраты русским языком своих позиций во всех регионах Земли и на территории самой России, что связано с

массовой убылью русскоязычного населения и заменой в странах бывшего СССР русского языка на местные языки [4].

По состоянию на 2019 год, по данным сайта Ethnologue, поддерживаемого институтом SIL international, русский язык используется в 19 странах, насчитывает 154 млн носителей, что позволяет ему занимать восьмое место в списке самых распространенных языков мира [5].

Статус государственного русский язык имеет в России, Белорусии, частично признанной Южной Осетии, непризнанной Приднестровской Молдавской республике, непризнанных ДНР и ЛНР; статус официального языка — в Казахстане, Киргизии, частично признанной Абхазии; некоторыми официальными функциями обладает в Таджикистане (язык межнационального общения с возможностью использования в законотворчестве) и Узбекистане (в органах ЗАГС).

С точки зрения научного и культурного влияния необходимо отметить факт активного взаимодействия русского языка с другими языками в сфере перевода (7 место в мире по количеству переводов на русский и 4 место в мире по количеству переводов с русского, по данным Русской службы новостей ООН) [6], а также в сфере Интернета, где русский язык, по данным исследования W3Tech, в 2013 г. вышел на 2 место по использованию [7].

Одним из мировых регионов, где произошла наиболее масштабная потеря числа носителей русского языка, является Центральная Азия, представленная пятью республиками бывшего СССР. Историю распространения русского языка на данной территории можно разделить на три крупных этапа:

1) времена Российской империи, когда была присоединена часть центральноазиатских территорий, а русский язык стал активно распространяться по региону;

2) советская эпоха, когда распространение и комплексное влияние русского языка достигли своего максимума при полном вытеснении с данной территории фарси и арабского языков;

3) эпоха независимости новых государств, при которой русский язык понес тяжелейшие потери в статусе, количестве носителей и территории распространения.

По мнению эксперта М. В. Старчака, вина за подобное положение вещей во много лежит на самой России, выбравшей в первые годы своего существования западные ориентиры, оттолкнувшей от себя бывшие республики и долгое время не вспоминая о них [8]. Подобную точку зрения выразил депутат парламента Киргизии Дастан Бекешев в интервью ИА Regnum: «К сожалению, русский язык может со временем и вовсе утратить свою значимость. В этом, я считаю, в какой-то мере виновата сама Россия как культурное ядро русскоговорящего мира... В тех странах, где русский язык был когда-то распространен, он постепенно исчезает, потому что Российская Федерация мало приложила усилий для того, чтобы создать тесные культурные связи с этими странами» [9].

По некоторым данным, русская диаспора в Центральной Азии насчитывает

приблизительно 5 млн человек. Точное количество русскоговорящего населения назвать крайне затруднительно, так как большая часть статистических материалов основывается на данных переписей и опросов населения, при проведении которых респондент самостоятельно определяет уровень владения тем или иным языком. А. Л. Арефьев приводит следующие данные по количеству владеющих русским языком в центральноазиатских государствах по состоянию на 2012 г.: Казахстан — 84 %, Киргизия — 49 %, Узбекистан — 41 %, Таджикистан — 33 %, Туркменистан — 18 % населения [2].

Таким образом, центральноазиатский регион с точки зрения распространения русского языка может быть разделен на 2 зоны:

1) Казахстан, где, несмотря на целенаправленную политику поддержки казахского языка, доля русскоговорящего населения выросла при сокращении самого русского населения на 40 %;

2) Остальные республики бывшего СССР, где позиции русского языка сильно пошатнулись.

С географической точки зрения тенденция выглядит закономерным образом: чем дальше от России, тем меньше степень распространения русского языка [10].

Все бывшие центральноазиатские республики после распада СССР прошли через ситуацию массового миграционного оттока до критического уровня русскоязычного населения, спровоцированного политикой новых независимых государств в отношении этнических русских и их языка, в результате чего тенденция к сужению пространства русского языка становится труднообратимой, а воспроизводство русской культурной и информационной среды в Таджикистане и Узбекистане стоит под вопросом. Лишь Казахстану путем либерализации языковой политики удалось свести к минимуму миграционный отток славянского населения [10].

Основная проблема российской языковой политики за рубежом, по мнению научного сотрудника вашингтонского Центра стратегических исследований С. Маркедонова, заключается в следующем: «... у самой России после распада СССР не появилось качественной стратегии по развитию «русского вопроса» и русского языка как его составной части... Именно прагматики для обоснованного продвижения русского языка за пределами России катастрофически не хватает. То есть не разговоров о «великой культуре» прошлого, а проектов, нацеленных на решение задач настоящего и будущего» [22].

Остается надеяться, что Российская Федерация близка к выработке эффективной концепции использования русского языка в качестве ведущего компонента «мягкой силы» и намерена делать серьезные шаги, направленные на повышение востребованности и престижа русского языка в мире.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Слуцкий: Россия слабо поддерживает русский язык в экс-республиках СССР. URL: <http://ria.ru/20151224/1348180208.html> (дата обращения: 01.05.2020).

Арефьев А.Л. Русский язык на рубеже XX–XXI веков. Москва: Центр социального прогнозирования и маркетинга; 2012. С. 387.

2. Арефьев А. Л. Будет ли русский язык в числе мировых лидеров в будущем? Демоскоп Weekly. 2006. №251–252. URL: <http://www.demoscope.ru/weekly/2006/0251/tema05.php> (дата обращения: 01.05.2020).

3. Арефьев А. Л. Современное состояние и тенденции распространения русского языка в мире. Москва: Институт социально-политических исследований РАН; 2017. С. 320.

4. Список языков по количеству носителей. URL: <https://www.ethnologue.com/> (дата обращения: 01.05.2020).

5. Английский, французский, немецкий и русский языки — самые переводимые в мире. URL: <https://news.un.org/ru/story/2012/04/1200431> (дата обращения: 01.05.2020).

6. Russian is now the second most used language on the web. URL: https://w3techs.com/blog/entry/russian_is_now_the_second_most_used_language_on_the_web (дата обращения: 01.05.2020).

7. Старчак М. В. Российское образование на русском языке как фактор влияния России в Центральной Азии: что происходит и что делать. URL: <https://www.russkiymir.ru/publications/190915/> (дата обращения: 01.05.2020).

8. Киргизский депутат: «В том, что русский язык утрачивает значимость, виновата Россия». URL: <https://regnum.ru/news/polit/1614571.html> (дата обращения: 01.05.2020).

9. Шустов А. Дерусификация набирает обороты. Английский язык в Центральной Азии вытеснит русский? URL: http://www.stoletie.ru/vzglyad/derusifikacija_nabirajet_oboroty_934.htm (дата обращения: 01.05.2020).

10. Конституция Республики Казахстан. Статья 7, часть 2. URL: <https://kodeksy-kz.com/ka/konstitutsiya/7.htm> 2019. (дата обращения: 01.05.2020).

11. Нормативное постановление Конституционного Совета Республики Казахстан от 8 мая 1997 года №10/2 «Об обращении Президента Республики Казахстан о соответствии Конституции Республики Казахстан представленного на подпись Президенту Республики Казахстан Закона Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан», принятого Парламентом Республики Казахстан 12 марта 1997 года». Конституционный Совет Республики Казахстан. 1997. URL: <http://ksrk.gov.kz/solutions/np-ks-rk-ot-08051997-g-no102-o-yazykakh-v-respublike-kazakhstan-prinyatogo-parlamentom> (дата обращения: 01.05.2020).

12. Вдовина Н. В. Русский язык в Казахстане. Сетевое издание Центра исследований и аналитики Фонда исторической перспективы «Перспективы». 2008. URL: http://www.perspektivy.info/rus/rassey/russkiy_yazik_v_kazakhstane.htm (дата обращения: 01.05.2020).

13. Новоселова Е. Русский — без словаря. Слухи о вытеснении русского языка в Казахстане сильно преувеличены. 2009. №229. URL: <https://rg.ru/2009/12/02/russkiy.html> (дата обращения: 01.05.2020).

14. Короткова Е. К 2025 году обучение в Казахстане будет вестись на государственном языке. URL: <http://www.news-asia.ru/view/5395> (дата

обращения: 01.05.2020).

15. К 2020 году доля казахстанцев, владеющих государственным языком, возрастет до 95 % — министр культуры РК. URL: https://www.inform.kz/ru/k-2020-godu-dolya-kazahstancev-vladeyuschih-gosudarstvennym-yazykom-vozhraстет-do-95-ministr-kul-tury-rk_a2289735 (дата обращения: 01.05.2020).

16. В Казахстане на государственном уровне принят «культурный проект «Триединство языков». URL: <https://centrasia.org/newsA.php?st=1185221100> (дата обращения: 01.05.2020).

17. Триединство языков в Казахстане является одним из главных приоритетов государственной политики — декан филфака

18. Идея триединства языков в Казахстане правильна и будет способствовать развитию страны — мнение американского ученого. URL: <https://www.zakon.kz/111622-ideja-triedinstva-jazykov-v-kazakhstane.html> (дата обращения: 01.05.2020).

19. Заявление председателя общественного движения «Государственный язык» Мухтара Шаханова о доктрине «Национального единства» («Казахстанская нация»), берущей свою основу от «американской нации». URL: <http://www.zonakz.net/articles/27350> (дата обращения: 01.05.2020).

20. Конституция Кыргызской Республики (принята референдумом (всенародным голосованием) 27 июня 2010 года) (с изменениями от 28.12.2016 г.). URL: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30778565#pos=4;-157 (дата обращения: 01.05.2020).

21. Маркедонов С. Русский язык в Центральной Азии: статус и реалии. URL: <https://blogs.voanews.com/russian/new-eurasia/2013/07/04/> (дата обращения: 01.05.2020).

ӘОЖ 821.512.122.09

КӘДІРБЕК СЕГІЗБАЕВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ШЕБЕРЛІК

¹Зейнелов Д.Қ.

Ғылыми жетекші: Картаева А.М., С. Аманжолов атындағы

Шығыс Қазақстан университетінің профессоры

¹Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

email: daniyar.zajnelov@bk.ru

XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап қазақ прозасына елеулі үлес қосып келе жатқан қарымды қаламгерлер қатарында Кәдірбек Сегізбаевтың орны ерекше.

Қазақстан Жазушылар Одағының Мұхтар Әуезов атындағы сыйлығын алған «Біз қалада тұрамыз», жастар мен жасөспірімдерге арналған шығармалардың республикалық жабық бәйгесінде 1981 жылы бірінші жүлде

алған «Жап-жасыл әлем» повестерінен бастау алып, «Жол», «Беласқан» романдарын жариялап, оншақты повесть, әлденеше әңгіме, новелласын жазып және олардың денін бірнеше тілде шығарған жерлесіміз – Кәдірбек Сегізбаев.

Алғашқы әңгімелері республикалық баспасөзде 1968 жылдары жариялана бастады. Содан бері әңгіме-повестері «Жұлдыз», «Жалын», «Қазақ әдебиеті» т.б. газет-журналдарда үзбей жарияланып келеді. Кейін ауыл өмірі, жастардың ой-арманы, өнер-білімге деген құштарлығы, бір-біріне адалдығы суреттелген «Ашылмаған сыр» (1972), «Қойнаудағы ауыл» (1975), «Өртеңге өскен гүл» (1976), «Жылдың ең қысқа күндері» (1978), «Люди дальних дорог» (орыс тілінде, 1981), «Біз қалада тұрамыз» (1983), «Жер ортасы» (1991), «Беласқан» (2001) әңгіме-повестері оқырмандар жүрегіне жол тауып, ыстық ықыласына бөленген [1, 154 б.].

«Суреткер дегеніміз медиум. Ол – өзінің жан дүниесінің тереңінен болмыстың – жасырын жатқан асыл қазынасын қопарып алып, жеткізіп беруші дәнекер. Суреткер арқылы «Құдай жаратқан дүниенің мәні мен адам» және «әлемнің құпиясы» танылады. Сондықтан өнер дегеніміз – көркемдік құпиясын тану», – деген орыстың діни ойшылы, эстетик И.А.Ильиннің ойын К.Сегізбаев шығармашылығымен байланыстыруға болады [2, 4 б.].

К.Сегізбаев шығармашылығы, ең алдымен, қай жанрда болмасын, тыңнан түрен салған жаңашылдығымен тәнті етеді. «Өнердің басты міндеті-адам, адам өмірінің шындығын ашу» дейтін болсақ, жзушы өзінің кіші жанрдағы «Жылдың ең қысқа күндері», «Арқарқара», «Біз қалада тұрамыз» әңгіме-повестерінде адам туралы толғанып, адам жайлы ойын өрістете дамытып, замананың күнгейі мен көлеңкесін салғастыра көрсетіп, замана тезіне түскен өз кейіпкерлерінің адамдық, азаматтық асыл қасиеттерін биік рухани өреде танытады.

К.Сегізбаев – шын мәніндегі әңгіме жанрының хас шебері. Оның жазушы ретіндегі бір ерекшелігі шығармашылық болмысында шағын жанр деген өлшем жоқ. Туындыгер ұстанымында аз көлемге көп ой сыйғызар «қысқалықты таланттың қарындасы» деп таныған нағыз суреткерлік талғам бар. Көп қатпарлы мәселені аса нәзік суреттейді. Небір асыл жар, аяулы жеңге жесір қалып, бойжеткен қыз уақытынан бұрын болған сол жылдарға лағнет айтады. «Жап жасыл әлем» шығармасы ұлтымыздың берекесі болған аналарға арналған ескерткіш.

«Шіркін, апамның ыстық құшағын айтсаңшы. Тұмсығыңды қарнына тіреп қойып, тұра қалғаныңда, осы бар ғой, жүрегінді балқытып жіберетін ғажап бір иісі бар. Әй, ондай хош иіс ешкімнің де апасында жоқ шығар, сірә!» [3, 167 б.].

«Құшағына кіре жығылдым. Қос қанатымен балапанын қорғаған аққудай бауырына тартқан, апам айнала сабылып жатқан жұрттың бірін де көзіне ілмей бар дауысымен аңыратсын-ай келіп. Менің де ішек-бауырым қопарыла аузымнан шығардай ышқына шырылдаймын.» [3, 241 б.].

«Екеуміз де анамыз ғой, аналардың тәні өлгенмен, жаны өлмейді екен, Әйтпесе сенің қаражүрек күйеуіңнің мені өлтіргені де, терімді сыпырып, оған қоса өтімді де алып сатқаны рас болатын. Білем, сен қолыңнан келгенше бізді қорғап баққың-ақ келеді. Өтпесе ана боласың ба?.. Сенің де өз балаңнан

айырлып, еңіреп қалғаныңды білген соң қайғына ортақтасайын деп әдейі келдім. Ана күйеуіңе айт, оның өзі де түптің түбінде жазасын тартар. Соны жеткіз. Тиылсын де!» [3, 300 б.].

«Жылдың ең қысқа күндері» повесі арқылы К.Сегізбаев бізге шебер салған кестедей, көркемдік қырынан көрінді. А дегенде автордың тіл білетіндігін, тіл болғанда кәдімгі әдебиеттің бейнелі тілінбілетіндігін аңғарамыз. Сол тілмен К.Сегізбаев құр сөйлемей, қағаз бетіне сурет салып отыр. Сөз саралауда, сөйлем құрауда, жалпы өнер өрнегін төгуде К.Сегізбаев кең тыныс танытады.

«Күзгі орман іші қызы ұзатылып, қызығы тарқаған ауылдай тым жұтаң, тым көңілсіз көрінген. Аспанның кіндігіне төбесін тірегісі келгендей шаншыла біткен мұз бас шындар, үңірейген терең шатқал-құздар, басын тауға да, тасқа да соғып тулап ағар асау өзен, шүлдір-шүлдіп, сылдыр-сылдыр ерке бұлақтар – бәрі де табиғат шебердің бір-біріне үндестіре, жымдастыра жасаған мінсіз туындысы. Осынау бойжеткен кейіптес сұлулықты алғаш көріп тани білген, онымен бетпе-бет дидаласқан жан жалыға алмас еді.» [3, 221 б.].

Кәдірбек Сегізбайдың ардақ тұтары да, асқақ сезіммен жырлайтыны да – бір-біріне ұқсамайтын, бірақ бірін-бірі толықтырып отыратын қилы-қилы тағдырлар. Қайсысын алма, олардың табиғаты оқиға үстіне танылып, оқиға үстіне тұлғалана түседі. Бәрі де өзің білетін, күнбе-күн қоян-қолтық аралас-құралас жүрген қарапайым жандар. «Біз қалада тұрамыз» повесіндегі Жүсіп ақсақал, Әминат, Соня, «Жап-жасыл әлемдегі» Ақтан, «Ақ жаңбардағы» Құндыз – көктен түскен кейіпкерлер емес. Кәдірбек-жазушы жазып отырған олар Кәдірбек-азаматтың өзі біте қайнасып өскен ортаның адамдары, сол ортаның өмірі. Қаламгер естігенін емес, көргенін, көңілге түйіп, електен өткергенін ұсынады. Соның бәрінде де ол адамгершілікті алақанына салып, кісілікті аспандата көтереді. Бір ғажабы, осы ізгілік рухы оның бар шығармасының өн бойында ісмер қолдан шыққан өрнектей келісімін тауып, ажар-келбетімен өріліп, өзектесіп отырады.

«Аюдың өті» – Алтайдың керім табиғатын бейнелейтін хикаят. Бас кейіпкері аңшы, жыртықшытығы көнеден жалғасқан адамзат нәсілі. Аю психологиясын дәл беремін деп автор оны кейде адам тәрізді асыра суреттейді. Аңды көп қырған адамды оның киесі ұруға тиіс, бұл да ғарыштың жазылмаған заңы.

Әлемдік әдебиетте анималистік проза өркендеп кеткен. Бұл Уильям Фолкнердің «Аю» атты повесі – ұлы шығарма. Қазақ әдебиеті үшін бұл тақырып сарқылмайды. Кәдірбек Сегізбаев жан-жануарларға арналған прозада өз аюынан адасып қалмайтыны даусыз.

«Жол» романын оқып отырған тұста осындай ой жетегінде отырсыз. Ондағы драмалық қақтығыстар өз алдына бір әңгіме. Ең бастысы, шығарманың бар «қаны мен сөлі, жанды баурап алар ыстық лебі» осы шұрайлы тіл арқылы көрінеді.

К.Сегізбаев прозаның ең ауқымды жанры болып саналатын роман жанрында да жемісті еңбек етті. Ол өз романдарында асқақ Алтайды, оның бауырындағы елді суреттеуден бір танған емес.

Сондай өзі суреттейтін уақытымен шектеліп қалмай, жазылып отырған замана ауанымен астасып жатқан және бір тарихи шығарма - жазушы Кәдірбек Сегізбайұлының «Беласқан» романы (2001).

Жазушының «Беласқан» романы 11 бөлімнен тұрады. Автор «Беласқан» романын кеңестік кезең тұсында жазса да Алтайдан Атырауға дейін созылып жатқан ұшы қиырсыз кең далада бір-бірінің жоғын жоқтап, намысын жыртқан қазақ руларының өмірін өнер дүниесіне айналдырған. Сондай-ақ, қашанда қазақтың тарихи шығармаларында болсын, дастандары мен жазба әдебиетте болсын қазақ пен қалмақ арасындағы жаугершілік, бір-бірімен жауласқан, өштескен оқиғалар өзек болып, үнемі қазақтың «ата жауы қалмақ» деген түсінік қалыптасқаны белгілі. Бұл түсінік негізсіз емес, әрине, бірақ Кәдірбек Сегізбаев осы көзқарасқа мүлдем қарама-қайшы оқиғаларды бейнелей отырып, осы бір қалыптасқан түсініктің біржақтылығына көзімізді жеткізгендей. Көршілес отырған екі ел арасында тек жауласу ғана емес, жақындықтың да, жақсылықтың да болғанын көркем шығарманың өзегіне арқау ету негізінде жан дүниесінің тереңінде жасырын жатқан ел мен жердің тарихына қатысты сырлы сырлар ақтарған.

Жазушы Нұрдәулет Ақыш айтады: «Роман деген заманымыздың күрделі жанры. Кейінгі буын жазушылар арасында романның табиғатын, көркемдік талаптарын, болмыс-бітімін түсінбей жазатындар бар. Көлемі қалың болса 25 баспа табақ, тіпті 30 баспа табақты роман деп ұғады. Негізі олай емес, романның өзі бірнеше көркемдік компонентті бойына жинақтауы керек. Ең бірінші, дәуірдің тынысы көрінуі қажет. Оның кейіпкері жай ғана емес, қаһармандық кейіпкерге көтерілуі керек. Ішінде әлеуметтік, моральдік, психологиялық тартыстар болмаса тағы болмайды және көркемдік талаптың үлкені – сюжеттің ширығып тұрған тұсы, оның даму деңгейі, шешуі болуы керек. Кәсіпкердің «Жол», «Беласқан» деген екі романында да осы жағдайлар бар екен. Бағана сөзіміздің басында заманның шындығын бұрмаламау керек деген сөз айтып қалдым ғой, оның себебі, Ленинге тәу етіп, Құдайдай көргені шындық. Ленинді қойып, оның ізбасары Сталиннің өзіне бір ауыз сөз тигізбейтін. Сталиннің заманындағы адамдар сондай түсінікпен өмірден өтіп кетті. Енді біз оны «бұл адамдар Сталинді жек көрген еді» деп жазсақ, шындыққа сай келмей қалатын еді. Кәсіпкердің айтып отырғаны да осы. «Қазіргі таңдағы романдардың ішінен Кәдірбек Сегізбайұлының екі романы несімен ерекшеленеді?» деген сұрақ туады. Бірінші ерекшелігі – жаңағы мен айтқан талаптардың орнықты орындалуы, екіншісі, айтылып, жазылып кеткен тақырыптарға жаңаша ой айтуға тырысуы» [4].

Романда 18-19 ғасырдағы қазақ елінің өмірі суреттеледі. Сол жаугершілік заманда Алтай, Сауыр, Тарбағатай тауларын мекендеген қазақ елі туралы, олардың бастарынан өткен оқиғалары жайлы жазылған. Қазақи салт - дәстүр, қазақ отбасыларының өмірі, сол заманға сай тұжырымдалған.

Романның басты мәселелерінің бірі ол басқа жырлардағыдай қыз бен жігіттің арасындағы махаббат. Қазақтың байлығы төрт түлік мал, әсіресе жылқы малы, оның ішіндегі нағыз сәйгүліктер айқын сипаттаған. Сол Алтайды

мекендеген ағайынның арқа сүйері елдің тізгінін ұстаған Қамбар төренің отбасы жайлы, оның елінде болған оқиғалар жайлы айтылады. Сонау заманда ата-бабамыз шабысып келген қалмақпен бітімгершілік жасап, елді таңқалдырғаны, ел арасындағы дауды шешуі, кінәлыға артқан айыбы, кінәсізді ақтаған жайы, сол заманғы сот үлгісі ретінде көрінеді. Оның қалмақпен татуласып, олардың арасында жүрген екі қазақтың баласын өз қанатының астына алуы, қамқорлық пен ізеттілікті, иамысты көрсетеді. Роман негізінен Айшуақ ханның балалары Байшуақ пен Барат жайлы. Олар барымтада іргелес елдің батырын өлтіріп, елден қуылады.

Жер ауып, алыстағы қалмаққа келіп пана іздейді. Қалмақтың уаңы Ошыржап оларды өз қамқорлығына алады. Жылдар өткен соң ағайынды жігіттер елін сағынып, Шорғада жатқан елдің төресі Қамбар төре өздеріне қамқорлық жасауын сұрайды. Қамбар төре қалмақтың уаңы Ошыржаппен дос болып, ел арасындағы бейбітшілікке қадам жасайды. Сөйтіп ол ағайынды екі жігітті өз елдеріне әкеледі. Інісі Барат жауырыны жерге тимеген палуан болып шығады. Соңында ол жігіттер жұбайларымен қосылып, өз елдеріне Еділ бойына көшеді.

Айтулы жазушы Кәдірбек Сегізбаев «Беласқан» атты романында нақты прототиптері бар, ХІХ ғасыр басындағы қазақ жерінің шығыс шетіндегі өмір суреттерін қаз-қалпында берген. Әлбетте, автордың қазаққа лайық зердемен, эпикалық кеңдікпен әсірелей суреттейтін тұстары баршылық. Ол алпысыншы жылдарда әдебиетке келген жазушылардың баршасына ортақ белгі. Романның үлкен нышандық белгісі, қазір ұмытыла бастаған, тіліміз әбден шұбарланған соң қолдануға зауқы жоқ ескі сөздердің молдығы, бәрі ескі өмір салтынан туындайтын тілдік лексикалық қор. Мұндай тілі бай ділмәр романды оқымай кеткеніме екі онжылдықтың жүзі болыпты. Біртүрлі жатырқай бастағаныммен, әуелгі тосырқау лезде ұмытылып, «Беласқан» жетегіне алып кеткен [5].

Қаламгер жоңғарлар ортасынан пана тапқан Байшуақ пен інісі Бараттың тағдырын екі ел арасындағы қатынаспен байланыстырады. Сонда бір шама уақыт бұларды паналату-паналатпау мәселесін дау қылған ел ақыры: «қазақ, қалмақ бәлен жүз жыл бойы соғысып, жауласса, оның айыпкерлері бабаларымыз бен әкелеріміз болар. Онсыз да шілдің қиындай пышырап, туған ата жұрттан безіп, қиянда жүрген аз торғауыт дәл бүгін қазаққа жау емес», - деп сенім білдіріп, бауырына тартады.

Әдебиет тізімі

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010.
2. Құрманғалиев Қ. Көп қырлы суреткер // Қазақ әдебиеті.- 1991.- 3 мамыр.
3. Сегізбаев К. Біз қалада тұрамыз. А., 1983.
4. Ақыш Н. 1930-1980 ж.ж. повестеріндегі ұлттық рухтың көріністері / Тәуелсіздік идеясы және көркем мәдениет. - Алматы, 2011.- 5-кітап.
5. Сегізбаев К. Беласқан. Роман, повестер. Аламаты, 2001.
6. Сегізбаев К. Жол. Роман, повесть. Алматы, 1986.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «АҚ» ЖӘНЕ «ҚАРА» ТҮСТЕРДІҢ СЕМАНТИКАСЫ

Ибраева М.К., Жоканасова Х.М.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,

Өскемен қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: maira.ibraeva@mail.ru; halaidin@mail.ru

Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының мағына-мәні қазақ ұлтының көне замандардан бүгінге дейін өмірін жан-жақты сипаттай алады. Түр-түс атаулары халықтың күнделікті өмір тіршілігі негізінде пайда болып қалыптасқан. Олар халықтың әр дәуіріндегі салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, мәдениетіне, психологиясына, тарихына байланысты қалыптасып, тілдік қолданыста дамып отырады. Сондықтан да олар – әр халықтың ерекшелігіне байланысты өзгерген, сол халықтың ғасырлар бойы жинаған байлығының бірі. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының беретін мағыналары қазақтың өзіне ғана тән рухани өмірін суреттейді. Яғни, тілдегі түр-түс атаулары ұлттық сезім, ұлттық мінез, ұлттық салт-дәстүр негізін айқындайды. Олардың қалыптасуын қазақ халқының дүниетанымымен, ойлау жүйесі және рухани парасатымен байланысты қарастырып, саралау арықшылы ғана тілдік қатынастағы қолданысын түсіндіре аламыз.

Түр – түс әлемі табиғаты өте күрделі құбылыс. Қазақ тіліндегі негізгі түр-түс атауларының атқаратын мағына-мәні сан алуан. Ғалымдардың пікіріне жүгінсек, түр-түс атауларының белгілі заттар мен құбылыстардың өзіндік түрі мен түсін, бояу-реңкін (мысалы:көк аспан, қара жер, ақша қар, сары алтын) білдірумен қатар, одан басқа да түр-түске қатысты қосымша мағыналарды аңғартатын қасиеттері тағы бар екен. [5].

Түр-түс атаулары – қазақ тілінде, басқа тілдер сияқты, біршама зерттелген категория (І.Кеңесбаев,Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, М.Балақаев, С.Аманжолов, Ә.Қайдаров, Ғ.Мсабаев, З.Ахтамбердиев, Б.Өмірбеков, т.б.). Ағылшын тіліндегі ұлттық болмыс және ұлттық таныммен тығыз байланысты түр-түс атауларын түбегейлі зерттеген ғалымдар – Н.Барли, А.Дундэс, А.Крикман, М.Куузи, Г.Мильнер, А.Тэйлер, Г.Л.Апперсон, Линда және Роджер Флавэлдер.

«Ақ» және «қара» түр- түс атауларының барша жарық дүниені қақ жарып, қарама-қарсы екі полюске бөліп, өзара салыстыру арқылы танып – білуде атқаратын қызметі зор. Адам баласы өзін қоршаған дүниені түр – түсіне қарап танып – білуі о баста осы екі түске байланысты болуы керек. Өйткені бұл екеуі мың құбылып тұрған түр – түс әлеміндегі көзге көрінер заттар мен құбылыстарды бір – бірінен айырып жіктеуге ең қолайлы өте «қарапайым» түр – түстерге жатады. Түптеп келгенде, «ақ» түс күннің жарық сәулесіне шалынып, ақшыл, ақ сары, алқзыл, ала т.б болып көрінетін «отты» түстердің бастау – бұлағы саналса, «қара» түс, керісінше, қара қоңыр, қара қошқыл, қара торы,

шымқай қара, сүлік қара т.б осы сияқты қараңғылықпен тұмшаланған түстердің өзіндік ұйытқысы тәрізді. Басқаша айтқанда, «ақ» және «қара» түстері бір тәулікті екіге бөліп тұратын күн мен түннің символы іспеттес құбылыс.

Табиғи ортаның, қоғамдық өмірдің сан түрлі сипатын суреттейтін, өзіндік бояу-нақышын келтіріп бейнелейтін әрқилы түр мен түсті, олардың сан түрлі реңктерін білдіретін атаулар мен тұрақты тіркестер – табиғаттың өте күрделі құбылыстарының тілдік көрінісі. Алайда адам сол табиғи орта мен қоғамдық қатынаста туып өсетіндіктен, сол бояу – нақыштардың көркіне үнемі көз салып, көңіл тоқтата бермейді. Табиғат, адам қоғамы таратқан бұл түр – түс әлеміне біздің ата – бабаларымыз ерекше мән беріп, ғасырлар бойы олардың мағынасына мән беріп, әрбір түр мен түске ат қойып, айдар тағып келген.

Қазақ тілінің сөздік байлығында ерекше топ ретінде орын алатын түр- түс атауларының білдіретін мағына-мәндері мен тұлғалары алуан түрлі және қолданыс аясы өте кең болғандықтан, танымдық мәні зор тілдік құбылыс ретінде қарастырылып келеді.

Әрбір тілдің өз ішіндегі дәстүріне, танымына байланысты қалыптасқан, өзімен ғана шектелетін, басқаларда бола бермейтін мағыналары да болады. «Ақ», «қара» түр – түс атауларына таңылып жүрген қосымша мағыналардың біразы бір тілде кездесе, екінші бір тілде кездеспеуі де мүмкін, кездесе қалса, өзара сәйкес болмауы мүмкін. Мақалада қазақ тіліндегі «Ақ» және «қара» атауларының мағыналық дамуы қарастырылады.

Ақ-пәктік пен ақтықтың нышаны, махаббат, үміт, қайырымдылық деген ізгі сезімдердің символы. Қазақ халқының ұғымында «ақ»- ең қалаулы түс, қасиетті ұғым. Қазақ тіліндегі «ақ» түстің ұлттың дүниетанымында алатын орны ерекше. Қазақ халқында ақ пәктік пен адалдықтың нышаны, қуаныш пен жақсылықтың белгісі. «Ақ» түс қазақ тілінде ізгі тілек, жақсылық мағынасында қолданылады. Мысылы: қазақ тіліндегі «адал көңіл, ақ тілеу, ақ отау, ақ неке, ақ дастархан, ақ босаға, ақ жаулық, ақ жол, ақ пейіл, ақ жарқын» сияқты тіркестердің барлығы игіліктің, жақсылықтың нышаны деп көрсетеді Ә. Қайдаров [5].

Ақ қазақ халқында «сүт» сөзінің метонимиясы ретінде де қолданылады:

Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын,

Қайда барса, жол болсын! –

деген Наурызда айтылатын бата-тілек халық арасына кең тараған. «Жыланның басына ақ құйып шығарады» деген ырымдар нем наным сенімдерде де осы метонимия қолданылған.

Екіншіден ақ әділдіктің, адалдықтың түсі. «Аққа қара жүкпайды» (адал адамды қаралау мүмкін емес), «Аққа Құдай жақ» (әділдік жеңеді) деген мәтелдер осыны дәлелдейді. Тіпті өлімнің өзін ақ дейді. «Ақ өлім - өз ажалынан немесе ауырып бақилық болу, халыққа пайдасы тиер іс үшін жанын құрбан ету, шейіт болу. Арам өлу ұрлық немесе тағы да басқа қылмыстық іс үстінде жалғыздықта иманы үйірілмей олу болса, ақ өлім ағайын-туыстың арасында аяқтай алмаған

ісін, арманын өзінен кейінгілерге тапсырып, бақұлдасып абыроймен өмірден өту»[4]

Қазақ тілінде «Ақ орда» - ерте кезде билік иесі отырған үйді осылай атаған (ханның, бектің, патшаның) мекені, ел басқаратын орталығы(резиденциясы). Мысалы: «Адыра қалды ақ ордаң, иесіз қалған ауылдай». [8].

«Ақсүйек» - бұл тіркестегі ақ сөзі адамның хан, бек, төре тұқымына тәндігін аңғартады. Мұнымен қатар қазақта қарасүйек деген де ұғым бар. «Қарасүйек - байырғы қазақ қоғамында ақсүйек тобына жатпайтын жай халық өкілі, қара халық. ... Қарасүйектерге малшылар, егіншілер ғана емес, игі жақсылар деп аталатын билер, байбағландар, батырлар да жатады (Қаз. этнография., 3, 468).[6]

Табиғат құбылыстарына тән ақ түске байланысты «ақ жауын, ақ боран, ақ қар, ақ түтек» тіркестерді салыстырып көрейік. Ақ ту көтеру көптеген халықтар дәстүрінде «қарсыласқан жауынан жеңілгендігін, оның үстемдігін мойындау белгісі».

«Аққа» қарама-қарсы түс - қара. Бұл екі түс көп жағдайда қатар айтылып, бірінің мазмұнын бірі аша мағына-мәнін кеңейте, тереңдете түседі. Мысалы: «ақ» дегені- алғыс, «қара» дегені-қарғыс, «көздің ағымен қарасындай», «ақ, қарасына қарамай» т.б. Көп жағдайда бұл түстердің символдық мәні де өзара байланысты болып келеді. Мысалы: «ақ» түсті заттар көбінесе жақсылықтың, қуаныштың салтанаттың, бейбітшілік пен татулықтың, мамыражай өмірдің, байлық пен молшылықтың т.б. осы сияқты жағымды ұғымдардың символы ретінде қолданылса, «қара» түс, керісінше жамандық пен қатыгездіктің, қайғы мен қасіреттің, өлім-жітім ен аза тұтудың, қауіп пен қатердің, бақытсыздықтың т.б. осы сияқты адамға жағымсыз ұғымдардың заттық көрінісі- символы болып саналып келеді.

Ақ халықтың дүниетанымында, символдық жүйесінде ақ тазалық пен пәктікті білдірсе, қара керісінше арам ниеттің, ластықты білдіреді, мәселен, «ақ ниет» және «қара ниет» тіркестері. Екі түс, ақ пен қара, махаббат пен зұлымдықтың мәңгілік күресін бейнелейді.

Қазақ тілінде ауыспалы, шартты, символикалық мағыналары аса көп түстің бірі - қара. Қара түстің анықтамасын түсіндірме сөздікте «аққа қарама-қарсы түс деп береді. [3]

Халық ұғымында қара түстің қолданыс шеңбері кең. Мысалы: қара көмір, қара шаш, қара күйе, қара түтін т.б.

Ал табиғатта, адам қоғамында басқа түр-түстер сияқты қара түстің де толып жатқан ауыспалы, шартты, символикалық мағыналары бар.

«Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс» тіркесіндегі «айтқаны екі болмады, айтқаны орындалды» деген мағынада қолданылады. Яғни, ақ алғыстың, қара қарғыстың түсі болып тұр.

Қазақ тілінде қара –«қара жел, қара бұлт, қара тасқын, қара боран» сияқты тіркестердің бәрі де табиғаттың дүлей күшіне байланысты жасалған.

Қазақ салт-дәстүрінде кісісі өлген үйдің қара жамылып, киіз үйге қара тігетін салты болған, ол турасында Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-

эпопеясында жақсы баяндалады: «Бұл жұмыс өліктің артын күтудің үлкен бір серті еді. Қара дегені - ұзын найзаның басына тігілген ту. Егер Бөжей жай қара қазақ емес, төреден шыққан болса, сол төрелердің өзді-өз тұқымының туларын тігер еді. Ақ тулы, көк тулы, ала тулы деген төрелердің тұқым-тұқымы, жік-жігі осындайда көрінетін. Ал, қарадан кісі өлсе тудың түсі өліктің жасына қарай болады. Ол жөндерге келгенде, Байдалы ескіге жүйрік Сүйіндікпен ғана ақылдасты. Сүйіндік жас кісі өлсе туы қызыл болатынын, кәрі өлсе, ақ болатынын айтып келді де, «Бөжейдей орта жасты кісінің қаралы туы - бір жағы ақ, бір жағы қызыл болу керек» дегенді айтқан. Жаңағы Байдалы әкеп тіккен ту - қара дегені осы еді.» [2:153]

«Қара» қазақта үнемі жамандықтың түсі емес. Қара өлең – халық арасында айтылатын дәстүрлі өлең түрі болса, қара сөз бүгінде проза жанрын білдіретін жаға ұғымға айналды. Абай «Қазақта қара сөзге дес бермедім», - дегенде қазақтың байырғы, дәстүрлі сөз өнерінде алдына жан салмағанын айтып тұр. «Қара шаңырақ» – қазақтың отбасылық құндылықтарын білдіретін түсінік.

Қазақ арасында қазақ сөзі халықтың да синонимі болған. «Қара» қарапайым халық мағынасында қолданылады. «Хан ұлына қас болу, қара ұлына бас болу, мендей ерге жөн екен.» (Махамбет)

Ақ, қара түстердің қазіргі қазақ поэзиясындағы қолданысына келсек, Раушангүл Мұқышева қазақтың талантты ақыны Тыныштықбек Әбдікәкімұлының ақ түстің жаратылуы туралы өлеңін былай деп талдайды:

«Түн баласы түшкірініп ... жаратылды ақ сәуле!
...өткіздім де сол сәулені мөлдір сезім арқылы,
Жеті түрлі жеті ғажап сәулелердің жарқылын
Шашыраттым жанарымнан!
Айналама гүл үсті!

Физика заңдылығы бойынша Сәуле жеті түрлі сәуледен тұрады екен. Ақын жаратқан жеті сәуле: әппақ Ождан, көкшіл Зарық, қып- қызыл Көн, сары Нысап, қоңыр Қайыр, қара Үрей және жасыл Шаттық. Абстрактілі ұғымдарды түске бояуда әрқайсысына лайық түсті шеберлікпен таңдай білген.

Арым таза дегенді қазақ: „Сүттен ақ, судан тазамын”, – дейді. Ожданның қызыл немесе жасыл болмай ақ деп берілуі осыдан. Әр халықта ақ – тазалықтың түсі.

Зарық көк. Көк – қазақ үшін аспан, еркіндік. Көк бөрінің көкке қарап ұлуында еркіндікті аңсау бар. Зарық сағыныш ұғымымен өзектес десек, лирикалық кейіпкер жаратқан әлемде өмір сүру – еркіндікке құлшыну.

Қызыл – әлдененің шектен тыс асқынғанын білдіретін түс (әсіреқызыл). Көн – пенденің тән қажетіне байланысты ұғым. Оның қызыл болуы тән қажетінің тойымсыздығына меңзейді: „Ал әлемде мәңгі ашыққан қызылсырақ Тоят бар.”

Нысап, қанағат сары түсті. Қанағат дүние қызығын бой алдыруға жол бермейді. Ал дүние қызығымен әуестенбеген адам ойға жуық, мұңға жуық. Сары

түс – мұнның түсі (сары уайым). Ақын сондықтан да қанағатты сары түске бояйды.

Қайыр қоңыр. Қоңыр түс – мейірімнің, жуастықтың, ымырашылдықтың түсі (қойдан қоңыр).

Үрейдің қара болуында екі түрлі астар болуы мүмкін. Біріншіден, қара түс – жамандықтың нышаны (үнемі емес, мысалы: қара шаңырақ, қараша үй т.т.). Үрей жақсы сезім емес. Екіншіден, қорқыныш надандықтан, қараңғылықтан болуы мүмкін.

Шаттық жасыл. Сондықтан ақында „көкжасыл ызың” тіркесі кездеседі (табиғаттың шаттануы). Барлығын тұтастай алғанда адам өмірінің эмоциялық, этикалық бояулары.» [7:38]

Әр ұлттың өзіндік танымына ғана тән, мыңдаған жылдар бойына дарытқан этнопсихологиялық, дүниетанымын тану тілді терең зерттеуден бастау алады. Сонымен қатар бұл ұлттың тілінде, фразеологиялық қорында бейнеленіп, ұлттық мәдениеттің терең қатпарынан сыр шертетіндігін көре аламыз. Сонымен қатар, әр ұлттың басынан кешірген ұзақ тарихы мен ұлттық дәстүрі, салт-сана, әдет-ғұрпы ең алдымен тілінде, сөз өнерінде із қалдырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ахметжанова Ф.Р., Қайырбаева Қ.Т. Түр-түске байланысты тұрақты сөз тіркестері.- Өскемен:ШҚМУ баспасы, 2000-136 б.
2. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. Алматы, Жеті жарғы. 1997. 318
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2008,29-30б.
4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.
5. Қайдаров Ә.АхтамбердиеваЗ. Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі.
6. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б. Алматы, 1992. – 58 б.
7. Мұқышева Р. З. Қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінездің бейнелену жүйесі. Монография. Өскемен. 2016. 135 б.
8. Сәрсенбаев О. Екі томдық таңдамалы шығармалар: Повестер / О.Сәрсенбаев. - Алматы: Жазушы, 1992.

ӘОЖ 008:378(574)

ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТАҒЫЛЫМ – МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІ

Игисинова Н.Б., Ахметжанова К.Б.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

Тәлім дегеніміз – халықтар мен қалаларға теориялық ізгіліктерді дарыту деген сөз. Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктермен өнерлерді дарыту дегенді білдіреді.

Тәлім тек сөзбен іске асырылады, ал тәрбиелеу кезінде халықтар мен қалалықтарға білімге негізделген қасиеттерден туатын іс-әрекеттер жасау дағдысы сіңіріледі, олар осындай іс-әрекетке жігерлендіріледі, осы әрекетті жасау тілегі қоздырылады, сөйтіп, осы қасиеттер және бұлармен байланысты әрекеттер [адамдардың] жан-дүниесін баурап алатындай және [адамдарды] осыған жан-тәнімен құштар ететіндей болуы көзделеді. Ал бірдеңе жасау тілегі кейде сөз арқылы, кейде іс-әрекет арқылы қоздырылады /1/.

Тағылым – өткеннен үйрену үшін одан нұсқаларды таңдап, өмірге пайдалану. Халық тағылымы ұлттық тәжірибелерден пайда болған [2. 209 б.].

Ұлтты өсіретін, ұлы ететін ақаусыз мөлдір бағыт, ол – ұлт тағылымы.

Қай халықтың болмасын табиғатына тән, өзгеде қайталанбайтын мінезі, діні, ділі, тілі мен қасиеттері болуы ұлттық рухпен тікелей байланысты болады. Оны биікке көтеретін, шыңға жеткізетін – ұлттық тәлім-тағлымы деп білеміз. Сондықтан да әрбір халықтың ұлттық қасиеттері ұлттық тәлім – тағылымға байланысты дамып, қалыптасып отырады.

Қазақ халқының ұлттық танымы ғасырлар бойы қалыптасып, берік орныққан, сондықтан да ол қазақ халқының рухын небір күйзелістерден аман алып келе жатқан айрықша қасиеттердің бірі.

Халқымыздың осы қасиетін танытатын материалдық байлықтан адами құндылықты биік қоятындығымен ерекшеленеді. Әрине, өзіміздің ұлттық танымымыз бен төлтума мәдениетімізді, рухани құндылықтарымызды танып, бойға сіңіру біздің басты міндет болып саналады.

Мәдениеттің қоғамдағы рөлі адамзат пайда болуымен бірге адамзаттың тіршілік даму өрісіндегі түрлі жақтардан өз ерекшелігін айқын көрсетіп даму құндылығын көтереді.

Әр ұлттың өзіне тән ұлттық дүниетанымы, ұлттық құндылықтары болады. Қазақ халқын өзге елден ерекшелеп, ұлылығымыз бен ұлттығымызды көрсететін, болмысымызды даралайтын байлығымыз – ұлттық мәдениетіміз, ұлттық құндылықтарымыз.

Ұлттық құндылықтарға әр халықтың ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық, рухани және мәдени құндылықтары жатады. Осы құндылықтарды ұрпағымыздың бойына сіңіріп, ұлтжандылыққа, салт-дәстүрімізді құрметтеуге баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз.

Ұлттық әдет-ғұрып пен дәстүрлер, ұлттық болмыстың, мәдениеттің мәнді сипаттары мен ерекшеліктерін көрсетеді.

Егер елдің келешегі үшін қам жеп, жаһандану үдерісінде бет-бейнемізді жоғалтпай сақтап, жастарымыз жат, шетелдік ұғымда болмасын, рухани құндылықтардан ажырап қалмасын, адамгершіліктен мақұрым тұрмасын десек, онда жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарымызды сабақтастықпен жеткізу біздің борышымыз деп білеміз.

Қазақ халқының қоғамдық санасындағы өзгерістер ұмыт болған ұлттық дәстүр мен мәдениетті қайта жаңғыртумен сипатталады. Ұлттың өткен тарихы мен дәстүрлі рухани-дүниетанымдық көзқарастарын қайта қалпына келтіру

қазіргі заманға сай өркениеттік құндылықтар мен жаңашылдықтарды қабылдау арқылы жүзеге асады.

Мәдениет дамуы барысында дәстүр мен жаңашылдық арақатынасын аша отырып, өзіндік сара жолды анықтау барысында Қазақстандық зерттеушілер ұлттық тарих пен мәдениеттің өте ертеден келе жатқанына үңілуде.

Қазақтың ұлттық мәдениеті мен дәстүрі, рухани болмыстары мен әдебиеті, әдет-ғұрыптары мен өнері, тарихи қырлары мен мәдениеттанымдық тұрғыда айналыса білген тарихшылардың, тіл мамандарының, заңгер, өнертанушылардың еңбектері ғылыми зерттеуге арқау болып жүр.

Қоғам үздіксіз дамып, жаңарып, жаңалық ашылып, өмір жалғасып жатады. Мәдениет - кез - келген саналы әрекеттің рухани өлшемі. Мәдениетте ғалам жаратылып, адам туылып, дүние есігін ашқаннан бастап, әр ел мәдениетінің, әр ел қоғамында болған рөлі өз заманымен өзгеше болады.

Ұлттық мәдениет өз кезегінде белгілі бір қоғамның әртүрлі таптары, әлеуметтік топтары мен жіктері мәдениетінің синтезін алға тартады. Құндылықсыз мәдени өмірдің болуы мүмкін емес. Өйткені олар қоғамға қажетті реттілік пен алдын-ала айтып болжау қасиетін береді. Мәдениетте қордаланған құндылықтар жүйесі арқылы адам өз іс-әрекетін реттеуі жүзеге асырылады.

Ең алдымен мәдени туындының мазмұны ұлттық болып табылады. Себебі, мәдени қайраткерлер өз шығармашылығында нақтылы ұлттық көкейкесті мәселелерді көтереді, қандай абстрактылы шығарма болғанымен, оның этностық фольклордан, халықтық педагогика, этика дүниетанымынан нәр алады. Ұлттық мәдениет бұл әсерлі аңыздар, әңгімелер, мифтер мен батырлар ерліктерінің ғана жиынтығы емес, ол халықтың белгілі бір табиғи және мәдени ортада өзін жетілдіру мақсатындағы тынбайтын шығармашылығынан туындайды.

Дәстүрлі мәдениет халықтың тарихи дамуының жетістіктер жемісі. Дәстүрлі мәдениеттің мәні бұрынғы құндылықтарды сақтап қалу ғана емес, оның дәстүрлі қалып ретінде сақтай тұрып, атқаратын қызметінде, адамның өміріндегі рөлінде. Қазақ дәстүрлі мәдениетінің мәні оның дүниетанымындағы орны мен атқаратын қызметін, сондай-ақ адамның рухани өміріндегі алатын орынын айтуға болады.

Қазақ халқының мәдениетінің өзіне ғана тән, өзіне ғана үйлесімді, келісімді мәдени белгілері, әдет-ғұрыптары, салты, дәстүрі, ой-санасы, өмірге деген жүйеленген көзқарасы болатынын айта аламыз. Оларды қазақ баласы шыр етіп ана құрсағынан жерге түскеннен бастап бойына сіңіріп, өзінің адамдық келбетінің өзегі етіп өседі. Қазақ мәдениетінің дамуы оның барлық салаларындағы өзгерістер, өнеге-үлгілері, белгілері, аңыз, әңгіме, жыр, қисса, материалдық мәдени мұралар, әдеби, музыкалық, сәулет, бейнелеу өнерлерінің туындылары, жыраулардың шығармалары, шешендік сөздер, ғұламаларымыздың ғылыми даналығы, қазақтардың баланы тәрбиелеуі, ертеден келе жатқан наным-сенімдері мен дінін бір ұлттың бет-бейнесін қалыптастырады.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың:«Рухани жаңғыру» құндылықтары біздің басты рухани бағдарымыз болып қала береді. Тарихқа құрметпен қарау, Отанға

адал болу, ғылым-білімге деген ұмтылыс – мұның барлығы біздің халқымыздың бойындағы асыл қасиеттер. Бұл қасиеттер біздің халқымыздың бірлігін және ұлтымыздың жасампаздығын нығайтады, бәсекеге қабілетті ел болуға жол ашады. Қазақстанды болашаққа бастайтын – жастар. Сондықтан бұл бағдарламаны жас ұрпақты тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет, – деген қызметіне ресми кірісу рәсімінде айтылған тұғырнамасының сегізінші бағытын алға қоя отырып жасалған баяндаманың берері өте мол.

Қазіргі жаһандану дәуірінің басты талабы – өркениетті қоғамға ілесе алатын ұрпақ тәрбиелеу. Әлем елдерімен терезесін теңестіруді мақсат етіп отырған елдің білімді жастары тәуелсіздікті нығайтады, ұлттық тәрбиемен сусындаған ұрпақ болашақты гүлдендіреді дегенге сенімдіміз. Ал оған қолжеткізудің алғы шарттарының бірі – ұлттық тәрбиеге деген көзқарасты нығайту. Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, ұлттық рухымыз, танымымыз бойымызда мәңгі қалуы керек.

Қазақ өркениетінің ерекше құндылықтарының бірі – ойшылдардың шығармашылығы болып табылады. Қазақ философиясының ерекшелігі араб-мұсылман философиясы шеңберінде дамығандықтан рационалистік сипатта болып, адам өміріндегі ақыл-ойдың, парасаттылық пен білімділіктің рөлін өте жоғары бағалады.

Сондықтан ғылыми педагогиканың бастауы деп санайтын орта ғасырлық ұлы ойшылдар Әл-Фараби, А. Иассауи, М. Қашқари, Ж. Баласағұни, М. Х. Дулатидың тарихи - педагогикалық мұраларындағы педагогикалық ой-пікірлері ұлттық тәлім-тәрбиенің мазмұнын кеңейтіп, жас ұрпақтарды ел жандылыққа, имандылыққа, патриоттық рухта тәрбиелеудің негізі болып табылады. Бұл тәлім-тәрбиелік идеялар ХІХ ғасырда Ыбырай, Шоқан, Абай сынды ағартушылардың ойлары мен қазақ халқының тәлім - тағылымдық құндылықтарын жаңа деңгейге көтерді.

Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бірі. Қазақ өркениетінің көрінісі дала көшпелілерінің өкілдері. Олардың әрқайсысы материалдық құндылықтар емес, рухани құндылықтарға ерекше мән бере отырып, ақыл мен санаға, адам тұлғасы мен болмысын терең тұжырымдайды.

Ұлттық код дегеніміз, бұл – ұлттық таным. Ұлттық таным, халық танымы – әрбір ұлттың, халықтың ұлттық тарих сахнасында ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен тілі, діні мен ділі, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері. Ұлттық танымды әрбір халықтың болмысының барлық саласымен тамырлас, астас жатқан қасиетті ұғым ретінде қарауымыз керек.

Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» дей келе, «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай» деп түйіндеген болатын.

Рухани дегеніміз біздің алға ұмтылуымыз, өмір сүруге деген талпынысымыздың жоғары көрсеткіші, адамгершілік деңгейіміз.

Жаңғыру ескіні қойып, бұрын болмаған жаңа бір ойды қолданысқа енгізу. Жаңғыру - дегеніміз жаңаруға ұмыт болып бара жатқан, тарих қойнауына сіңген ұлттық дәстүр мен өмір салты, санадан қалыс қалған игіліктерді қайтадан қалпына келтіру.

Ұлтымыздың тұнып тұрған асыл мұра, рухани байлығын оқыту үдерісіне енгізу арқылы қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын, өмірлік тәжірибесін халық игілігі үшін қолдана алатын жан-жақты дамыған, білімді, өзіндік көзқарасы бар жеке тұлғаны қалыптастырамыз.

«Уа, көсіле шабар жерім бар, Ту көтерген ерің бар. Қол боларлық елің бар, Атадан қалған сара жолың бар. Құлдық ұрсаң дұшпанға, Арылмайтын сорың бар... Құлдық ұрсаң дұшпанға, Еркек болып туды деп, Мына сені кім айтар», деп Төле би еріне сенім артса, Қазыбек би өзінің «Жеті жарғысында» ұрлық пен қорлыққа қарсы шығып, адал еңбекпен күн көруге шақырып, «Арам жемейік, адал өлейік» - деген екен.

Жігіттің жақсысы «Дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаны сөзіне тоқтата білген» деп, «Екі адам керіссе, оның арты қызыл шоқ. Біз үш жүз керіспей, келісейік, Ал керісе қойсақ, үшеуімізге де бірдей, Хандық түгіл, ондық та жоқ», деп тұйғындай тіліп түсетін Әйтеке би тағылымы таңдайымызға балдай жұғып, санамызға ұлт ұйытқысы – үш бидің үлгісі дарыса, қане!».

Мәдени құндылықтарға эстетикалық идеалдар, өзін ұстаудың нормалары мен үлгілері, тілдер, жергілікті тіл ерекшеліктері мен сөйленістер, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тарихи жер аттары, ауыз әдебиеті, көркемдік кәсіп пен қолөнер, мәдениет пен өнер шығармалары, тарихи-мәдени маңызы зор мәдениет қызметінің ғылыми зерттеу тәсілдері мен нәтижелері, аумақтың тарихи-мәдени қатынасында ғажайып болып табылатын ғимараттар, құрылыстар кіреді.

Кез келген жұмыста, ұжымдық ортада тәртіп пен тәлім-тағылым қатар жүрмесе, оның нәтижесін көре алмаймыз. Сондықтан да білікті де білімді басшы өз тарапынан қызметкерлерінің ұлттық рухын көтеріп, ынталандырып отырса, онда күтілетін нәтижеден де артық қорытынды шығуы ғажап емес. Білім, тәрбие беруде педагогтардың кәсіби деңгейін дер кезінде дамытып, уақытылы бақылау басшының асқан шеберлігі деп санаймыз.

Осыдан он ғасыр бұрын ғұмыр кешкен қасиетті бабамыз, аруақты ақынымыз Жүсіп Баласағұн: «Рухани жағынан жаңару мен тазарудың екі жолы бар: «бірі - діни тәрбие де, екіншісі - ұлттық тәрбие» - деп жазған, шәкірттерімізді ұлттық тәрбие тағылымдарымен сусындатып, ХХІ ғасырдың білімдар да, салауатты, елгезек жандарын тәрбиелеуге бар күш-жігерімізді жұмсауымыз қажет.

Тәрбие табалдырықтан басталады демекші, біздің бабаларымыз кезінде баласын немесе немерелерін қазыналы қарттар отырған жерлерге апарып, жүріс-тұрысты үйренуге, аңыз-әңгімелерді естіруге, одан тәлім алуға баулып келген. Үлкенді қадір тұтып, ерекше сыйлап өткен қазақ ауылының өмірінде қарттарға деген ықылас, ілтипат, сый-құрмет ерекше болған. Көпті көрген қариялар отбасында тәлім-тағылымдық қызмет атқарған, үлкенді сыйлап, құрметтеу,

солардан жақсылықты, ізеттілікті, адамшылық қасиеттерін үйренуге баулып отырған.

Бауыржан Момышұлының айтқанындай: «Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқамын. Екінші, немерелеріне ертегі айтып беретін әжелердің азаюынан қорқамын. Үшінші, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсе, кімді де болса шауып құралы емес, ол бүкіл қоғамдық ортаны өз соңынан ерте алатын ұлттың азаматын тәрбиелеу.

Бұл қазіргі заманның қанға сіңіп келе жатқан дерті деуге болады. Қай халықтың болмасын табиғатына тән, өзгеде қайталанбайтын қасиеттері, мінезі, діні, ділі, тілі болуы ұлттық рухпен тікелей байланысты. Оны асқақтатып, биікке көтеретін – ұлттық тәлім-тәрбиеміз.

Тәрбие, тәлім-тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс.

Ұлттық тәлім-тәрбие – мәдени мұрамыз. Қазақ халқының тәлім - тағылымы, даналығы, данышпандылығы – тамыры тереңге баратын асыл қазынамыздың бірі болып табылады.

Демек, тәрбиені әлсіретпей, тілімізді шұбарламай, сөзімізді сүйектен өтіп, жүрекке жететіндей, мәнді де мағыналы, мазмұнды сөз арқылы тағылым-тәлім беру - бұл біздің міндетіміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика. Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б.
2. Құсаинов А.Қ. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. - Алматы: «Мектеп» баспасы « ЖАҚ, 2002. – 209 бет.
3. Бахтиярова Г.Р. Халық-тағылымы тәрбие қайнары. - Алматы: Ғылым, 2012.
4. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. - Алматы, 2012- 352б.

ӘОЖ 008:378 (574)

АТА-БАБАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК ОЙ-ТОЛҒАУЛАР

¹Игисинава С.Т., ²Игисинава Н.Б.

¹Герасимовка орта мектебі, Т. Тохтаров ауылдық округі, Ұлан ауданы

²С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, философия ғылымдарының кандидаты, Өскемен қ., Қазақстан

Адамгершілік - жастардың бойында мінез-құлықтың белгілі бір сипаттарын қалыптастыру және оларға өздерінің бірі-біріне, басқа адамдарға, мемлекетке, Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормалары мен ережелерін дамыту жөніндегі мақсат көздеген қызметтің бірі болып табылады.

Адамгершілік сананы қалыптастыру жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқымен іс әрекетін анықтайды. Адам неғұрлым саналы болған сайын оның қоғамға, мемлекеттік іске қосатын үлесі де соғұрлым молырақ. Адамгершіліктің бастапқы сезімдері мен түсініктері қалыптасып, адамгершілік мінез-құлықтың қарапайым дағдылары пайда болады. Адамгершілік қасиеттердің дамуын анықтайтын тағылымның өзегі адамның қарым-қатынасы мен өзара қатынастарын қалыптастыру болып табылады. Адамның жеке басының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін оның дербес әрекеттері ерекше маңызды.

Адамгершілік тәжірибесін жинақтай отырып, адамның қателесуі де дұрыс істемеуіде мүмкін. Сондықтан да оның қателігі мен қылығының адамгершілікке жатпайтынына күйзеліп, оны мойындауына көмектесуі тиіс, әрине мінез-құлқын түзетуге ғана емес, қандай да бір әрекетті тудуруға бағытталған себептерге ықпал жасауға да көмектесуі керек. Адамның басқалармен өзінің қылықтарын түсіне білуі адамгершілік пен ісіне өзі баға беруін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Адамның жеке басын қалыптастырудағы міндеттерінің бірі оны адамгершілік туралы ұғымдар, түсініктермен байыптау болып табылады. Оны олар әртүрлі дәрежеде игереді бұл адамның жалпы дамуына оның өмірлік тәжірибесіне байланысты болып келеді. Көркем сөз адамның санасымен бірге оның сезіміне және қылығына ықпал жасайды. Сөз оны қанағаттандыруы мүмкін, жақсы болу ынтасын тудырады, жақсы іс істеуге, адамдардың өзара қатынастарын сезуге, мінез-құлық нормаларымен танысуға көмектеседі.

Жастарға ең алдымен ізгілік, қайырымдылық, сезімталдық, әділеттік туралы ұғымдарды ұғындыру, оларды айыра білуді үйренулері керек. Қайырымды адам қашан да сезімтал, әділетті болады, ал әділетті адам сергек, сезімтал келеді. Адамгершілік салалардың өмірідегі көрінісін көре білуде, қайырымдылық пен зұлымдылықты, сезімталдық пен селқостықты, әділеттілік пен әділетсіздікті, жолдасына шын мәнінде немесе жалған көмек беруді айыра білуді үйренудің маңызы өте зор. Адамгершіліктің негізгі категориялары - қайырымдылық пен зұлымдық, жақсы мен жаман туралы түсініктері бар.

Адамгершілік ұғымы ізгілік, гуманизмнің синонимі ретінде адамның игі мақсатқа айналғанда пайда болатын қарым-қатынастар жүйесі мен қоғамдық ахуал ретінде неғұрлым кең мағынада қолданылады. Адамдарды сүю, оған жақсылық жасау, жанашыр болу - адамгершіліктің белгісі. Жеке тұлғаның рухани байлығы, оның қарым-қатынастың байлығымен анықталады.

Әр елде халыққа адамгершілік ісі өндіргіш күштердің даму деңгейіне өндірістік қатынастардың қалыптасуына байланысты. Сонымен бірге адамгершілік ісінің дамуы, қоғам дамуының әлеуметтік-экономикалық міндеттеріне әсер етеді, әр ұлттың ерекшеліктерімен сипатталады.

Кісінің адамгершілігі қоғам арқылы келіп, сол арқылы сақталатын асыл қасиет. Әрбір адам асыл қасиет, әрбір адам қоғамдық мәні бар бірнеше қасиеттің иесі, соны бойына сақтаушы. Бұның барлығы адамның жеке адамгершілік қасиетін сипаттайды. Сыпайылық, мәдениеттілік адамның өзін қоршаған ортаға,

жолдастарына қарым-қатынасынан басталады. Парасаттылық – адамға өте қажет қасиет ол адалдықты, ақкөңілділікті, батылдықты, салауаттылықты бейнелейді.

Халқымыздың ұлттық дәстүрі бойынша, кісіні сыйлау, құрметтеу, оның кісілігін үйрену әрбір жастың парызы болып табылады. Үлкен кісінің алдынан қия өтпеу, үлкен адамға орын беру, оны төрге шығарып құрметтеу, оған сәлем беру, көңіліне қарау – адамгершілік борыш ретінде қалыптасқан дәстүрлер.

Жалпы кісілік құндылық болып табылатын: салауаттылық, инабаттылық, ізеттілік, ар-ұятты болу, қайырымдылық, перзенттік парыз, ата-анаға, Отанға қызмет ету, ұлтын, халқын Отанын сүю, қорғау, әдептілік, имандылық, ар-намыстылық, өнерпаздық, ата-текті қастерлеу, бүкіл адамзаттық адамгершілік қасиеттерді ардақтау, тәлім-тәрбиеде кісілік өлшемдердің көрсеткіші деп санасақ, адам бойына қуат берер ізгі қасиеттерге баулуды жыраулық поэзиядан аламыз.

Жырау – қазақ дәстүрлі поэзиясының басты өкілі, топ алдында сөз сөйлеуші, қобыз, добрамен сүйемелдеп жыр шығарушы ерен тұлға, хан мен билердің ақылгөйі, хан ордасындағы халық жаршысы. Жыраулық поэзиясының бейнелік құрылысына келсек, жыраулар бір маңызды ойға негізделген құбылыстарды тізіп, ойын жұмбақтау арқылы ең соңғы жолдарда ғана тақырыбының шешімін ашып береді. Жыраулық поэзия көшпенділер тірлігінің жағдайында сахнасыз театр, риторика, софистика, дәстүрлі өмір философиясы қызметін атқарған [1 .116 б].

Жыраулар – ерте кездегі ел тәрбиешілері, ақылгөй ақын әрі елдің қамқоршы ақсақалдары. Жыраулардың ең сүйікті жанры – толғау. Толғау – ауыз әдебиетінің жанры. Жанр ретінде 13-14 ғасырларда қалыптасқан, қазақ поэзиясында 15-19 ғасырларда дамыған. Толғау тарихи жыраулар поэзиясымен тікелей байланысқан Қазтуған, Доспамбет, Досмұхамбет, Шал, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар, Дулат, Махамбет, Базар ақын-жыраулар қазақ халқының тұрмыс – тіршілігі мен өр тұлғасын танытатын толғаулар туындатқан. Толғауларда терең азаматтық әуен, ірі қоғамдық, әлеуметтік, саяси-философиялық тақырыптар дидактикалық үлгіде қамтыған. Толғаулар ауызша дамып, біздің заманымызға ауызша жетті.

Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқышта» Жалаң лебізбен айтылған сөзді ғана сөйлеу дейміз де, көрнекі лебізбен айтылған сөзді толғау дейміз. Толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқары ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін, мұң-мүддесін, зарын, күйініш-сүйінішін айтып, шер тарқату үшін толғайды; екінші ішкергі ғаламда болған халдерді, нәрселерді тысқары шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халын түсіндіру мақсатпен толғайды [2].

Жыраулардың толғаулары ой толғау және сыр толғау деп бөлінеді. Жыраулардың ой толғаулары өсиет, нақыл, афоризм түрінде келеді. Онда жыраулар замана жайындағы ой тебіреністерін, адамгершілік, әдеп қақындағы ойларын баяндау арқылы тыңдаушыларын адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелейді. Жыраулар ұрпақты ерлікке, бірлікке, адамгершілікке тәрбиелейтін батырлар жырларын шығарды.

Жиёмбет, Доспамбет, Қазтуған шалкиіз сияқты жыраулар тек ақын ғана емес, әрі ру, ұлыс басшылары, шын мәнінде ел тәрбиелеген жыраулар болды. Олардың жырларының тәлім-тағылымдық мәнін халық зор бағалап, ұрпақ тәрбиелеу ісіне пайдаланып отырған.

Жыраулар мен жыршылар халық елдің еркін сөйлейтін «еркесі», ой бастайтын «серкесі» деп, ардақтап, айтқан жырларын ауыздан-ауызға жеткізіп, жаттап алған. «Дуалы ауызды», «Ұлағатты сөзді» жырауларды халық өзіне ұстаз тұтқан.

Жыраулардың жыр түйіндері мақал-мәтелге айналып, ой түйіндері оқу-білім негізіне нұсқа болады. Сондықтан да жырауларды, халық ақындарын, ақында мен жыршыларды халық тәлімгерлері деуіміз керек. Олардың аузынан шыққан асыл сөздерді жыршыл, өнерпаз халық жадында сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізді.

XV-XVI ғасырларда өмір сүрген ойшылдардың бірі - Шалкиіз Тленшіұлы – жыраулар поэзиясының дамуына үлкен үлесін қосқан.

Қазақы дүниетанымында жақсылық пен жамандық ұғымдары ақын-жыраулар шығармашылығында жан-жақты әрі көркем суреттелген.

Шалкиіздің түсінігінде жаман – жолдасыңның «басы жауда қалғанда» жан қиюға шыдамай бас сауғалап кетер адам. Ал жақсы – жолдасын жауға қалдырмас, «тұсында тұлпары тарп ұрып тұратын атаулы ер». Шалкиіздің жақсылық пен ізгілік түсініктерін мәтіндік талдау мәселесінің жаңа қырларын аша түседі және ғылыми объективтің кепілі болып табылады [3. 253 б.]. Шалкиіздің шығармашылығына философиялық тұрғыдан көз жүгіртсек, оның шығармаларының қазақ халқының ерлік, батырлық, адамгершілік рухының дамуына үлкен үлес қосқанын аңғарамыз.

Жоғары қарап оқ атпа, Жуық түсер қасыңа, Жаманға сырыңды қосып сөз айтпа, Күндердің күні болғанда Сол жаман айғақ болар басыңа.

Шалкиіз шығармашылығынан адамгершіліктің рухы ерекше көрініс табады. Бұл жырлар терең тәлім-тағылымдарға толы дүниелер.

«Жақсының жақсылығы сол болар

Жаманмен бас қосып,

Сөйлемекке ар етер;

Жаманның жамандығы сол болар,

Сөйлесе дәйім бетін қара етер;

Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң,

Сол жақсы жаманлығың жақсылыққа жыр етер,

Бір жақсыға басың қосып сөз айтсаң,

Сол жаман сырың сақламай,

Әрдайым дұшпаныңа әр ісінді қор етер» .

Шалкиіз өзінің адамгершілік тағылымға толы жырларында жақсылықты үнемі жоғары бағалап, жамандықты сынға алып отырады. Адамды жамандыққа ұрындыратын көбінесе оның пиғылы.

Сондықтан адам өз-өзіне үнемі: «Қайтпек керек?» - деп жүруі керек.

«Жапалақ ұшпас жасыл тау,

Жақсылардың өзі өлсе де, сөзі сау.
Ойлап тұрсам, жаманның
Жалаңдаған өз басына тілі жау.
Дүбір-дүбір шу көрген
Түлкішек түлкің жетер басыңа-ай,
Түлкідей құйрық тастаған
Жаман фиғылың жетер басыңа-ай».

Дүниеде жамандар мен жақсылардың орны бөлек. Жамандық пен жақсылықтың адам өміріндегі өзара диалектикалық байланысын Шалкиіз былайша суреттейді.

«Айырдан туған жампоз бар
Жаманнан туған жақсы бар
Адам айтса нанғысыз,
Жақсыдан туған жаман бар
Күндердің күні болғанда
Бір аяқ асқа алғысыз».

Шалкиіз жырларының келешек ұрпақ тәрбиесінде ерекше қызмет атқарады. Олардың барлығы адамгершілікке шақырады, даналық кеңестері адамгершіліктің биік рухын көрсетеді.

«Шешен адам сөз бастар,
Құсты жисаң бүркіт жый,
Қыс тоныңды түлкі етер,
Бір жақсымен дос болсаң,
Азбас, тозбас мүлкі етер,
Бір жаманмен дос болсаң,
Күндердің күні болғанда,
Жімле ғаламға күлкі етер».

Шалкиіз өз жырларында парыз ұғымын үнемі алға қойып отырады.

Халықтың қамын ойлаған Шалкиіз: «Жылағанды уатсаң, қисайғанды түзетсең, Тәңірінің үйі бәйтолла, сұлтан ием, қарсы алдында жасапты!» - деген өлең жолдары арқылы билеушінің халық алдындағы парызы Тәңірі алдындағы парыздан жоғары тұратындығын терең ойшылдылыпен тұжырымдай білген. Оның ойынша, халықтың көңілінен шығу Тәңірінің көңілінен шығумен бірдей. Олай болса, халықтың алдында өзіңе тәңірі қарап тұрғандай сезінуің – парыз.

Адамның адамдығы оның шыққан тегіне байланысты. Дүниеде бірлік, татулық адамдардың бір-бірін түсінуі бақытты өмірге жол бастамақ. Оның арманы осы еді [4. 109-111 б.].

Сарұлы Ақтамберді жырау елдің елдігін, адамгершілікті жоғары бағалап үнемі оны өз жырларында алға тартып отырады. Адамгершілікке адам өзі-өзі тану арқылы жетпек. Алдымен ата-ананы сыйлау, халқына қайырымды болу, өз мінін біліп түзей тәрізді адамға тән қасиеттерді Ақтамберді өте жоғары бағалайды. Оның философиялық ой-толғамдары және адамгершілік рух оның терең тағылымға толы толғауларында ерекше көрініс табады.

Ағайының көп болса,

Ұлы шерік қолмен тең,
Білімді туған жақсылар
Аз да болса көппен тең,
Жақсысы кеткен ауылдың
Артынан жақсы шықпаса
Өртеніп кеткен жермен тең,
Қайырлы болса баяжан
Дария шалқар көлмен тең,
Қайырсыз болса жаман бай
Ел қонбаған шөлмен тең.
Мінезді болса жолдасың,
Күнде сонар қызбен тең,
Жаман болса жолдасың,
Астыңнан өткен сызбен тең.
Алтын түссе наданға,
Бағасын білмес жезбен тең - деп өз ойын білдіреді.

Елге танымал жыраулардың бірі - Үмбетей жырау. Оның жырлары арнау өлеңдері болып келеді. Жыраудың негізгі шешендік қабілетін осы жырларындағы толғамдарынан аңғарамыз. Үмбетейдің жырлардағы арнауларынан терең тағылымдық философиялық ойды аңғаруға болады.

XVIII ғасырдың соңғы ширегінде дүниеге келген ойшылдардың бірі - Бұқар жырау Қалқаманұлы. Бұқар жыраудың шығармашылығынан туған жырлардың мазмұнына қарай насихат жырлар, толғаулар және арнаулар деп бөлуге болады. Бұқар жыраудың насихат жырлары адамгершілік тәрбиелік мәні зор идеяларға толы. Ол ұрпаққа өлмес үлгі өнеге ретінде, жыраудың ұзақ жылдар бойғы тәжірибесінен туындаған адамгершілік тағылымдар.

Халқымыздың ұлттық дәстүрі бойынша, кісіні сыйлау, құрметтеу, оның кісілігін үйрену әрбір жастың парызы деп есептейміз. Үлкен кісінің алдынан кесіп өтпеу, үлкен адамға орын беру, оны төрге шығарып сыйлау, оған сәлем беру, көңіліне қарау - адамгершілік борыш ретінде қалыптасқан дәстүрлердің бірі болып табылады.

Егеменді еліміздің болашақ ұрпақ тәрбиелеуде, олардың бойына ізеттілік, қайырымдылық, кішіпейілділік, әдептілік, ерік-жігерін, Отанын сүюшілік деген асыл қасиеттерді сіңіруде осы ата-бабаларымыздың салт-дәстүр негізінде алатын болсақ нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Мәдени-философиялық энциклопедия/Құрастырған Т. Ғабитов, А. Құлсариева, Ә. Әлімжанова. – Алматы: Раритет, 2007. – 336 бет.
2. А. Ахмет Байтұрсынұлы А., әдебиет танытқыш// кітап: шығ. Жин. 5 томдық, 1 т., А., 2003.
3. Ғабитов Т. Қазақ философиясы: Оқу құралы. – Алматы: Раритет, 2010, 280 бет.

4. Қазақ рухының философиясы: оқу құралы. Рахымжанов Б.Қ., Сағатов Ә.С., Мұқыш Қ.С., Әбжанов Т.Ы. – Қарағанды: ЖК «АҚНҰР баспасы» - 2013. – 228 бет.

5. Бахтиярова Г.Р. Халық-тағылымы тәрбие қайнары. - Алматы: Ғылым, 2012.

6. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. - Алматы, 2012- 352б.

УДК 811.124

ТЕМА МАНКУРТИЗМА В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

¹Кадирбаева С.Б., ²Жуконова Г.А.

¹КГУ «СОШ №32», ²КГУ «СОШ №29 «Пальмира»,

г. Семей, область Абай, Казахстан

zhukenova78@mail.ru

В IV-V веках нашей эры Восточная Азия была охвачена процессом переселения. В этот период в Туркестане, в Западной Маньчжурии и Монголии возник союз кочевых племен, в который входили беглые рабы, обнищавшие крестьяне, дезертиры. Объединенные общей незавидной участью, люди были вынуждены владеть жалкое нищенское существование, поэтому сбивались в банды, промышляющие грабежом. Постепенно сборище бандитов превратилось в народ, вошедший в историю под именем жуаньжуаней. Это племя отличалось примитивными законами, отсутствием письменности и культуры, постоянной боевой готовностью и лютой беспощадностью. Жуаньжуани контролировали земли на север от Китая и стали настоящим проклятием для кочевой Азии и соседних государств. Манкурт - это человек, поработанный этим страшным народом.

"Манкурт, согласно роману Чингиза Айтматова "Буранный полустанок" ("И дольше века длится день") - взятый в плен человек, превращенный в бездушное рабское создание, полностью подчиненное хозяину и не помнящее ничего из предыдущей жизни. В переносном смысле слово "манкурт" употребляется для обозначения человека, потерявшего связь со своими историческими, национальными корнями, забывшего о своем родстве или, наоборот, человека помнящего о таком родстве, но ненавидящего свой собственный народ. В этом значении слово "манкурт" стало нарицательным и уже используется в публицистике. В русском языке появились неологизмы "манкуртизм", "манкуртизация", "деманкуртизация".

Из романа Чингиза Айтматова "Буранный полустанок «...теплые влажные куски шкуры легли на бритые головы. Юноши не могли взять в толк, зачем это делают... Перебирая пальцами, мужчины разгладили края шкурок, как обручем схватили их сырмятными ремнями. Головы юношей будто налились свинцом, в висках тупо заныло. Пленников посадили на плоскогорбых верблюдов.

Всадники сели на своих лошадей. Кавалькада, окутавшись пылью, растянулась по равнине. Пот заливал глаза пленных. Но вытереть его они не могли - были связаны руки. Головы раскалывались от туманившей разум боли. Солнце, достигнув зенита, плавило воздух. Томимые жестоким любопытством, всадники сбились вокруг пленных. Те уже ничего не видели. Пот разъедал ссадины. Не оставалось на теле места, которое не кричало бы от боли. Солнце сушило влажные шкурки. Сокращаясь, они стягивали череп. Казалось, он вот-вот треснет... Пленные дергались, скрежетали зубами, гримасы боли искажали молодые, залитые слезами лица. Целую неделю выли в степи и корчились от боли юноши. Потом боль утасла. Волосы не могли пробить толстую, задубевшую кожу и росли внутрь. Все глубже и глубже. По мере их роста пленные забывали, кто они, откуда родом, лишались дара речи. Они превратились в юродивых, уравнившись умом с животными».

Таким образом, манкуртизм, появившись однажды в 70-х годах прошлого столетия на свет в произведениях Абиша Кекильбаева, Чингиза Айтматова стал постепенно глобальной культурологической концепцией – символом потери народами своих исторических корней, разрывов, белых пятен в национальной истории и в самосознании нации и разрушительного зомбирования человеческой личности.

Темы болезненного отрыва от исторических корней, вековых традиций, морального осквернения сакральных ритуалов – как потенциальная угроза потери уникальности народа, как последняя граница перед переходом к духовному саморазрушению, к утере национальной идентичности – волновали писателя всю его сознательную жизнь.

"Всегда важно исследовать, как эпоха отражается в творческой лаборатории писателей, мыслителей – пытливых современников тех или иных исторических событий, явлений", – говорил наш учитель, устаз, академик Зейнулла Кабдулов.

Ведущие писатели, кинематографисты, художники Казахстана заговорили о реальных ценностях, об уникальности жизни каждого человека, о долге личности перед самим собой, народом, историей, о мечтах и надеждах, чаяниях обыкновенных, простых людей, о предназначении человеческого существования, о существующих психологических проблемах – диссонансе в его душе, о потере исторической памяти, о национальных корнях, духовном наследии предков, забытых традициях, о чести и верности идеалам нации, о вере и согласии в душе человека, о нарушенных связях поколений.

В одном из интервью с известным казахстанским писателем Герольдом Бельгером на вопрос желает ли он вернуться на свою историческую родину он сказал, что прожив с казахами более полувека, я от и до проникся казахским духом. Когда я был депутатом Верховного совета, часто выезжал в области, особенно в Павлодар, Семипалатинск – на родину Абая, Ауэзова. Как-то при очередной поездке в честь меня накрыли дастархан, и в конце один старец говорит, Гереке, дай бата.

То есть благожелание. Я, смутившись, ответил, что не в такой степени стал казахом, чтобы произносить бата. Тогда один казах сказал: «Ай, Гереке, кроме тебя у нас разве остались казахи?». У меня есть книга «Эль», в которой описана моя любовь к родной земле, к родной стороне – Казахстану.

Размышляя о будущем задумываешься над тем, что к великому сожалению, в наше время есть люди, которые не ценят того, что у нас есть и то, что досталось нам от наших предков. Задаешься вопросом не изменятся ли мировоззрение и поведенческие принципы последующих поколений.

Благо у нас уже были и есть такие масштабные программы, как "Культурное наследие", "Рухани жанғыру – Духовное возрождение", 550-летие Казахского ханства, 750-летие Золотой Орды и др., которые вместе с новыми перспективными идеями могли бы стать внутренними стержнями целостной программы. Как было сказано выше, если в повести "Кюйши" ("Кюй") Кекильбаев впервые пишет о пленниках-манкуртах, о разрушительных последствиях манкуртизма, то в повести "Колодец" он заговорил о природе и глубинных пластах национального характера, о быте, обычаях, о текущей жизнедеятельности предков в степи, о родовых ремеслах, об отношениях поколения к наследию отцов, об истоках нравственного отщепенства, причинах социокультурной деградации и морального раздвоения.

В 1975 году Олжас Сулейменов издает свою книгу "Аз и Я. Книга благонамеренного читателя", получившую колоссальный резонанс в официальной, научно-интеллектуальной среде СССР, приведший позже к запрету издания. Тем не менее "Аз и Я" Олжаса Сулейменова сыграла огромное влияние на формирование парадигм национальной идентичности в казахстанском обществе. Следует признать, что гуманитарное развитие общества, жизнестойкие культурные, социальные традиции и поведенческие принципы, обеспечивающие гармоничное общежитие внутри одной системы, эти культурологические вопросы становятся особо актуальными в современных контекстах. Именно прагматичные концепты, адекватно отвечающие вызовам времени, должны становиться во главу угла при выработке программ идентичности сегодня. В свете данных обстоятельств, как нам кажется, на повестку дня все настойчивее выдвигается вопрос разработки целостной концепции национально-государственной идентичности, которая объединила бы научно-историографические, социологические, культурологические изыскания и обобщения последние 30 лет независимости в единую системную программу.

Повседневная жизнь имеет такую силу, что она может владеть нами, и мы не можем смотреть дальше. Мы - заключенные повседневности. А писатели открывают нами двери и показывают нам, что от этой повседневной жизни идет дорога назад и вперед. В творчестве Айтматова неизменно присутствовали три темы - три страха. Прежде всего страх ядерной войны, страх перед экологической катастрофой и страх нравственного упадка. Таким образом, по мысли Ч. Айтматова, единство с родительским домом, со своим родом, с

народом – неотъемлемая часть духовного мира человека. Только дорожа этими ценностями, можно достойно жить в этом мире.

Список литературы

1. Айтматов Ч.Т. Буранный полустанок: И дольше века длится день.- М.: Молодая гвардия, 1981г.
2. Пропп В.Я. Исторические корни волшебной сказки. - Л: Изд-во ЛГУ, 1986г.

ӘОЖ 911.3 (574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭТНОКЕҢІСТІКТЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Казбекова Г.Ж., Бейсембаева Р.С.

Ғылыми жетекші: Бейсембаева Р.С., география ғылымдарының кандидаты, ВАК

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: guka_12.08@mail.ru

Әлеуметтік дамудың қазіргі кезеңінде этникалық топтарды зерттеу мәселесі әртүрлі елдерде ұлттық негіздегі қақтығыстардың таралуына байланысты күшейе түсуде.

Ақпараттық қаныққан кеңістікте қоғамдық өмірді интернационалдандыру процесі барған сайын өсіп келеді. Бұл әлем халықтарының мәдени ерекшелігін елемеу, мәдениеттің гуманистік бағытын жоғалту, әлеуметтік-мәдени қызметтің мазмұны мен формаларын теңестіру қаупін тудырады.

Планетарлық мегасоциумның қазіргі жағдайынан туындайтын маңызды міндеттердің бірі - мемлекеттік құрылымдардың, жеке адамдар мен этностардың өмір сүруі. Бұл - мемлекеттік құрылыс, ұлтты қалыптастыру үдерісінде тұрған міндет біздің еліміз Қазақстан Республикасы үшін де өзекті болып табылады.

Этносаралық және конфессияаралық келісімнің Қазақстандық моделі біздің еліміздің мақтанышы болып табылады. Сонымен қатар бұл модель тез өзгеретін әлемде өзінің негізгі сипаттамаларын тұрақты сақтауға, жаңа сынақтарға жауап беруге арналған үнемі дамып келе жатқан икемді жүйенің бірі болуы керек. Этносаралық және конфессияаралық келісімнің отандық моделін нығайту, одан әрі дамыту шарттарының бірі Қазақстандықтардың өскелең ұрпағын толеранттылық рухында тәрбиелеуге негізделеді.

Қазақстан – әр түрлі жағдаймен келген этностардың Отаны болып табылады. Қазақстанның этностары өз елінің игілігі үшін дамып, еңбек етіп келе жатқан ортақ Қазақстан халқын құрайды. Біздің еліміз бүкіл Қазақстан

халқының дамуына, этникалық кеңістіктерді біріктіруге, әрбір этникалық топтың дамуы үшін жағдай жасауға ықпал етеді.

Қазақстанда тұратын халықтардың өз мәдениетін дамытуға, дәстүрлерін сақтауға және оларды ұрпақтан ұрпаққа беруге мүмкіндігі бар. Қазақстанда қандай да бір этнос өкілдеріне олардың мәдениеті мен тіліне, салт-дәстүріне, дініне шектеу қойылмайды. Өйткені Қазақстанда барлық ұлт пен ұлыстың өкілдеріне одан әрі дамуы үшін барлық жағдайлар жасалған.

Белгілі болғандай, адамзат қоғамының кеңістігі әртүрлі: ол шекаралары, аумақтары мен конфигурациялары сәйкес келмейтін саяси, құқықтық, экономикалық, геосаяси, мәдени, этникалық, конфессиялық және т.б. салаларды қамтиды және біріктіреді. "Кеңістік" ұғымы қазіргі ғылымдағы ең күрделі ұғымдардың бірі. Кеңістік эволюциясы көптеген түсіндірулер мен талқылауларға толы [1].

Қазақстан этностары өзінің құрылымына сәйкес тұлғаның ұлттық құндылықтарын жүзеге асыру аймағы ретінде белгілі бір этникалық кеңістіктерді қалыптастырды. Этникалық кеңістіктің элементтері: тіл, этникалық қауымдастықтар және шаруашылық түрі.

Этникалық кеңістіктердің жиынтығы біртұтас мемлекетті құрайды. Бұл этникалық кеңістіктің қандай да бір түріне өзінің ерекшелігімен ерекшеленетін белгілі бір дербестікке ие болуына кедергі келтірмейді [1].

Қоғам құрылымында этникалық кеңістік ерекше орын алады. Ол қоғамдық дамудың этникалық өзегі рөлін атқарады.

Кеңістіктік-географиялық фактор Қазақстанның көпұлтты кеңістігінің және әрбір этностың бір-біріне толеранттылықты сақтай отырып, әлеуметтік жетілуінің белгілі бір сатыда қалыптасуына себепші болды. Осыған орай әрбір этностың сақталуы мен дамуының, бәр деңгейде өмір сүруінің шарты, мемлекет тұтастығының шарты болып табылады.

Қазақстанның этникалық кеңістігі белгілі бір кеңістікте өмір сүреді, оның аумақтық өлшемі – Қазақстан Республикасының саяси кеңістігі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстанның этникалық және саяси кеңістігі бір-біріне сәйкес келеді десе де болады.

Этникалық кеңістік-бұл этникалық қатынастар мен оқиғалардың салыстырмалы түрде жабық саласы, ол даму динамикасымен ерекшеленеді және басқа этникалық топтармен өзара әрекеттесу арқылы өседі.

Этникалық кеңістік әлеуметтік кеңістіктің өзегі болып табылады және биосфера мен социосфераны шектейтін және байланыстыратын буфер қызметін атқарады.

Этникалық кеңістік – адам өмірінің әмбебап контексті ретіндегі социосфераның құрамдас бөліктерінің және сегменттерінің бірі. Оның шеңберінде этникалық мәдениет дамып, өрістейтін, белгілі бір дәстүрдің, әдет-ғұрыптардың жиынтығы және т.б. пайда болады. Сонымен бірге «этникалық кеңістік» ландшафттардың, мәдени ортаның және т.б. жағдайларға сәйкес дамиды инновациялардың туатын орны ретінде де әрекет етеді. [2].

Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде еліміздің аумағындағы бірқатар әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша 11 этникалық кеңістікті бөліп көрсетуге болады: олар Қостанай-Көкшетау, Павлодар-Петропавл, Семей-Зырян, Орал-Ақтөбе, Атырау-Ақтау, Алматы, Қызылорда, Қарағанды, Астана және қазақтар басым этникалық кеңістік Тараз – Шымкент қалалары.

Белгілі бір этностардың көптігіне немесе аздығына қарамастан, олар Қазақстанда мемлекеттің тұтас тарихи дәуірі бойы қоныстанады және тұрады. Қазақстан халқының этникалық құрамының басты ерекшеліктерінің бірі - Қазақстанның көптеген этностарының біркелкі қоныстанбауы, жинақы тұратын аймақтарының нақты белгіленгендігі.

Бір-біріне деген төзімділікті сақтай отырып, әрбір этнос әлеуметтік жетілудің белгілі бір сатысында тұрған Қазақстанның күрделі полиэтникалық кеңістігінің қалыптасуына себепші болған кеңістіктік-географиялық фактор да маңызды рөл атқарады. Осының арқасында олардың бірлесіп өмір сүруі әрбір этностың сақталуы мен дамуының шарты, мемлекеттік тұтастықтың шарты болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Жаде З. А. Этническое пространство как фактор геополитики этногенеза : [Электронный ресурс] / З. А. Жаде // www.cyberleninka.ru

2. Духонин М. М. Человек в этническом пространстве : ценностные ориентации / М. М. Духонин // Региональный вестник молодых ученых : сборник статей молодых ученых и аспирантов. - М., - 2005. - С. 79-85

ӘОЖ 37.032:316.6

ЖЕТКІНШЕК БАЛАЛАРДЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

Макашкулова Г.Б.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.
makashkulova69@mail.ru

Қазақстан Республикасының президенті Қ. Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты 2021 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің стратегиялық мақсатымыз – Орталық Азиядағы көшбасшылық рөлімізді күшейту және әлемдік экономикадағы орнымызды нығайту», - деп атап көрсеткен [1]. Бұл жүзеге асу үшін әрбір қазақстандық жас ұрпақ бәсекеге қабілетті болатын көшбасшылық машықтарды, дағдыларды, құзіреттерді игеруге бейімі бар тұлға мен игертуге қабілеті бар мамандар қажеттілігі артады.

Көшбасшылық мәселесі ежелден бері қоғам қызығушылығын тудырып келеді, олардың қатарында Платон, Макиавелли, Аристотель, Гегельдің ой-

тұжырымдамалары бар. Бастапқыда көшбасшылық саяси тұрғыдан қарастырылды. Платонның идеясына сәйкес көшбасшы мінсіз парасатты билеуші, Конфуцийдің ілімі бойынша көшбасшы мейірімділік, сабырлылық, құрмет көрсету, каталдық танытпау сынды жағымды қасиеттерге ие тұлға, Лао Цзудың пікіріне сай көшбасшы – «халық жақсы көретін», «халық қорқатын» адам. Макиавелли көшбасшы ретінде автократтың бейнесін келтірді, Гегельдің болжамына сай ұлы көшбасшылардың әрекеттеріне «субстанция» қажет, Ницше көшбасшы болуға деген ұмтылыс- адамның табиғи ұмтылысы, оған кедергі мораль екенін атаған. Көшбасшылық мәселесін ғылыми тұрғыдан алғаш зерттеушілер ретінде Л. Термен, А.Бине, С. Дэй, Ч. Кули, Е. Мумфорд, Д. Паффер танылады. Көшбасшылықты креативтілік ұғымымен байланыста қарастырған В.Смит, К.Тейлор, Д.Халперн, Е.Торренс, Х.Трик, С.Медник болса, ұғымды балалар ұжымымен ұштастыра тұжырымдаған Д. Парыгин болып табылады [2].

Көшбасшылық психологияда - мақсатқа жетуде қоғам мүшелерінің қолдауына ие болатын әлеуметтік тұрғыдан әсер ету үрдісі. Олай болса көшбасшылық дегеніміз- кез-келген ортаны немесе топты басқара алу, алға тарту қабілетінің болуы, топ мүшелерінің мүмкіндіктерін қолдану арқылы көпшілікті бір мақсатқа шоғырландыру. Көшбасшы – бұл басқа адамдарды, олардың алғашқы ниеті қандай болғанына қарамастан, өзі қалағанын жасатуға көндіре алатын адам, сондай-ақ өзгелердің қасиеттері мен қабілеттерін пайдалана отырып, мақсатын іске асыруға бағыттай алу. Көшбасшы-көпшіліктің қызығушылықтарының қалыптасуына ықпал жасайтын, бірлесе іс-әрекетпен айналысу нәтижесінде өзгешеленіп тұратын, өз ісін ұйымдастыруда бар ресурсын көрсете алатын топ мүшесі Көшбасшылықты әдетте парасат, сауаттылық деңгейі, сенімділік, әлеуметтік-экономикалық мәртебе түсініктерімен байланыстырады.

Көшбасшыны топ арасынан бірден байқауға болады, олар қандай-да бір сипатымен өзгелерден ерекшеленіп тұрады. Нағыз көшбасшы, біріншіден, қиял-елесі ерекше тұлға болуы шарт, яғни алдына қойған мақсатқа жетпес бұрын, нәтиженің қандай болатынын елестете білу керек. Екіншіден, өз талаптарының орындалу мүмкіндігіне сенімді болып, сенімділігін көпшілікке бере білуі үшін батыл болуы керек. Үшіншіден, көшбасшы шапшаң, идеясы ұшқыр, сонымен бірге магнит секілді барлығын өзіне тарта алатындай сом тұлға.

Көшбасшы мақсаттарды жеткізуге, шешімдер қабылдауға және идеяларды дамытуға қатысады және топтың тең мүшесі ретінде әрекет етеді. Мұнда либералды стиль басымдылық рөл атқарады. Көшбасшы барлық шешімдерді өзі қабылдайды. Әдетте, бұл стильде көшбасшы жоспар құрып, команда оған жетуде тактика мен жедел әрекеттер қолданады. «Көшбасшы» және «мақсат» ұғымдары бір-бірімен тығыз байланысты, дегенмен ол басқа адамдардың көмегінсіз мақсатқа жетсе, оны көшбасшы деп атауға болмайды. Көшбасшының кем дегенде бір ізбасары болуы керек, оның негізгі міндеті - топты басқара білу, белгілі бір мәселелерді шешуге ықпал ететін топтағы адамдар арасында байланыс құру. Осыған орай көшбасшыны топтағы адамдар жүйесін

ұйымдастырудың бөлшегі, адамдар тобының айнасы ретінде қарастыруға болады [3].

Көшбасшылық жөніндегі теориялардың басым көпшілігі шетел ғалымдарының есімдерімен байланысты, атап айтқанда Е. Хартли, Л. Первин, К. Бэрд, Ф. Фидлер, О. Джон, Р. Бэйлс, Ф. Слеттер. Өз зерттеулерінде анықтамалық талдау ұсынғандар Н.С. Жеребова, Р.Л. Кричевский, Б.Д. Парыгин, М.И. Рожков, А.С. Залужный, Н.С.Жеребова, А.Л.Уманский, Р.С. Немов, А.Г. Кирпичник болды. Көшбасшылықтың физикалық қасиеттер теориясына сай әдетте олар аласа бойлы және физикалық күші аз болып келеді. Көшбасшылық қасиеттердің адамның бағалау қасиеттерімен байланысын қамтитын интеллект теориясы бар, бұл теория аталған қасиеттерге ие адамның басқарушылық жетістігін көрсетеді. Ерекшеліктер теориясы адамның белгілі бір қасиеттерінің, оны басқаруға итермелейтін белгілердің болуын болжайды. Бұл теорияға сәйкес көшбасшы өзіне сенімді, өткір және икемді ақылға ие, бірқатар мәселелерде сауатты, күшті ерік-жігерге, адам психологиясының ерекшелігін түсінуге, ұйымдастырушылық қабілеттерге ие болуы керек. Бірақ, тәжірибе көрсеткендей, бұл психологиялық қасиеттердің болуы адамды сөзсіз көшбасшы етпейді. Харизматикалық теорияда адамдардың көпшілігі тума көшбасшы болып табылады, ал мұндай адамдардың көшбасшылығы мықты өзіндік жеке қасиеттерге ие болуға негізделген. Жалпы харизма адамдарға әсер ету қабілеті, оларды қайда бағыттау керектігін көрсететін қасиеттер. В. Кац пен Л. Эдингер көшбасшылықты- басқа адамдарға ықпал ету ретінде түсіндіреді, оның төрт жолы бар:

- ықпалдың тұрақты болуы қажет;
- көшбасшының ықпалы барлық топ мүшелеріне бірдей болуы керек;
- саяси көшбасшының басымдылығы;
- көшбасшының ықпалы тікелей күш қолдануға емес, беделге немесе көшбасшылықтың заңдылығын мойындауға негізделуі шарт.

К.Левин өзінің көшбасшылық теориясына сай көшбасшылықтың үш стилін анықтайды:

-авторитарлы - қатаңдығымен, талапшылдығымен, билік функциясының кең таралуымен, қатаң бақылаумен, нәтижеге бағдарланумен, әлеуметтік-психологиялық ережелерді білмеумен сипатталады;

-демократиялық - сенімге, бағыныштыны ақпараттандыруға, бастамашылдыққа, өзін-өзі ұстауға, шығармашылыққа, ар-ұятқа, жауапкершілікке, мадақтауға, жариялылыққа негізделген. Мұнда нәтижеге ғана емес, сонымен қатар оларға жету жолдарына назар аудару көзделеді;

-либералды - көшбасшысының енжарлығымен және бағынушыларға бақылауды жоғалтуымен, оларға ықпал ету еркіндігімен, төмен талап қоюшылықпен ерекшеленеді [4].

Ал М. Вебер көшбасшылықтың 3 түрін ұсынады:

1. Дәстүрлі көшбасшылық- салт-дәстүрге, сенім мен әдет-ғұрыпқа негізделген.

2. Заңды - рационалды (бюрократиялық) көшбасшылық - қоғамның ақылға қонымды тәртіптеріне негізделген, яғни белгілі бір білім деңгейіне ие, білікті адам.

3. Харизмалық көшбасшылық - өзіндік ерекшелігі бар адам.

Нақты басқару тәжірибесі бойынша көшбасшылардың бес түрін анықтауға болады:

- ұйымдастырушы, ұжым мәселелері мен қажеттіліктерін шешуде белсенді қатысушы;

- жаңа тәсілдерді өз тәжірибесінде қолдана білуші;

- өз күшіне сенімді, тәуекелшіл;

- дипломат, өз біліміне сүйене отырып кез келген жағдайды шеше алушы;

- адамдарды құрметтей білуші, кез-келген істе қолдау көрсете алушы [5].

Жоғарыда келтірілген қасиеттердің жиынтығы адам бойында бір сәтте пайда болмайтыны белгілі. Ол адамның балалық шағынан бастап көрініс берсе, әрі қарай дамыту мүмкіндігі жоғары. Ал балалық шақ пен ересектік өмір шекарасына келген, барлық тұлғалық қасиеттер айқындала бастайтын жеткіншектік жаста бұл өзекті болып табылады. Жеткіншектік жасты қиындығы мен жаңа түзілістері басым, өтпелі де өзгермелі шақ ретінде қарастыру қалыптасқан. Себебі, бұл кезең психологиялық тұрғыдан ғана емес физиологиялық тұрғыдан да қарқынды даму жасы болып табылады.

Жеткіншек жастағы көшбасшылардың белгісіздігі олардың өмірлік тәжірибесі, белгілі бір жағдайларда тыныш және батыл әрекет ету үшін басқа адамдар туралы түсініктері жоқтығымен түсіндіріледі. Жеткіншек жас кезеңінің ерекшеліктерін зерттеушілер М.Кле, Р.Байярд, А.Е.Личко, М.Реттер, Л.С. Выготский, И.С.Кон, Т.В.Драгунова, П.М.Якобсон осы жаста балаларға ерекше көңіл бөлу керек екендігін атап өткен. Өйткені жеткіншек өмірінде орын алатын өзгерістер оның бұрынғы ерекшеліктерін, мүдделері мен қатынастарын, көзқарасын түбегейлі өзгертетін сипатта болады. Бұл қысқа мерзім ішінде өтеді де, күтпеген жерден даму үрдісі секірмелі сипатта көрінеді. Сондай-ақ, аталмыш өзгерістер бір жағынан жеткіншек өмірінде субъективті қиындықтардың астарласа болуымен жүреді, ал келесі бір жағынан баланың өз бетінше шешуін талап ететін қиындықтарымен ұштасады. Жеткіншек ересектердің ықпалына көндігуден бас тартып, тіл алмау, қарсылық пен наразылық танытудың түрлі формаларын көрсетеді (қырсықтық, дөрекілік, тентектік, тұйықтық).

Көшбасшылықты балалардың бойынан көре білу үшін С. А. Леднева тұлғалық, танымдық, қарым- қатынас аймақтарын ескеруді ұсынады, себебі бұл қасиет іс-әрекет кезінде анық көрініс табады. Креативті баланы оқыту оның ақыл-ойымен байланыстылығын Е.Щербакова айтса, креативті болуға тән қасиеттерді Т. С. Сулова, Н.Д. Арутюнян ұсынды және ұлдар мен қыз балалардың ерекшеліктерін А. Ассовская белгіледі.

Жеткіншек көшбасшылар көпшілігінде өздеріне ересектер артып қоятын әлеуметтік жауапкершілікті көтере алмайды. Бұл кезеңде жеткіншектердің көшбасшылық деңгейлері жоғары болса, мұндай өтпелі кезеңдерде кездесетін қиындықтарды оңай жеңіп шығар еді [6].

Жалпы көшбасшы болу үшін туа біткен қасиеттер жиынтығының болуы жеткіліксіз, ол үшін еңбек пен әрекет ету де қажет. Көшбасшылық адамзатты алға жылжытушы құбылыс. Жеткіншектердің көшбасшылық қасиеттерін дамыту педагогикалық-психологиялық әдістермен тікелей байланыста болады. Қазіргі озық технологиялар мен білім ғасырында ең маңызды басымдықтар қатарына көшбасшылық қасиеттерді иемдену кіреді, өйткені мұны мансап пен өмірлік табыстың кілті деуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Тоқаев Қ.К. «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты 2021 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Ильин, В. А. Психология лидерства : учебник для бакалавриата и магистратуры / В. А. Ильин. — М. : Издательство Юрайт, 2015. — 311 с.
3. Спивак В. А. Лидерство : учебник для академического бакалавриата / В. А. Спивак. — М. : Издательство Юрайт, 2014. – 393 с.
4. Бендас Т.В. Психология лидерства: учебник и практикум для академического бакалавриата/ Т.В. Бендас. –2-е изд., испр. и доп. –Москва: Издательство Юрайт, 2018. – 450 с.
5. Евтихов О.В. Стратегии и приемы лидерства: теория и практика.– СПб.: Речь, 2007. – 238 с. 296
6. Волков Б.С. Психология подросткового возраста: учебник / Б.С. Волков. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: КНОРУС, 2016. – 266 с.

ӘОЖ 314.011(574)

1950-1980 ЖЫЛДАРЫ ГУРЬЕВ ОБЛЫСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Махметова Н.А.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
Өскемен қ., Қазақстан

Қазіргі Атырау облысы, XX ғасырдың ортасынан 1992 жылға дейін Гурьев облысы атанған өңір халқының демографиялық қалыптасуын зерттеу, қазіргі демографиялық дамуларды айқындауда маңызды болып табылады. Жалпы зертеуге алып отырған кезең аралығында аталмыш өңір басқа өңірлермен салыстырған халық саны, этникалық құрамы, халықтың орналасуы, жас-жыныстық құрамы бойынша ерекшеленді. Мақалада осы ерекшеліктер дәлелді деректермен талданып, Қазақстанның басқа өңірлерінен айырмашылығы көрсетілген.

XX ғасырдың 50-60 жылдары Қазақстан аумағында әсіресе, қазақтар арасында «демографиялық жарылыс» орын алады. Аталған аумақтар қазақстан санының көп шоғырлануына байланысты (сурет 2) бұл өңірдің жалпы санына,

жас жыныстық құрамын әсер етеді. Облыс халқының санын, этникалық құрамын, қала немесе ауыл аймақтар орналу ерекшелігін, жыныстық құрамын зерттеу мақаланың негізгі мақстаты болып табылады.

XX ғасырдың ортасынан бастап Қазақстан аумағына қатысты демографиялық мәліметтер айқын көріне бастады. Оған дәлел, халық санағы. Осы мақалада негізгі дерек көзі ретінде Қазақстан аумағында – 1959, 1970, 1979, 1989 [1] жүргізілген халық санағы нәтижелері қолданылды.

1959 жылдан 1989 жыл аралығында Гурьев халық саны орналасу аймақтары бойынша көрсетілген.

Кесте 1. 1959, 1970, 1979, 1989 жылдардағы халық санақтары бойынша Гурьев облысы тұрғындар саны [1]


Аумақ	1959 ж.		1970 ж.		1979 ж.		1989 ж.		1989 жылдан 1959 (%)
	мың адам	%	мың адам	%	мың адам	%	мың адам	%	
Гурьев облысы	287803	100	499577	100	369668	100	755015	100	262,3
Гурьев қаласы	80307	27,9	114277	22,9	130916	35,4	176895	23,4	220,2
Новоузенск қаласы					42246	11,4	55675	7,4	131,7
Форт-Шевченко қаласы			9485	1,9	11305	3,1	15172	2,0	159,9
Шевченковск қаласы			63366	12,7	122815	33,2	171633	22,7	270,8
Балықшы қаласы			41374	8,3	37825	10,2			91,5
Баксай ауданы	23179	8,1							
Бейнеу ауданы					22044	6,0	23472	3,1	106,4
Ералиев ауданы					28694	7,8	28341	3,8	98,8
Гурьев ауданы	28328	9,8							
Денгиз ауданы	36995	12,9	46114	9,2	48279	13,1	51630	6,8	139,5
Жилокосинск ауданы	29186	10,1							
Индерск ауданы			22395	4,5	22299	6,0	27571	3,7	123,1
Испульск ауданы	15077	5,2			28009	7,6			185,7
Қызыл-Қуғын ауданы	17123	5,9	24760	5,0	28009	7,6	31161	4,1	181,9
Мақат ауданы	23474	8,2	24418	4,9	23079	6,2			98,4

Маңғыстау ауданы	18109	6,3	37086	7,4	25327	6,9	28435	3,8	157,0
Махамбет ауданы			31191	6,2	23204	6,3	64904	8,6	208,0
Новобогатинск ауданы					21482	5,8			
Үзен ауданы			46474	9,3					
Шевченковск ауданы	16025	5,6							
Ембі ауданы			38637	7,7	34575	9,4	80126	10,6	207,3

Облыс тұрғындарының жалпы оң нәтижеде өсу үстінде болған. Кесте 1-де көрсетілгендей, Гурьев облысында 1989 жылы 1959 жылға қарағанда жалпы халық саны 162,3% өскен. Бұл басқа облыстармен салыстырғанда өте жоғары көрсеткіш болып есептеледі. Мысалы Семей облысында халық санының өсімі 61,1% көрсеткіште екенін ескерсек, Гурьев облысында бұл сан тағы да 100% жоғары болып отыр. Қазақстанның көптеген облыстарында ХХ ғасырдың ортасына қарай қазақтар саны аз болып, аяғына қарай көбейсе, Гурьев облысында керісінше қазақтардың саны негізгі этнос болып халық санының 72% құраса (сурет 2) 1989 жылы бұл көрсеткіш біршама мөлшерге төмендейді. Жалпы облыстың көп аудандарында өсім байқалады. 100% астам өсім көрсеткен қала, аудандарды атап өтетін болсақ: Гурьев қаласында 120,2%, Шевченковск қаласы 170,8%, Махамбет ауданы 108,0%, Ембі ауданы 107,3%. Халық санының осы аймақтарда ұлғаю себебі өндіріс ошақтарының болуы, жұмыс орындарының көптігімен, қаладағы тұрмыстың әлдеқайда қолайлылығымен айқындалды [2]. Ал аз мөлшерде 2-10% аралығында халық санының қысқару деңгейі Балықшы қаласы, Ералиев ауданы, Мақат ауданы байқалады. Халық санының қысқару себептерін территориялық өзгерістерге байланысты түсіндіруге болады.


Өсу тенденциясы, отбасы динамикасы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатының өзгерісіне әсер етті. Халық санының өзгерісі негізінде оның құрылымын (қала және ауыл халқы) қарастырайық.

Жалпы, бұл диаграммада көрсетілген көрсеткіштен байқайтынымыз, қала халқының саны әрдайым басымдылықта болған. Ауыл халқының саны 1959-1989 жж. бірқалыпты деңгейде сақталып қалған деп айта аламыз. Қатты өсім немесе қатты кему байқалмайды. Тек, 1979 ж. ауыл халқы саны 2000 дай адамға (сурет 1) қысқарады. Ал қала халқының санында әр жылдарда айтарлықтай өзгерістер орын алған. Мысалы 1959 жылдан 1970 жылы қала халқы саны 2 есе өссе, 1979 жылы бұл саны 33,8% қысқарған. 1989 жылы болса, пайыздық көрсеткішпен қала халқы 250% өскен. Яғни, бұл құбылысты қаладағы өндіріс салсының дамуымен, сол себепті жұмыс бабымен орналасуы болса, азаю себебі, өңірде қоныстанушылар тұрды, оларды көші-қон процестері бұл құбылысқа әсер етті. Сондай-ақ жақын облыстарға көшіп кету процесстерінде жоққа шығармаймыз.



Сурет 1. Гурьев облысы қала және ауыл халқының үлес салмағы(1959, 1970, 1979, 1989 ж. халық санақтары нәтижесі бойынша) [1]

Ал енді Гурьев облысы тұрғындарының 1959-1989 ж. аралығындағы этникалық құрамын қарастырайық.



Сурет 2. 1959, 1989 жылдардағы Гурьев облысында халықтың ұлттық құрамы (%) [1]


Диаграммдан байқап отырғанымыздай, халықтың басым бөлігін қазақ ұлты құраған. Бұл басқа облыстармен салыстырған, осы облыстың ерекшелігі болып табылады. Себебі, ашаршылық жылдарынан кейін қазақ ұлтының саны қысқарып қалып, көптеген облыстарда басым ұлтты орыс ұлты құрап, қазақ ұлты басымдылыққа тек 1989 жылы ие болған болатын. Гурьев облысында 1989 жылы қазақ ұлтының санының саны 235,0% өскен, алайда диаграмма % азаю

себебі, қазақтардың саны халық санына шаққанда осы пайызды құраған. Ал, облыстағы тағы бір басым ұлт ол – орыс ұлты. Орыс ұлтының саны да 1959 жылмен салыстырғанда, 1989 жылы 164,7% өскен. Сондай-ақ, бұл басқа да ұлттар санының өскендігін байқатады. Халық санының өзгерісіне қалыпты жағдайда көші-қон процестері әсер етті. Халықтың құрамында орын алған түрлі өзгерістер: тұрғылықты емес халықтың саны мен үлес салмағының көбеюі, сәйкесінше, қазақтардың үлесінің азаюы. Бұл өзгерістер тұрғылықты тұрғындардың өндіріске кірісуі айтарлықтай рөл атқарды. Сондай-ақ мемлекеттік көші-қон саясатындағы бүтіндей халықтарды күштеп қоныстандыру маңызды орын алды. Олар өз отандарына шалғай аймақтарға қоныстандырылды. Депортацияланған халықтардың айтарлықтай бөлігі Қазақстанға қоныс аударды, соның ішінде Гурьев облысына қоныс тепті.

Қоныс аударушылар колхоздарға орналастырылып оларғаға физикалық жағдайларына қарай жұмыстар берілді. Негізінен ол әйелдер мен балалардан тұрды [3].

Демографиялық процестерде халықтың жас-жыныстық құрамы үлкен рөл атқарады, себебі ол халық санының өсу немесе кему потенциалын қамтиды.

1959-1989 жылдардағы бүкілхалықтық санақ нәтижесінен жалпы халық санын, ұлттық құрамы және орналасу ерекшеліктері мен этникалық топтардың жас-жыныстық құрамын анықтап зерттеуге болады. Соның ішінде Гурьев облысы туралы деректерді 3-ші суреттен байқауға болады.



Сурет 3. Халықты жас-жыныстық категория бойынша бөлу (%) (1959 және 1989 ж. халық санақтары нәтижесі бойынша) [1]

3-суреттен көретініміз, 1959 жылы 1989 жылмен салыстырғанда, туу көрсеткішінің жоғары болғандығын байқаймыз. 1959 жылы туған балалар 0-4 болғандар 1989 жылы 30-34 жаста болып, бұл көрсеткіштің нәтижесі 1989 жылы орта жасағы адамдар санының артуына алып келді. Ал, бұл өз кезегінде сапалы демографиялық даму процесін қалыптастырды. Туу көрсеткішінің төмендеуі ауыл халқының қалаға көшуі, отбасылық құндылықтардың өзгеруімен, отбасын, баланы жоспарлау, қоғамдағы әйел адамның ролінің артуымен түсіндіріледі. 1959 жылы жастық құрамдағы туу көрсеткішіне басым әсер еткен қазақ ұлты болса, орта жастағы адамдардың саны орта жастағы Гурьев аумағына түрлі себептермен қоныстанған басқа да ұлттары санымен толықты.

Кеңес үкіметінің күштеп қоныстандыру саясаты өңірдің этнодемографиялық саясатына әсер еткен мықты фактор болды. Депортация әсерінен келген халықтар санынан басқа ұлттар үлес салмағы көбейіп, жергілікті халық үлесінің азаюы әсерінен халықтың этникалық құрамындағы қиындайды [3].

Батыс пен Гурьев облыстарына неміс қоныс аударушыларын орналыстырмады, себебі олар немістердің Поволжья автономиялық облысына жақын аймақта болды. Соғыс уақытынан кейінде өндірісте істейтін қоныс аударғандардың бір бөлігі осы облыстарда қалды. Сондай өндіріс ошақтарының бірі 1959-1970 жж Гурьев полиэтилен өндіру заводы болатын. Бұл жерде әртүрлі ұлт өкілдері жұмыс істеді.

Қорыта айтқанда, ХХ ғасырдың 50-80 жылдары қазіргі Қазақстан аумағының демографиялық жүйесінің қалыптасуының алғы кезеңі болды. Аталған кезеңде, халық саны, этникалық құрам, орналасу (қала, ауыл), жас-жыныстық құрамда көптеген өзгерістер орын алды, және бұл өзгерістер әр аймақта әртүрлі дамыды. Сол аймақтардың бірі – Гурьев облысы. Мақала барысында, халық санының динамикасы, аймақ территориясында орналасу ерекшелігін анықталып, ұлттық құрамдағы өзгерістерге қатысты түсіндірме берілді. 1950-1980 жылдар өңірдің демографиялық даму үдерісінде маңызды кезең болды, себебі осы кезеңде егеменді Қазақстанның демографиялық дамуына үлкен үлес қосқан тенденциялар қалыптасты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Статистический сборник по отдельным показателям Всесоюзных переписей населения 1959, 1970, 1979 и 1989 гг. Алма-Ата: Республ. информ.-изд. центр, 1991. – 198 с.

2. Козина В.В. Демографическая история Казахстана / В.В. Козина. – Караганда: Изд-во КарГУ. – 2007. – 145 с.

3. Нурсултан М.У. Социально-демографическое развитие населения западного Казахстана в 30–40-х годах // Вестник Национальной академии наук РК. – 2007. – №4. – С. 94-95.

М. ӘУЕЗОВТІҢ «ҚИЛЫ ЗАМАН» ПОВЕСІНІҢ СЫНҒА ІЛНУІ

Мұратқызы М.

Ғылыми жетекші: Картаева А.М., С. Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университетінің профессоры
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан
email: meruert1976@mail.ru

1972 жылы «Новый мир» журналының 6-санында Ш.Айтматовтың алғы сөзімен жарық көрген «Қилы заман» тарихи повесі 1928 жылы Қызылорда қаласында басылды. Шығарманың жанрын тарихи повесть деп Ш.Айтматов та, Л.М.Әуезова да бірауыздан мақұлдайды.

Кеңестік дәуірде орысқа қарсылық идеясы бар деген болымсыз қауіптен қорқып, әзер жарияланған туындыда проза жанрларының бәріне тән белгілер қамтылған. Шығармада белгіленетін жағдай - деректердің арғы тарихы, тартыстың жетілу, ширеу жолдары кезең-кезеңге бөлініп жатпайды. Баяндау, диалог репликалары арасындағы шағын уақыттық көлемдегі іс-әрекеттердің орын тәртібі ауысқан жағдайдан өзге мәтін құрылымында бір бағыттағы ілгеріні көздеген меже басым. Повестің тартымдылығы, мазмұндылығы автордың дүниеқабылдау табиғатының мол эмоционалды, талдаушылық рухқа толы, ал, бар көріністі суреттеудегі ерекше, көркем, аршынды, адуын, өткір, терең этномәдени сипатты тілдік және стилистикалық ерекшеліктеріне байланысты. Оқырман бұрын естіген, жалпы мәліметтер аясында әңгіме қандай тұрғыда дамитынын білсе де, сол шамамен белгілі мотивтердің зор шабыт, қайталанбас құбылту, айшықтау тәсілдерінің табиғи кесек үлгілерімен әдемі өрнектелуі повестегі идея мен қаһармандық, әсемдік, трагедиялық пафостар құдіретін биік психологиялық, философиялық өлшемдер деңгейіне жеткізеді.

Академик Р.Нұрғалидың: «Сүлесок қалыпта санамалап айтылған тау, тас, өзен, бұлақтың өлі сүлдесі емес, қимыл-қозғалыстағы жанды табиғаттың мың сан бояуы жарқыраған, тіршіліктің ыстық та суық лебі бетке ұрып тұрған, бірде асқақ, тәкаппар, бірде нәзік, сұлу табиғат көріністері сол ортадағы әртүрлі психологиялық күй кешіп жатқан адамның қабылдауы арқылы жүрек сүзгісінен өткізіліп беріледі. Бұлар бірде Үш Мерке, Дөңгелек саз, Ұшқара, Сырт Лабас, Асы, Ақбейіт, Айттөбе, Тұз, Кеген, Көктөбе, Көкбұлақ секілді Албан елінің жайлау- мекендерінің жалпы сурет-панорамасын дәл қалпында көз алдыңызға алып келеді», - дегенде суреткердің ландшафт өрнектерін қамтудағы құдіретті шеберлігін мегзейді [1, 25 б.].

Ұзақ, Жәмеңке, Серікбай тәрізді көтеріліс көсемдері патшалық Ресейдің отарлау саясатындағы күннен-күнге үдей түскен үстемдікке қарсылықты ұлттық намыс, қазақ елінің бодансыз еркін заманын еске түсірер азаттыққа құштарлық ретінде түсінері хақ. Мылтықсыз соғысқа қатысу, қара жұмыста жүріп туған жерден алыста ешбір мақсатсыз, ажал оғына ұшыраудан гөрі өскен орта, қара

орманда жан кешу - жергілікті жастар үшін тағдыр жолын таңдаудың бір түрі. Осы жаппай келген қияметтен етжақын жандарын аман алып қалу арқылы бассауғалаудың мүмкіндігін табатын Тұңғатар, Рақымбай, Дәулетбақ сияқты ел жуандарының айла-амалдары - халық ұйғарымына қиғаш шешім. Повестегі қаһармандардың басым бөлігі - тарихи тұлғалар. Ой-қиялға ерік беруге шектелістің бір мәнісі осында. Бұл көтерілістің ерекшелігі - мұнда бай мен кедей арасындағы таптық қайшылықтардың жетекші саяси- моральдық себептерге шылбыр ұстатпауы.

Жазушы тарих шындығын бар болмысымен көрсетеді. Патшаның отаршылдық саясатының безбүйрек қаталдығы мен айуандығын әшкерелейді. Көтеріліске шығып, қырғынға ұшыраған халықтың қайғы-қасіретін ет-жүрегі езіле, жан-тәні қинала отырып жазады. Әуезов шығармасында қалың Албан елінің орталығы Қарқара жәрмеңкесін, «дәндеген, жетіскен, түртіншектеп сауудың басын білген саудагерлерді», семіз қарынды пристав «Ақжелке» Подпороков пен құдай жорғалаған тілмаш Жебірбаевті, арандары ашылып, елдің қалтасына түсіп үйренген сұғанақ әрекеттерін көрсетеді.

Абақтыда жатқан Жәмеңке ел атынан былай деп сөйлейді: «Ұлық бізге әділетсіз болды, жерімізді, суымызды алып, өзімізді шөлде қамап, тауға қуып шығып отыр. Абақтыға алды. Жазалайды. Өзімізді ренжітсе, өзіміздің арызымызды тыңдамаса, сөйлетпесе, ол ұлықты жақсы ұлық деп қайдан айтамыз? Оның айтқанын қайдан істейміз?»- дейді [2, 136 б.]. Бұл - ащы да болса шындық. Жылдар бойы халықтың көрген азабы осы. Автор елдің мұндай тыныс-тіршілігін, хал-ахуалын терең түсінеді. Бұл - көтерілістің бірінші себебі. Ал екіншісі: 25 маусымдағы патша жарлығы. «Қария қабағын шытынып, шын назаланып, айласы бітіп күрсінді. Қатын, бала ұлардай шулады. Жігіт-желең сол күні-ақ «бармаспын» деген ниетті ойлап, Алатудың сенімді қиын тасына, қара үңгірдей қалың жыныс қарағайына қарады. Барлық ел еңкейген кәрі, еңбектеген жасқа шейін, ертелі-кеш ылғи осы жайды ғана сөйледі. Ел апатты сезді» [2, 145 б.].

М.Әуезов шығармада көтерілісшілерді бай-кедейге жара бейнелеп отырған жоқ. Қаламгер ел басына күн туғанда оның басы-қасында кім болғанын тебірене жазады. Патша жарлығына, қарулы әскерге қарсы көтерілген күштің рухани әлемін, жігер, қайратын талдай суреттейді. Түрлі әлеуметтік топтардың алуан-түрлі мақсаттары көрсетіледі. Мысалы: «Кешеден бері әншейінде пысықсып жүрген Албан ішінің үлкен-кішісі, жақсы-жамандарының бәрінің де сөздерін естіп шықты. Бірде бірінің сөзінде түкпір өріс жоқ. Істейтін істің ем-домы жоқ» [2, 131 б.]. Осы эпизодта бір ғана Ұзақ батырдың ойлануы емес, оның көзі арқылы басына күн туғанда сасқалақтаған, ақыл таба алмаған көптің күйбеңі бейнеленеді. Романда М.Әуезов тарихи өткелде, қилы заманда байқалған ел бойындағы екі мінді аша көрсетеді.

1) Кесек қимылға, күреске жарамай тайсақтау. Қорқақтық көрсету. Үрейленіп, қауіпті ұлғайту. Зарға айналдыру. Жұрттың берекесін алу. Қаламгер оны тура да айтады, көркем мазмұн астарына да көшіреді.

2) Рушылдық. Жәрмеңкені қоршау кезінде көтерілісшілер арасында осы рулық негізде жік пайда болады.

Көтеріліс арқылы ортақ тақырып шеңбері арқылы ғажайып шешім тапқан көркемдік танымдар генетикасын әдемі көрсететін жәйттер екендігін қайталап айтуға тура келеді. «Қилы заман» трагедиясы қалай келді? 1-шіден, 19-ғасырдың соңы мен 20-ғасыр басындағы қазақ елінің бар шындығына суреткер М.Әуезов тікелей куәгер, көзімен көрген. 2-шіден, ұлы суреткер М.Әуезов «Қилы заман» роман-трагедиясын жазуға көркем ой иесі ретінде, әдебиетші, тарихшы ретінде де кәміл дайын еді, бұған оның 1925 жылы жазған «Әдебиет тарихы» кітабын айтсақ та жеткілікті. 3-шіден, ұлы суреткер М.Әуезов «Қилы заман» роман-трагедиясын жазар алдында қазақ халқының ұлы перзенттері Т.Рысқұловтың, Ә.Бөкейхановтың, М.Тынышпаевтың 1926 жылы шыққан классикалық еңбектерімен, зерттеулерімен, мақалаларымен мейлінше жете таныс еді. Ал бұл туындылардың барлығы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің бүкіл трагедиясын еш бүкпесіз айтқан тарихи-философиялық, әлеуметтік, публицистикалық, классикалық қайнарлар еді.

Көркемдік шындықтың құдіретіне сәйкес М.Әуезов кейіпкерлері 1916 жылғы көтерілістің бүкіл халықтық сипатын, трагедиялық астарын бастарынан өткізе отырып, шынайы да тамаша суреттейді [3, 42 б.].

М.Әуезовтің «Қилы заман» романы 1928 жылы жарыққа шыққаннан кейін іле «саяси қатесі мол» кітаптар тізіміне ілініп «қамауға алынды». Мұның басты себептері ретінде төмендегі жайлар айтылады. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің шындығы бұрмаланған, шығармада тап тартысы, таптық жік көрсетілмеген, көтерілістің шығу себептері, қозғаушы күштері, басшылары теріс көрсетілген, орыс-қазақ арасына от тастайды, ұлтшылдық пиғылда жазылған.

Роман қатесі ресми түрде осылай жазылғанмен оның артында Ресей саясатын, орысты әшкерелейді, ұлт арасындағы жаулықты көрсетеді деген жерлеу тұрған. Олай деп ашық айтуға М.Әуезов қолданған көркемдік жүйе мүмкіндік бермеген. Сөзге көшпеген, бірақ айқын аңғарылатын дерексіз мазмұн «халықтар ұстазына, ұлттар ағасына» айнала бастаған орыс отаршыларының момын халықты қырып-жоюға бағытталған қанқұйлы империялық саясатын, пиғылын әшкерелейді. «Қилы заманда» бостандық аңсаған, бас көтерген, қарсыласқан қазақтарға өлердей өшіккен патша үкіметінің әскери, чиновниктік аппаратының сұрқия әрекеті, оған сүйсініп зорлықты әдетке айналдырған казак-орыстар пиғылы, психологиясы жан-жақты ашылады [4, 14 б.]. Романды жазу барысында М.Әуезов шығармашылығында үнемі пайдаланатын әдіс-тәсілді ұштастыра түседі. Ол көркем шығарма негізіндегі өмірлік материалдар, прототиптер мен уақыт, жер-су аттарының аса дәлдікпен бейнеленуі. Бұл тәсілді қаламгер кейінгі шығармаларында, әсіресе, «Абай жолы» мен «Өскен өркенде» көптеген драмалық шығармаларында аса желісті пайдаланады.

«Қилы заман» туралы байсалды, терең мақалалар жазған Р.Бердібаев, М.Хасенов, сыншы Т.Токбергеновтерді білеміз. Романға көңіл бөліп, мақала жазған, пікір білдірген сыншылардың бәрі де оның бұрын соңды қазақ әдебиетінде болмаған тарихи қажетті шығарма екенін, көркем жазылғанын айта келе М.Әуезовтың суреткерлік шеберлігін мойындайды. С.Мұқанов өзінің «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932 ж.) атты еңбегінде, роман көркемдігі туралы мынадай ойлар айтады: «Құрылымы, тілі жақсы...Кейіпкер ішкі сезімін сыртқа шығарып көруге шебер...Болған уақиғаны сол болған күйінде көрсетуге ынта қойған.»

Шығарманы социалистік реализм туындысы деп айтуға ұлттық бірлесу идеясының қудалағаны кедергі келтірген. Шығармадағы сюжеттік мазмұн, адамгершілік мұрат деңгейлерінен романтикалық пафос та елес тастайды. Ал тарихи бағдардың айқындығы- автордың тұтас көркемдік концептуалдық парадигмасына етене қасиет. Ғ.Мүсіреповтің сөзімен айтар болсақ: «Уақыттан, мезгілден үлкен ешкім жоқ. Соңғы сөзді, әділ сөзді қашанда солар айтады. Және кейінгі ұрпақ ауызымен айтпақ», - дегендей, Мұхтар ағамызға жаңа ұрпақ көзімен қарап, ұлы жазушының ұлы кемеңгерлігін, ұлы ойшылдығын, ұлы суреткерлігін қайта танытуға мүмкіндік туды.

Әдебиеттер тізімі

1. Майтанов Б. «Әуезов романындағы ұлт-азаттық көтеріліс» // Қазақ әдебиеті.- 2006.- 4 тамыз.
2. Әуезов М. Қилы заман. – Алматы: Атамұра.-2004.
3. Уәлиев Қ. «Қилы заман» хикаяты» // Жұлдыз.- 1997. №11 – Б.154-166
4. Нұрғали Р. «Алаш ұранды әдебиеттегі Мұхтар Әуезов көтерген азаттық идеясы» // Заман-Қазақстан-1997.-22 тамыз.-(№34).
5. Бисенғали З. «Қилы заман» ұшыраған зобалаң»[М.Әуезовтің «Қилы заман» романы жайлы] // Абай.-1997.-№2-3.
6. Жұмабек С. «Көтеріліс және көркемдік танымдар генетикасы» // Заман-Қазақстан.-1997.-5 қыркүйек.-(№36).
7. Умарова Г.С. «Қазақ әдебиетінің тарихы»/ Г.С.Умарова, С.Ғ.Шарабасов.-Астана:Фолиант,2007.-244б.-(Кәсіптік білім)
8. Негимов С. «Шындық пен шығарма» // Егемен Қазақстан.-2004.-12 ақпан.

УДК 821.512.122.09-312.9

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ УНИВЕРСАЛИИ «ЧЕЛОВЕК» - «ВРЕМЯ» - «ПРОСТРАНСТВО» В НАУЧНО-ФАНТАСТИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ (НА МАТЕРИАЛЕ ПОВЕСТИ Г. ДОРНИНА «СВЕТ ЗЕМНОЙ»)

Нуртазина Н.Д.

Научный руководитель: Ананьева С.В., ассоциированный профессор,
кандидат филологических наук
Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан
e-mail: nazym1796@gmail.com

Пути развития национальной литературы отражают основные этапы эволюции художественного сознания. Анализируя мастерство прозаиков Казахстана, С.В.Ананьева отмечает такие качества их произведений, как «плотность повествования, пристальное внимание к внутреннему миру персонажей, добрый юмор и желание заинтриговать читателя» [1].

Отличительной чертой современной прозаической литературы Казахстана является развитие новых жанровых форм, оригинально и нешаблонно осваивающих действительность. В этом ряду важное место занимают произведения, создаваемые в научно-фантастическом формате. Жанр научной фантастики позволяет авторскому мышлению предлагать совершенно неожиданные, неординарные ситуации, использовать инновационные приемы и методы в изображении мира и человека. Исследовательский интерес вызывает авторский вариант художественной репрезентации текстовых универсалий «человек», «время», «пространство».

Рассмотрим принципы авторского осмысления универсальных текстовых категорий на примере произведения «Свет земной» Геннадия Доронина (в определении жанра этого произведения следуем за С.В.Ананьевой, которая трактует «Свет земной» как фантастическую повесть [1]).

Сюжет произведения составляет повествование о событиях, происходящих на лунной станции, поддерживающей связь с Землёй. Ниточка, связывающая станцию с планетой людей, обрывается: на Луну не приходит очередной челночный корабль. Учёные (в момент начала повествования их на станции 17 человек), составляющие экипаж модуля под командованием Кватро, располагая ограниченными запасами кислорода, воды и продуктов, с использованием стационарных приборов исследуют «поведение» Земли.

Художественное пространство повести организуется двумя глобальными координатами – Луна и Земля, по предмету изображения это - космическое пространство. На тип пространства указывают его прямые номинации: «космос», «внеземелье».

Пространство Луны изображается как «холодное» и «безжизненное» (пространство обрисовывается автором очень схематично, детали этого пространства: «мрачные кратеры», «гряда черных валунов»). Земля – пространство наблюдаемое и изучаемое группой исследователей, подается как достаточно сложное, близкое и одновременно отдаленное, таинственное: «Над прозрачным куполом станции таинственно мерцала Земля...» [2, с.21], «над горизонтом поднимается огромный шар Земли – близкий, недостижимый, страшный» [2, с.4]. Специфика изображения Земли – в том, что её привычное состояние подаётся автором как гипотетическое, существующее в сознании (памяти) героев, элементы привычного земного рельефа и ландшафтных зон вводятся фрагментарно, в режиме деятельности воображения (глагол «казалось»): «Казалось, стоит только прищурить глаза, как увидишь, что на поверхности планеты пульсируют моря, клубятся облака, сверкают молнии, бьются жилки рек» [2, с.4]. Для главной героини повести Земля – место, где прошло детство, фрагменты которого рисуются в воспоминаниях. Счастливая жизнь с мужем на Земле отнесена к плану прошлого.

В изображении Земли используется приём контраста: автор сомневается в её существовании, настолько образ Земли отличается от привычного: «Земля молчала. Как будто не было ее. Но она была – огромная, тяжелая, недоступная.» [2]. В повести планета выступает объектом исследования: голубоватая

поверхность Земли сканируется посредством приборов, однако связь с Землей обрывается, и она в восприятии героев превращается в «незнакомую планету», не подающую признаков жизни. Состояние планеты прямо характеризуется Антоном: «Не обманывай себя: Земли больше нет.<...>

Это не наша Земля... Просто незнакомая планета, не подающая признаков жизни... Не знаю, что случилось, но она мертва» [2, с.9]. Единственный визуальный признак, доступный восприятию, - «странная зеленоватая дымка», «затягивающая полюса». Эта «дымка» представляется в повести как причина гибели Земли: «Дымка становилась все плотнее, покрывала все большие участки, ползла по шапкам полюсов, как небывалая саранча.

– Если приборы не фиксируют эту ползучую мерзость, это означает только одно – мы столкнулись с чем-то неизвестным... Ни мы, ни наши приборы не знают, что это такое... И это неведомое покончило с жизнью на Земле...» [2, с.9]. Причина гибели планеты подаётся как неизвестная ученым.

Лунная станция – место, где происходит основное действие, авторский вариант художественного представления замкнутого (точечного) пространства.

Для людей – героев повести – станция – дом, на необычные свойства которого указывают детали: он расположен в месте падения метеоритов: «станция построена в таком месте, что метеориты здесь редкость, уж не знаю, как это рассчитали <...> За одиннадцать лет в крышу дома напрямую не ударил ни один метеорит.» [2, с.3]. Вместе с тем, станция имеет признаки реального дома: многоэтажность (не менее 13 этажей), наличие лифта, коридоров, дверей.

В изображении двух планет – Земли и Луны – наблюдается приём художественного параллелизма: в настоящем художественном времени эти планеты похожи холодом и видимым отсутствием признаков биосферы. В прошлом Земля была живой планетой, с развитыми социальной, биологической системами (об этом свидетельствуют воспоминания Анны о детстве, и счастливой жизни с мужем в маленьком дачном домике на фоне пышной природы).

Художественное время в произведении – линейное (события развиваются в соответствии с принципом прямой хронологии), вводятся компоненты ретроспекции (воспоминания героини). Жизнь на станции в ожидании смерти соотносится с обычным течением времени: «дни шли» [2, с.7], «потянулись дни, недели, месяцы» [2, с.8] – движение времени в повести изображается в соответствии с принципом классической литературной традиции.

Образ прошлого, через который реконструируется реальный облик Земли, - один из центральных. Он соотносится с определенным этапом жизненного цикла главной героини Анны. Образ прошлого воссоздается через картины детства, ранней молодости и природы: «отгороженный от мира зелеными зарослями край», «три сотки земли» с крохотным домиком, цветочными грядками [2, с.5]. Образ цветущей Земли вводится через воспоминания, средство ввода – фраза-скрепа «Когда это было?» [2, с.6].

Центром научно-фантастической модели мира в повести является человек. В произведении поднимаются вопросы философии человеческой жизни,

нравственности, отношения к миру. Антропометрическую структуру текста представляет персонажный ряд. Это группа лиц - ученых, оказавшихся в заточении на лунной станции, без возможности выбраться, поскольку связь с землёй утрачена (их 17 человек, которые постепенно погибают, остаётся одна Анна, ждущая ребёнка). Ребёнок, которого ждёт героиня, – символ новой будущей жизни. Большинство учёных совершают подвиг: в условиях ограниченного запаса кислорода, продуктов и воды они один за одним освобождают остальных от своего присутствия: из 17 человек на станции постепенно остаются шестеро, наконец, - одна женщина. Ученые расстаются с жизнью добровольно: оператор бурильной установки Найт заканчивает жизнь самоубийством на станции, «как-то странно умер сетевой администратор Франц: не то перебрал спиртного, не то перепутал таблетки» [2, с.8], девять человек по собственной воле погибли в перегруженной ракете: «на второй минуте полета ракета взорвалась и распалась на тысячи сверкающих в земном свете осколков» [2, с.8]. Антон же просто исчезает, заставляя героиню искать его, чтобы не чувствовать себя одинокой.

Героизм ученых, добровольно расставшихся с жизнью во имя спасения других, показан на фоне эгоистического сознания отдельных героев: на станции стал пропадать кислородный запас: «исчезли все резервные баллоны с дыхательной смесью, выкачан воздух из одного из дополнительных резервуаров. Кто-то запасался воздухом надолго. За счет других.» [2, с.9]. Автор реконструирует художественную ситуацию нравственного выбора в трансгенных условиях: человек выбирает для себя либо путь одиночного спасения, либо самопожертвования ради продолжения жизни (на неопределенное, но, вероятнее всего, также ограниченное время) других.

Основные эмотивные доминанты повести – чувства отчаяния («И сразу на станцию вползло отчаянье. Оно давно подбиралось все ближе и ближе, его пустые глаза и раньше смотрели из каждого угла, а теперь оно заняло все пространство, прилипло, как потная одежда, к телам, заморозило души.» [2, с.8]) и одиночества («Одиночество обволакивало их, словно саваном» [2, с.10]). Отчаяние изображается автором повести как некая оболочка, покрывающая тела, замораживающая души. Чувство одиночества рисуется таким образом, что оно подобно смерти. Страх – порождение чувства одиночества: «Страшилась она только одиночества, – да и кто его не страшится? – и кто знал, что оно выпадет ее лютой судьбой?» [2]. На пустой станции женщиной овладевает особое состояние ослабления сознания – безумие: «Космос, внеземелье – лучшее место для сумасшествия» [2, с.18-19].

В произведении решается философский вопрос отношения человека и мира: автор видит в человеке врага всего живого, разрушителя, потребителя природных ресурсов. В результате воздействия человека на природу она гибнет, преобразуется в новые формы, не совместимые с жизнью: «Так и живем посередине между бесконечностью и смертью, обманывая себя тем, что человек конечен, а человечество будет всегда. И, как червяки в яблоке, пожираем свою Вселенную, гадим в ней, вертим норы, тшась забраться туда, где нам кажется

послаще, называем это постижением мира, придумываем небылицы о нравственности, бессмертной душе, но не останавливаемся – изо всех сил прогрызаем новые ходы, и не хотим замечать, что яблоко-то давно сгнило... И вот оно летит с ветки наземь, где на него сейчас наступит равнодушный сапог садовника – к чему ему гнилье?.. И все...» [2, с.9-10].

Развернутая метафора уподобляет Вселенную спелому яблоку, человека – червю, пожирающему это яблоко. В цитате поднимается вопрос о сущности человеческой познавательной деятельности: автор настаивает на том, что постижение мира бессмысленно («прогрызаем новые ходы» в гнилом яблоке) и бесполезно. Природа оказывается выше человеческого разума и не поддаётся его освоению. Воздействие прогрессивных сил на биосферу оборачивается необратимыми процессами, приводящими к гибели естественного начала.

В трактовке жанровой принадлежности произведения имеем два подхода: традиционно это рассказ (небольшой объем, в основе сюжета – одна ситуация), С.В.Ананьева определяет жанр произведения как повесть. В качестве аргументов к этой точке зрения можно привести следующие:

1) произведение отличается эпической масштабностью и глубиной философского обобщения, развернутыми размышлениями автора над «вечными вопросами бытия», художественной полемичностью;

2) в подходе к решению поднимаемых вопросов присутствует подчеркнутая проблемность, отдельные вопросы остаются «открытыми» для читателя (так, автор не дает ответа на вопрос о причинах, следствием которых явилась гибель Земли, неясен фактор возникновения «зеленоватой дымки», появление которой обрывает связь с Землей);

3) в произведении находим новаторский подход к репрезентации художественной ситуации, новые принципы авторского миромоделирования.

Рассматривая одно из произведений Г.Доронина («роман-пародию» «Реальность номер один»), алматинский ученый В.В.Савельева пишет о том, что автор ставит перед собой задачу «представить картины жизни Земли в относительно недалеком будущем накануне экологической катастрофы, которая уничтожит всё. Футурологические прогнозы автора неутешительны» [3, с.145] – эту цитату можно использовать применительно к характеристике повести «Свет земной».

Анализ произведения «Свет земной» Геннадия Доронина в аспекте текстовых универсалий подводит к следующим выводам.

1 Текстовые универсалии «человек», «время», «пространство» в художественной модели мира воспроизводятся, с одной стороны, в контексте литературной традиции, с другой стороны, отражают различные индивидуальные качества художественного сознания.

2 Наибольшей художественной трансформации в тексте повести подвергается категория пространства: доминирующим является космическое пространство, репрезентируемое образами двух планет.

Задачи научной фантастики решаются автором по ходу изображения тех преобразований, которые происходят с Землей в эпоху научно-технической

революции. Факторы, которые привели планету к гибели, в произведении не раскрываются. В повести показано, что исчезновение планеты Земля разрушает модель Вселенной и имеет последствия, катастрофичные для человека.

3 Жанр научно-фантастической повести позволяет писателю оригинально решать вопросы морали и нравственности, отношения человека к миру природы, а также вскрыть экологические проблемы, стоящие перед современниками.

4 В тексте повести воссоздается образ учёного, пытающегося исследовать Землю, находящуюся на грани гибели. Автор убедительно показывает, что в критических ситуациях ученые проявляют героизм, способность к самопожертвованию ради продления жизни коллег на неопределенный срок, однако им не чужды качества обычных людей – чувство эгоизма, одиночество, страх.

Список литературы

1. Кацяловіч І. Молодая казахская литература создает новую реальность / І. Кацяловіч // Звезда. 23.02.2016 [Электронный ресурс] Режим доступа: <https://zviazda.by/be/news/20160222/1456154713-molodaya-kazahskaya-literatura-sozdaet-novuyu-realnost>
2. Доронин Г. Свет земной / Г. Доронин // Простор. – 2018. - № 1. – С.3-21.
3. Савельева В. В. Предостережение настоящему. Роман-антиутопия Геннадия Доронина / В. В. Савельева // «Простор». – 2016. - № 6. - С.146-156.

ӘОЖ 130.2:008

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІКТІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

¹Садыкова Ж.Т., ²Игисинова Н.Б.

¹Педагогика ғылымдарының магистрі, Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың Шығыс Қазақстан ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы, философия ғылымдарының кандидаты

²С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қ., Қазақстан

Қазақ халқының ұлттық болмысы ғасырлар бойы қалыптасып, бекем орныққан, сондықтан да ол қазақ рухын небір күйзелістерден аман алып келе жатқан айрықша қасиетке ие.

Адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани санаға басымдық берудің қажеттілігі өте қажет. Олай болса – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғыру ұғымына кіргізе аламыз. Жаңару - елге тірек болатын,

біртуар тұлғалыққа тән қасиет. Рухани байлықтың кемел болғаны қоғам, туған еліміз үшін өте маңызды үдері болып табылады.

Рухани құндылықтың түпкі мәні ұлттық өнер, ол адамдардың рухани қажеттілігін қанағаттандырады, адамдар өнердің түрлі туындыларын өмірге әкеліп, содан ләззат алады. Өнер арқылы адамдардың дүниетанымы кеңейіп, эстетикалық талғамы өсіп, мінез-құлқы қалыптасады. Өнер тек жеке адамдар ғана емес, қоғамның рухани дамуында да өте маңызды рөл атқаратыны белгілі.

Ұлттық құндылық дегеніміздің өзі халықтың ұлттық ерекшелігі, ол алдымен мәдениет, ал мәдениет жалпыадамзаттық мүдде тұрғысынан дамиды. Адамгершілік мінез негіздерінің астарында жалпы адамзаттық пен ұлттық құндылықтар бірігіп, адамзаттың рухани мәдениетін жүзеге асыратыны белгілі. Себебі, жеке адамның ойлау қабілетін өсірмей немесе оның рухани дүниесін байытпай тұрып, саяси - экономикалық және мәдени салалардағы міндеттерді орындауға және қалыптастыруға болмайды.

Т. Парсонс құндылықты тілекке сәйкестілік туралы көзқарас деп атаған. Ол адам іс-әрекетінің балама таңдауына әсер етеді. Мәдениет тек қана оң құндылықтардан ғана тұрмайды. Ол фольклордың, әдебиет пен музыканың, сол сияқты технологиялық және тағы басқа да машықтанудың бейнормативті жақтарын білдіреді; екінші жағынан, құндылық пен мінез-құлықтың танымал үлгілері бір-бірімен сәйкес келмеуі де мүмкін, мысалы, кейбір мәдениеттерде жезөкшелік қабылданған мінез-құлық үлгісі болғанымен де, өз алдына құндылық болып табылмайды.

Ұлттық құндылықтар олардың жағдайы әрбір азаматты толғандыратын мәселенің бірі болып табылады.

Ұлттық құндылықтар ауқымды *тар* және *кең* мағынада қолданылатын ұғым. Ұлттық құндылықтар *тар мағынада* белгілі бір ұлттық немесе ұлыстың қызығуы мен мүдделерін айқындайтын қатынастар жиынтығының мазмұнын құраса, ал *кең мағынада* белгілі бір мемлекетте жасайтын барлық ұлттар мен ұлыстардың мүдделері мен қызығуын айқындайтын қатынастар жиынтығын көрсетеді.

Сонымен бірге ұлттық құндылықтар жан-жақты болады әрі олардың ішінде ерекше орынға ие материалдық және рухани саналатын ұлттық мәдениет. Ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтар бір-бірімен тікелей байланысты. Олардың біріншісі, екіншісін толықтырып мазмұны жағынан байып отырады.

Жалпы адамзаттық құндылықтар ұлттық құндылықтардан мазмұндық жағынан терең де кең мағына ие болып келеді. Өйткені, жалпы адамзаттық құндылықтар барлық ұлттардың, ұлыстардың, сонымен бірге халықтардың мақсат пен мүдделерінің біртұтастығын және ортақтығын бейнелейді. Әлемдегі бірде бір халық немесе ұлт өзінен басқа халық пен ұлттан, бүкіл әлемдік өркениеттен бөлек ерекше тарихқа ие болуы мүмкін емес. Ұлттар басқа халықтардың жетістіктерін пайдаланбай тұрып, өзбетінше дами алмайды.

Барлық халықтардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани тарихы бір-бірімен тығыз байланыста өркендеп отырады. Сондықтан әрбір ұлт өз

шеңберімен шектеліп қалмай, басқа ұлттармен және халықтармен бірге дамуы қажет. Өйткені, бүкіл әлемдік экономикалық және рухани үрдіс халықтардың, ұлттардың, ұлыстардың, рулар мен тайпалардың тарихы, тағдырларының өзара байланысы, астасып жатуы, бірін-бірі толықтыруы негізінде жүзеге асады.

Адамзаттық құндылықтар адамдардың талап-тілектері, сұраныстары арқылы ақыл-зейінімен жасалған және олардың түсінік-сезімдері, арманиеттері, сенім-нанымдары, адамгершілік қасиеттері сияқты ерекшеліктерді өз бойына дарытқан, өмірден өз орнын екшеп алған рухани байлық ретінде тәрбиенің негізгі құралдарының бірі болып саналады. Бұндай құндылықтар тарихы маңызы зор, өмір сыннан өткен қоғамның дамуында өзіндік орын алатын әлеуметтік оқиға екені бәрімізге мәлім.

Адамзаттық құндылықтар болып саналатын адамгершілік мұраларды, рухани ағартушылық қасиеттерді бүгінгі ұрпақтың меншігіне айналдыру, ата-бабаларымыздың дәстүрлер мен тәжірибелерін үйрену аса маңызды болып табылады.

Әлемді рухани-практикалық игеру процесі барысында адам болмысты өз құндылықтары арқылы қарастырады. Бұл қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар тұлғаның сезімдері және ұмтылыстарымен сәйкес келетін әлемге деген ерекше эмоционалдық реңге ие болатын қатынастары білдіреді.

Адамның әлемге қатынасының ерекшелігі оның өзін және өзге адамдарды, қоршаған дүниедегі заттарды, құбылыстарды, процестерді қайырымдылық, әділеттілік, сұлулық, пайдалылық тұрғысынан бағалап, құндылықтар арқылы қарастырылады.

Құндылықтар - қасиеттер. Қасиеттер адамның бойында моральдық жауапкершіліктер жүктейді, сезімін айқындай түседі.

Құндылықтар әлемі - сөздің кең мағынасында мәдениет әлемі, адамның рухани әрекетінің саласы, тұлғаның рухани байлығының өлшемін білдіретін оның адамгершілік санасының, басымдылықтарының саласы. Құндылықтар адам болмысының түрлі формаларына деген қатынасты білдіретін адамзат мәдениеті болып табылады.

Әрбір ұлттың мәдени іргенегізі - әдеп (этика, этника) ұлттық заңды қолданысқа айналса, оны дәстүр дейміз. Дәстүр өмірге біржола кіріккенде олсалт болады. Сөйтіп мәдени іс-әрекеттің ұлттық қасиетке айналуы салт-сана деп аталады.

Ұлттық салт - сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер арқылы кісілік, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып, салауаттылық, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық сияқты мәдени көріністер табады.

Қазақтың ұлттық: имандылық, қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік, инабаттылық, дәстүрлері, меймандостық, қонақжайлылық рәсімдері - ұлттық мәдениеттің айқын белгілері болып табылады. Кісі күту дәстүрі бойынша қонақ қабылдау қонақасын беру, қонақ кәде жасау ұлттық мәдени рәсімдер арқылы орындалады.

Халықтың ұрпақты әдептілікке (мәдениетке) тәрбиелейтін ұлағатты ұғымдары мен ырым, тыйым сөздерінің мәдени тәрбиелік мәні зор. Салауаттылық, сауап, үнем сияқты ұғымдарға қайшы келетін кесір, обал, ысырап сөздерінің мәнін халық жас ұрпаққа жастайынан түсіндіріп, салауаттылыққа, үнемшілдікке, ұқыптылыққа яғни мәдениеттілік негіздерін білуге тәрбиелейтін.

Рухани мәдениет жеке адамның ақыл-ой жетістігінің жемісі, сапалық көрсеткіші. Рухани мәдениеті, ұлттық этномәдениетіміздің сезімдік әсерлері психология, философиялық кейбір зерттеулерде айтылып жүргенмен әліде зерттеулерді қажет етеді. Рухы жоғары адами тірліктің қиыншылығымен тұйықталып қалмай, өзгенің адамгершілігін құрметтеп, ілтипатпен қарап, көмектесуге бейім болады.

Қазақтың фразеологиялық сөз тіркестерінде кездеседі: рухани бай адам, адамның рухы, рухы жоқ, рухы жоғары, рухтанып кетті, рухани байлық, ұлттық рух, рухани ұстаз тағы басқа. Осы тіркестерге зер салатын болсақ, “рух” деген нәрсенің адам денесіндегі бір қуат екендігіне көз жеткізуге болады. Оның адам бойында кездесетін барлық жақсы қасиеттері мен жасайтын барлық игі істерінің қайнар көзі екендігін аңғару қиын емес [1, 5 б.].

Аспан асты, жер үстіндегі адамзат тарихы дамуының бүтін бір концепциясын дүниеге келтірген Гегельдің “халықтық рух” ұғымын айналымға енгізгені аян. Кейінгі оқымыстылар оның аяқ-астарын барынша кеңейтуге кірісті және халықтардың тарихи санасы тұлғалана түскен сайын “ұлттық рух” ұғымы жиірек қолданылуға қарады. “Ұлттық рух” дегенді әркім әрқалай бағамдайды. “Ұлттық рух-ұлттық сананың көрсеткіші”, “Ұлттық рух- дегеніміз-ұлттық мінез”, “Ұлттық рух- ұлттық болмыстың ұйытқысы”.

Құндылықтар мәселесі философия мен әлеуметтануда, антропология мен психологияда (Э. Дюркгейм, Р.Б. Перри, Дж. Дьюи, П. Сорокин, К.И. Льюис, Т. Парсонс, В. Келлер, Олпорт) терең зерттелген. Батыстық мәдени антропологияда екі қарама-қарсы теория бар. Олардың бірі - релятивті теория. Ол түрлі қоғамдардың құндылықтық құрылымдарын объективті талдау мүмкіншілігін жоққа шығарады, сөйтіп, құндылықтық жүйелерді салыстырмалы құрылым ретінде қарайды.

Қазақ ағартушылары Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Уалиханов, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Ш. Әлжанов еңбектерінде әлеуметтік адамгершілік құндылықтар орын алады. Қазақстандық ғалым Ғабитовтың еңбегінде «құндылық философиясы» зерттеледі.

Құндылықтар әлемі – сөздің кең мағынасында мәдениет әлемі, адамның рухани әрекетінің саласы, тұлғаның рухани байлығы өлшемін білдіретін, оның адамгершілік санасының, басымдылықтарының саласы. Әрбір мәдениеттің өз құндылықтар кешені бар. Құндылықтар адам баласының әртүрлі формаларына деген қатынасты білдіретін адамзат мәдениеті болып табылады. Құндылықтар - өмірге, еңбекке, шығармашылыққа, адамгершілік насихаттарға еркек ен әйелдер арасындағы байланысқа, адам өмірінің мәніне деген бағалаушы қатынас.

Құндылықтар – материалдық және рухани қажеттіліктерді өтеу үдерісіндегі қалыпты нәрселер. Қалыпты мәнге қайырымдылық, сұлулық,

әділеттілік идеалдары ие болуы мүмкін. Құндылықтар адамға қоршаған шындықты тануға мүмкіндік беретін мағыналар жүйесін толығымен қайта құрып отырады. Әлемнің барлық алуан түрлілігінің құндылық сипаттамаларының бастаулары қайырымдылық, өмір, сұлулық болып табылады. Құндылық – танымның, белгілі бір объектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылады. Құндылық объектінің адам үшін қаншадықты маңыздылығын айқындайды [2. 156 б.].

Қазақ ағартушылығында, қазақ халқының мәдениеті тарихында орасан үлкен орын алған ұлы ақын-ойшыл Абай Құнанбаев. Ақынның эстетикалық және этикалық мәселелер жөніндегі ой-пікірлері сол кездегі қоғамдық ойдың үлкен белесі болып табылады. Оның «Құлақтан кіріп, бойды алар», «Құр айғай бақырған құлаққа ән бе екен» деген өлеңдерінде әннің, күйдің адам сезіміне әсер етер қуатты құдіретті, шипалы шапағаты көркем суреттеледі. Бұнда жақсы ән мен тәтті күйдің ассоциативтік ой туғызып, адамның өткен өміріндегі ең бір тамаша кездерін еске түсіретіндігін шебер көрсетеді.

Абай шығармаларындағы басты тақырыптарының бірі моральдық мәселелер болып табылады. Адамгершілік адамның тұлғалық сипаты болып саналады да, мейірімділік, парасаттылық, адалдық, шыншылдық, әділдік, еңбек сүйгіштік, тәртіптілік, ұжымдылық деген қасиеттерді біріктіреді. Абай Құнанбаевтың шығармаларында - адамның адамгершілік, ар-ұяты, ақылдығы болып келеді, ондағы «Абай бол», «өзіңдегі адамгершілікті сақта» - деген өсиеттері осының айғағы.

Руханият, адамгершілік тағылымдар тақырыбына билер сөзі, көпті көрген көне көз қариялардың қайтарымы, ұлы ойшылдардың айтқаны өзінен өзі сұранып тұр емес пе?! Өсек, өтірік, мақтаншақ, Еріншек, бекер мал шашпақ - Бес дұшпаның, білсеңіз, Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым ойлап қой, Бес асыл іс көнсеңіз. Еңбекке, ғылымға мойын бұрмай, ауыл арасында бос қыдырумен күнін өткізген жастарға, ғылым таппай мақтанбауды, өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ сияқты мінездерден аулақ болуды кеңес етеді.

Заман адамы парасатты, білімді, шешен, компьютерді меңгерген, ғылым мен техниканың озық үлгісін пайдалана алатын, бәсекеге қабілетті, асқан зияткерлікті бойына сіңіре алатын тұлға болуы қажет.

Демек, бұрынғы өткен бабалардың мәдени-рухани мұрасындағы олардың өсиеті мен өнегесін пайдалана отырып, ұлттық мәдениет пен рухани мұраны жастарымыздың қажетіне жаратқанда ғана, салтанатты өмір сүріп, жалпы адамзаттық өркениет дәрежесіне көтерілуге болады. Жалпы адамзаттық құндылықтар болып саналатын адамгершілік мұраларды, рухани ағартушылық қасиеттерді бүгінгі ұрпақтың меншігіне айналдыру, ата-бабаларымыздың дәстүрлер мен тәжірибелерін үйрену аса маңызды.

Сонымен, құндылық дегеніміз – қоғамдық сананың барлық түрлеріне тән маңыздылық, пайдалылық, қажеттілік, мақсаттылық. Құндылық – жеке адам үшін болмыстың бір белгілі көрінісінің мағынасы. Құндылық бағдары - әлеуметтік тәжірибені, эстетикалық, этикалық және субъект үшін маңызы зор

жеке құндылықтар мен бағдарлар болып табылатын басқа да айналадағы болмыстың маңызына қарай бағалай білудің негіздерін игеру процесі.

Тұлғаның құндылық бағдарлауының дамуы әлеуеттік дамудың жалпы заңдарымен тығыз байланысты. Ол жеке тұлғаның маңызды сапасын және қоғамдық құрылымдағы алатын орнын, әлеуметтік қасиетін сипаттайды.

Ұлттық дәстүрдегі құндылықтар мақсаты – барлық адамдардың өз мәдени-рухани қабілеттерін жан-жақты дамытуына мүмкіндік жасау. Адамның адамшылдық, қамқорлық, сыйласымдылық, кішіпейілділік қасиеттері қазақ халқының рухани дүниесінің белгісі мен көрінісі, оның әдет-ғұрыптылығында. Кісілік, қайырымдылық, намысшылдық қыр қазағының өзіндік моральдік кодексі, рухани құндылығы.

Ұлттық құндылықтарды, қасиеттерді, рухани мұраларды жүрегіне сақтап, көңіліне түйіп өскен ұрпақ еліміздің келешегін кемелді, болашағының жарқын болуының бірден - бір кепілі. Осы орайда жаны таза, тәні сау жас буынды тәрбиелеуде ең басты екі нәрсе қатар алып жүру, бір-бірімен ұштастыру халық назарынан ешқашан қалыс қалған емес. Оның біріншісі - рухани құндылықтарымен тәрбиелеу болса, екіншісі - тәннің саулығы, мықтылығы әрі тазалығы.

Жеке тұлғаның құндылықтары, бағыттары мен ұстанымдарының қалыптасуы оның саналы қызметінің реттелуінде маңызды орын алады, құқықтық саяси санасының және құқықтық тәрбиенің тиімділігі әлеуметтік-экономикалық қолайлы жағдайлармен, оның сапалы өткізілуінің және жеке адамның өз белсендігін де талап етеді.

Еліміздің дамуы үшін, өркениетке қолы жетуі үшін, адамгершілік, инабаттылық қасиеттерді әрбір жеке адамның басынан көріп, жақсылыққа қарай қалыптастырып, жетілдіру қажет, сонда ғана даму, өрбу, өркендеу болады деп айта аламыз [3,117 б.].

Бүгінгі біздің мақсатымыз - өзіндік адамгершілік-мәдени құндылықтарды адамдардың бойында дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір адамды жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дарыту.

Қазақтың ұлы ғұламасы Әбу Насыр Әл-Фарабидің сөзімен аяқтағым келеді “...Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім - азаматтың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі”.

Әдебиеттер тізімі

1. Әлібеков Ш. Қазақ фольклорының эстетикасы. - Алматы, 1991. - 55 б.
2. Мәдени-философиялық энциклопедия / Құраст. Т. Ғабитов, А. Құлсариева, Ә. Әлімжанова және т.б. – Алматы: Раритет, 2007. – 336 бет.
3. Мәдениеттану / Н.Г. Багдасарьян, А.В. Литвинцева, И.Е. Чучайкина. Ауд. А.Т. Құлсариева, Ғарифолла Есім, Т.Х. Ғабитов, Н.Ж. Байтенова. – Алматы., 2006. – 117 б.
4. Қазақ рухының философиясы: оқу құралы. Қарағанды, 2013. – 228 б.

ЛӘЙЛӘ МҰХТАРҚЫЗЫ ӘУЕЗОВАНЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ

¹Салмакбаева Г.К.

Ғылыми жетекші: Картаева А.М., С. Аманжолов атындағы

Шығыс Қазақстан университетінің профессоры

¹Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

email: salmakbayevag@mail.ru

XX ғасырдағы қазақ қыздарының ішінде орны бөлек, жұлдызы биік, айналасына шашқан шұғыласы мол жарқын тұлға Ләйла Мұхтарқызы Әуезованы ерекше даралап айтуға болады. Л.М.Әуезова – көрнекті ғалым, Қазақстан республикасы Ғылым Академиясының Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты, мұхтартанушы ғалым, тарих ғылымдарының докторы, білікті басшы, асыл ана.

Ләйлә Мұхтарқызы Әуезова (1929-1993) тарихшы, көрнекті қоғам және ғылым қайраткері, «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының негізін қалаушы, ірі әдебиет зерттеушісі. Ол Ленинград және М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті тарих факультетінің шығыс бөлімін (1952), КСРО ғылым академиясы Шығыстану институтының аспирантурасын (1955) бітірген. 1958 жылы «XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанда егіншіліктің дамуы» деген тақырыпта тарих ғылымдарының кандидаттық, 1975 жылы «М.О.Әуезов творчествосындағы Қазақстан тарихының проблемалары («Абай жолы» эпопеясының материалы бойынша)» атты докторлық диссертация қорғады.

Л.М.Әуезова 1956-1962 жылдар аралығында Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында қызмет атқарды. 1963-1993 жылдары М.О.Әуезов тұрған үйде ашылған әдеби-мемориалдық мұражайдың меңгерушісі, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Әуезовтің шығармашылық мұраларын зерттеу бөлімін басқарды. Әрдайым ғылыми ізденіс жолында болған зерделі зерттеуші, нағыз шығармашылық тұлға болды.

Л.М.Әуезова қазақ әдебиеттануының бір үлкен саласы – әуезовтануға елеулі үлес қосты. 1977 жылы жарық көрген «М.О.Әуезов шығармашылығындағы Қазақстан тарихының мәселелері» атты монографиясы мен жазушының ғылыми-мәдени мұрасы туралы топтама еңбегі үшін 1980 жылы ҚазССР ҒА-ның Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлық иегері атанды.

1993 жылы 64 жасында, ұлы әкесімен тіршілік жасы теңесер шағында Л.М.Әуезова өмірден өтті.

М.О.Әуезов – әлемді сөз өнерімен, қайталанбас өрнек сырымен тәнті етіп, табындырған киелі ұғым. Адамгершілік пен арды тұғыр еткен тұлға, жан дүниесі жұмбақтығы тереңде жатқан өзгеше құбылыс... Оның қаламынан туған үлкенді-кішілі құнды дүниелер адамзаттың мәңгілік мәселелері туралы ойларға

жетелейді. Сондықтан да алыстаған сайын биіктей беретін алып таулар секілді Әуезов әлемі сұлулығымен, сән-салтанатымен өзіне тарта түседі. Осы қасиеті қаламгердің шығармашылығын зерделеуді мақсат тұтқан зерттеушілердің қатарының уақыт өткен сайын молайып, әуезовтану арналарының көбейіп, кеңейіп отыруына негіз болып келеді.

Ләйла Мұхтарқызының есімі тарихпен астарласып, жататыны – біріншіден, ол кісінің адамзат үшін маңызы зор құбылыс – ұлы Мұхтар Әуезов шаңырағында дүниеге келуі. Қыр баласы Мұханның әсем ғимараттарға бай, сән-салтанатты Ленинградтағы күндері, оқу іздеп сарылуы, қасындағы досы Әлкей Марғұлан, әйгілі ғұлама профессорлар жадыға оралады.

Шынымен де, әке ақылымен Мәскеу университетін тәмамдау, тарих ғылымдары бойынша кандидаттық диссертация қорғау, кейіннен "Абай жолы" роман-эпопеясының тарихи негіздері" (1969 ж.) атты монография жариялау, тарих ғылымдарының докторы атану - "Атаға тартып ұл туар" дейтін ескі қағиданы жаңа бір тұрғыдан жаңғырту мысалы. Ал арнайы Үкімет қаулысымен 1963 жылдың 28 қарашасында ашылып, республика өміріндегі зор мәдени-ғылыми орталық міндетін атқарып отырған Мұхтар Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйі – тікелей Ләйла Мұхтарқызы Әуезованың көкірекжарды бастамасымен жүзеге асқан шара. Бұл мекеменің М.Әуезов есімі мен мұрасын әлем жұртшылығына насихаттау, таныту бағытындағы Ләйла апай басшылығымен атқарған істері мен мақсаттары ерекше бағалы [1, 103 б.].

Алматыдағы орта мектепте оқып, жан-жақты тиянақты білім алған Ләйла кезінде Ленинград университетін бітірген әке жолын қуып, Мәскеудегі М.В.Ломоносов атындағы университеттің тарих факультетінің шығыс бөлімінде оқып, шығыстану ғылымының таңдаулы өкілдерінен дәріс алды. Мәскеу университеті – Одақтағы ең таңдаулы жоғарғы оқу орны, оған екінші бірінің қолы жете бермейтіні мәлім. Университетті 1952 жылы бітіргеннен кейін ол КСРО Ғылым академиясының Шығыстану институтының аспирантурасында оқып, оны 1955 жылы аяқтаған соң біздің институтқа қызметке келген беті еді.

Ләйла Мұхтарқызының тарихшы ғалым ретінде үлкен бір тындырған ісі ол – "Абай жолы" эпопеясының тарихи негіздері" (Исторические основы эпопеи «Путь Абая») деген тақырыпта жүргізген көлемді зерттеуі [2]. Бұл еңбек 1969 жылы Алматының "Ғылым" баспасынан жеке кітап болып шықты. Мұнымен қоса Ләйла "Абай жолын" тарихи тұрғыдан зерттеу жөнінде көптеген ғылыми мақалалар мен еңбектер жазды. Мысалы, ол «М.Әуезов творчествосындағы Қазақстан тарихының проблемалары «Абай жолы» эпопеясының тарихи ерекшеліктері», «Абай образындағы тарихи шындық пен көркемдік пікірдің арасалмағы» деген тақырыптарда зерттеу еңбектерін жариялап, Мұхтар шығармаларының тарихи негіздерін көпшілік оқырман қауымға айқын көрсетіп берді. Тарихшы қаламынан туған бұл еңбектерді оқығанда Абай заманының лебі есіп, Мұхтар дәуірінің айшықты құбылыстары елес беріп, әкеге деген қыз жүрегінің жылылығы тұрғандай әсерге қаласың [3, 34 б.].

М.Әуезов мұраларын жылдар бойы жан-жақты зерттеудің нәтижесінде Ләйла үлкен бір күрделі мәселені аяқтағандай болды. Ол "М.Әуезов

творчествосындағы Қазақстан тарихының проблемалары" ("Абай жолы" эпопеясының материалы бойынша), деген тақырыпта докторлық диссертация дайындады.

Оның "М.О.Әуезов творчествосындағы Қазақстан тарихының проблемалары" атты еңбегінде "Абай жолының" тарихи негіздері мен көркемдік сипаттарының өрілу жүйесі жан-жақты қарастырылады. Роман-эпопеяның тарихи - көркемдік ерекшеліктерін нақты архив материалдарымен дәлелдеп көрсетеді.

Әсіресе зерттеуде жазушының жеке архивіндегі сараң жазбаларды романның тұтастығына, шымырлығына арқау етудегі, әр детальдың көркемдік тәсілімен жымдасып, ең үлкен мақсатқа кіріктірілуіндегі, әр оқиғаның өз орнында өзгеше сипатпен қолданылуындағы шеберлік қыры ашылып, эпопеяның жазылу тарихына, қызықты лабораториясына тарта түседі. Жанды суреттер мен даралық сипаты бедерлі образдардың халық өмірінің белгілі бір кезеңін, тарихи даму сатысындағы тіршілік-тынысын, қоғамдық-әлеуметік қырларын толық тануға негіз болатынын да айқын фактілермен дәйектеп отырады, егжей-тегжейлі детальдарды автордың әдейі жинап-теріп, сонау алыстағы заманның тіршілік-тынысын ерекше нанымды, тарихи шындыққа үйлестіре беруді мақсат еткенін түсіндіреді. Мысалы, ел арасында мәтел болып кеткен кейбір оқиға тарихының өзінен М.Әуезовтің шығармасында ұмытылмас, соншалықты қызықты, тартысты, тартымды суреттердің берілгенін, ал, жеке адамдардың көркем образдарға айналғанын барынша мұқият зерттейді [4, 190 б.].

Бұл еңбектен ұлттық таным, ұлттық үрдіс, ұлттық бояуы қанық суреттерге негізделе отырып дәлелденетін ой, толғамдарды көптеп кездестіреміз. Кітап авторы "Абай жолы" эпопеясындағы "феодалдық қатынастардың бүкіл өн бойына тарап, оған тек өзіне ғана тән сипат беретін патриархалдық-рулық құрылысты" әр қырынан көрсетеді. Территорияның тұтастығын сақтауда әр рудың туыстық байланыс туралы ұғымдарының қазақ даласындағы идеологияға түпқазық болып, халықтың экономикалық және саяси жағынан бірігуіне негіз болғанын да дәл пайымдайды. Зерттеушінің осы пікірінен соңғы жылдарға дейін қалыптасқан феодализм тұсындағы қанау түрі деп келген рушылдық, шын мәнінде елдік топтасуды, қазақтың біртұтастығын қамтамасыз еткенін, "у ішсең, руыңмен" деген ұрандағы қазақи бауырмалдылықты, ерекшелікті танытатын идеяның бағдарын табуға болар еді. Эпопеядағы рушылдықтың халықтың қазіргідей топқа бөлініп, жікке таралуы үшін емес, ел бірлігін сақтаудың факторына айналғанын көруге болады. Оны да зерттеуші өз заманына лайық өзгеше білгірлікпен бағамдайды. "Идеологиядағы патриархалдық-рулық тіректер ру ақсақалдарын құрмет тұту сияқты көріністерден де байқалады. Мысалы, Құнанбайдың анасы Зерені халықтың, исі тобықтының құрмет тұтуы, Ырғызбай руының кемеңгер қариясы ретінде сыйлауы, оған үлкен шаңырақ иесі ретінде табынуы қарт әженің әділдігі мен мейірімділігінде ғана емес, сонымен қатар, тіпті ең алдымен рулықтың сақталуында екендігін" (33-бет.) тарихи таным тұрғысынан дәлелді түсіндіреді. Бұл ойды көші-қон дәстүрін бұзған Құнанбайға Бөкеншінің ақсақалы Сүйіндік қарттың қойған талабымен, еркін әрекеттерімен ұштастырып, (35-бет) тереңдеп зерделейді. Романда ру аралық жиындар суреттелгенде ру ақсақалдарының жол-жобаны қатаң сақтайтынына назар

аударылғанын айта келе, ру-тайпалық байланыстың неғұрлым берік сақталған түрлері ру өкілдері қатысатын ас беру, келін түсіру, шілдехана жасау сияқты салт-дәстүрлерді суреттейтін тұстарда ерекше сипатталатынын баяндайды.

Тарихтағы XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақ қоғамының әдет-ғұрыптарына байланысты (право) құқық заңдары да "Абай жолында" терең көрсетілетіні туралы айтқан Т.М.Күлтелеевтің пікіріне сүйене отырып, зерттеуші осы бағытта да жүйелі ой-пікірлерін білдіреді, тұжырымды түйіндеулер жасайды. Мәселен, шығарманы тірек ете отырып, қазақ даласындағы қылмысты істер орыстың қылмысты істер правосының нормасы бойынша жазаланғанын ашып көрсетуді кездейді. "Бір-біріне мүлде жат право нормаларының бұлай ұштасуы іс жүзінде өте үлкен қайшылықтарға әкеп соқтырады" (41-бет.) деген зерттеуші пікірін өз уақыты тұрғысынан алғанда, батыл айтылған деп бағалаған ләзім. Қазақтың әдет-ғұрып құқығына зорлап енгізілген қағидалардың отаршыл елдің пайдасын көздегенін, оның сол отаршылдыққа қарсы наразылықты басып-жаншып тастау құралы ретінде қызмет еткенін тарихи процестердің дамуымен өзектестіре ашып көрсетеді. Бұндай өзгерістің сөзге тоқтаған қазақтық дәстүрді бұзуға мұрындық болып, қолында күш, алдында малы бар дәулеттілердің бөзге сатылуына әкеп соқтырғанын да М.Әуезовтің туындысы арқылы дәлелдеп шығады.

Әдебиеттер тізімі

1. Майтанов Б. Қыранның қияғы / Асыл қызы халқының. Құраст. С.М.Майлыбаева, А.Қ.Қуанышбаев. – Алматы: Комплекс, 2000. – 500 бет.
2. Әуезова Л.М. М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары. - Алматы: Мектеп, 1997. - 272 бет.
3. Балақаев Т. Ләйлә Мұхтарқызы Әуезова – тарихшы ғалым / Асыл қызы халқының. Құраст. С.М.Майлыбаева, А.Қ.Қуанышбаев. – Алматы: Комплекс, 2000. – 500 бет.
4. Қайрат Рай. Зерделі зерттеу: қоғам талабы және тың тұжырымдар / Асыл қызы халқының. Құраст. С.М.Майлыбаева, А.Қ.Қуанышбаев. – Алматы: Комплекс, 2000. – 500 бет.

ӘОЖ 82'01:37.091.3

ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІН МЕКТЕПТЕ ОҚИТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

¹Авилхан Х., ²Сейпутанова А.Қ.

^{1,2}Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ КЕ АҚ, Өскемен қ., Қазақстан

XXI ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты тұлғасын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі мемлекетіміздің басты назарында. Қазақстан Республикасының дамуына білім мен ғылымның оң әсер етуі үшін дүниежүзілік білім кеңістігіне ену, білім беруді одан әрі

демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылуда.

Жаңа білім беру технологиялары бүгінде білім алушылардың зияткерлік, шығармашылық және адамгершілік дамуының қажетті шарты. «Даму» педагогикалық процестің негізгі сөзіне, оқытудың маңызды, терең ұғымына айналды. Қазіргі білім беру парадигмасы әлеуметтік-тұлғалық, тұлғаға бағытталған, адамгершілік білім деп аталады.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Осындай сұраныстарға орай оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, мектеп тәжірибесіне енуде. Осы педагогикалық технология терминіне мынадай түсініктеме берілген: «Педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдардың жүйелі жиынтығы мен жұмыс істеу реті» [1]. Ұстаздар академик В.И. Монаховтың технологиясы, профессор Ж.Қараевтың «Оқытудың педагогикалық технологиясы» және М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы» еңбектерін, жергілікті авторлық бағдарламаларды басшылыққа алып, шәкірттерін түрлі тапсырмалар беру арқылы дамыта оқыту, модульдік оқыту, денгейлеп оқыту идеяларын жүзеге асырып келеді.

Оқытудың жаңа технологиясы іс-әрекетті жоспарланған нәтижесіне жетудің шартты тәсілі ретінде қарастыратын жаңа әдістердің жиынтығынан тұрады. Оның бұрынғы белгілі дәстүрлі оқыту технологиясынан айрықша ерекшеліктері мынадай:

- оқушының зияткерлік дамуы аз уақыт ішінде қабылдау дәрежесінің жоғары мөлшеріне жетуіне бағытталатындығы;
- оқушы мен мұғалімнің белсенділігінің сайма-сай болуы;
- мұғалім мен шәкірттің өзара қарым-қатынасында жауапкершіліктің міндеттілігі.

Жаңа білім беру технологиялары осындай оқу процесін құрудың инновациялық модельдерін ұсынады, онда мұғалім мен оқушының өзара байланысты іс-әрекеті оқу және іс жүзінде маңызды мәселені шешуге бағытталған. Бұл жеке жетілдірудің шығармашылық процесіне қайшы келмейді, өйткені педагогикалық технологиялардың әрқайсысының өзіндік аймағы бар, оның ішінде жеке тұлғаның дамуы жүріп отырады.

Қазіргі педагогикалық технологияларға мыналар жатады [2]:

1. Пәнге бағытталған технологиялар
2. Тұлғаға бағытталған оқыту технологиялары
3. Эвристикалық оқыту технологиясы
4. Диалогтық технологиялар
5. Ойын технологиясы
6. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
7. Денсаулық сақтау технологиялары.

Білім берудің әлеуметтік-тұлғалық түрін жүзеге асырудың негізгі тәсілі – проблемалық, дамытушылық, сараланған, рефлексивті, диалогтық оқыту мен

тәрбиелеудің педагогикалық технологияларын, ұжымдық шығармашылық қызмет технологияларын, топтық, ойын технологияларын қолдану, кең таралған жоба әдісі, компьютерлік технологиялар және т.б. Осы технологиялардың әрқайсысы оқушының жеке тұлғасының дамуына, оның әлеуметтенуіне ықпал етеді.

Қазақ әдебиетінің, оның ішінде ежелгі дәуір әдебиетінің қазіргі сабағы оқытушы, тәрбиелеуші, дамытушы және қызықты болуы керек. Сондықтан сабақтарда және тәрбие жұмысында заманауи білім беру технологияларын қолдану – бүгінгі қоғамның қажеттілігі.

«Білім алу – батылдық, оны толықтыру – даналық, ал шебер қолдана білу – өнер» дейді дана халқымыз. Мұндағы басты мәселе – қай жаңа оқыту технологиясын таңдасақ та, оны жүйелі түрде жүргізе білсек ғана одан жемісті нәтиже күтуге болады. Мұндай жұмыс процесінде әр оқушы өз бетінше білім алады, ал мұғалім тек бағыттаушы және бақылаушы ролінде көрінеді. Негізгі міндеті – сыныпта оң психологиялық ахуал қалыптастыра білу, тапсырмалар арқылы қызығушылықты ояту.

Қызығушылықты ояту – жаңа білімге апарар жол. Бұл кезеңде оқушылар белгілі бір тақырып төңірегінде бірнеше сөздер атап, оларды байланыстырып сөйлеуге, мағыналық жағынан топтастыруға, жаңа ұғым жасауға үйренеді. Бірін-бірі қайталамауға үйренеді. Ойлау, оқу арқылы жазуды жүзеге асыра отырып, бірте-бірте шығармашылық жүйеге түседі.

Осыған сәйкес, педагогикалық қызметімізде проблемалық оқыту технологияларын, дамытушылық оқыту элементтерін, топтық, ойын, компьютерлік технологияларды, тест әдістерін белсенді қолданамын.

1. Проблемалық оқыту – проблемалық міндеттер мен проблемалық жағдайлардың көмегімен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру нысаны, олар оқытуға іздестіру, зерттеу және интерактивті сипат береді. Проблемалық оқыту әдісі – бұл әмбебап білімді (жалпы білімді) өзектендіруді қажет ететін проблемалық міндет немесе жағдай [3]. Көбінесе жаңа тақырыпты түсіндіруде қолданылады. Проблеманы белгілеу – зерттелетін тақырыпты немесе сұрақты тұжырымдау кезеңі. Біздің пәніміздің ерекшелігі – көркем шығармада әрдайым автор қойған мәселе бар. Мұғалімнің міндеті – автор мен оның жұмысы мұғалімге жіберетін «сигналдарды» ұғыну. Іс жүзінде мұғалімнің маңызды міндеттерінің бірі – өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастыру, талдау, ақпаратты синтездеу, әдістерді әзірлеу және байланыс орнатуға қол жеткізу бойынша жүйелі дайындық жұмыстарын жасау. Тақырыпты тұжырымдау оқушыны белсендіру мәселелерінде үлкен маңызға ие. Тәжірибеден белгілі болғандай, проблемалық және қызықты атау сабақ стилінің монотондылығын жояды, оқушылардың қызығушылығын арттырады. Мысалы, ежелгі дәуір әдебиетінің шығармаларына былай қолдануға болады: «Жаналғыш Әзірейілмен жекпе-жек шығуға батылы жеткен кім?» («Қорқыт ата» кітабына енген «Ер Домрул жыры»), «Күлтегін неге тақтан бас тартты?» және т.б. Проблемалық оқытуды қолдану нәтижесінде мотивацияны арттыруға, түсіну деңгейін тереңдетуге, оқу-танымдық және ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға қол жеткізе аламыз.

2. Оқушыны, оның көзқарасын, ой-танымын түсіну үшін қысқа жазбаша жұмыстар, жедел сауалнамалар (жауаптар) және оларды терең талдау қажет. Жұмысты зерттеу және талдау барысында мықты оқушыларға зерттеу сипатындағы тапсырмалар беріледі. Мысалы:

- шығармада уақыт ағымы қалай берілетінін талдау;
- дыбыстар мен бояуларды сәйкестендіріңіз;
- гипотеза жасау және жастардың оқиғаның негізгі идеясын ашудағы рөлі қандай?

3. Сабақтардағы ақыл-ой жүктемесінің артуы оқушылардың зерттелетін пәнге деген қызығушылығын, сабақ барысында олардың белсенділігін қалай қолдау керектігі туралы ойлануға мәжбүр етеді. Танымал педагог, жазушы, ғылыми педагогиканың негізін салушылардың бірі Константин Дмитриевич Ушинский айтып кеткендей, «қызығушылықтан айырылған оқыту оқушының оқуға деген ынтасын жояды, онсыз ол алысқа кетпейді». Пәнге деген қызығушылықты сақтау және оқу процесін сапалы ету үшін ақпараттық технологиялар ежелгі дәуір әдебиеті шығармаларын оқытуды белсенді қолданылады [4]. Ежелгі дәуір әдебиеті сабақтарында компьютерлік бағдарламалық құралдарды қолдану мұғалімге оқытудың дәстүрлі түрлерін әртараптандыруға ғана емес, сонымен қатар әртүрлі мәселелерді шешуге мүмкіндік береді: оқытудың көрнекілігін арттыру, оны саралауды қамтамасыз ету, білімді бақылауды жеңілдету, пәнге деген қызығушылықты арттыру, оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту.

Әдебиет сабақтарында көркем шығармаларды жақсы меңгеру үшін спектакльдердің, фильмдердің үзінділерін қарау ұсынылады, бұл тек адамгершілік қана емес, сонымен қатар эстетикалық тәрбиеге де ықпал етеді.

4. Синквейн әдісі: Оқушыны белсенді шығармашылықты ойлауға, ойларын нақты, қысқа да нұсқа, тұжырымды жеткізе алуға дағдыландыратын әдіс. Мысалы:

- 1) Білге қаған
- 2) 2 сын есім (батыр, әділ)
- 3) 3 етістік (басқарады, ел қамын ойлайды, әділеттілік орнатады)
- 4) 4 сөзден тұратын сөйлем (Кедей халықты бай етті)
- 5) Синоним (басқарушы).

5. Семантикалық карта. Бұл әдіс арқылы оқушылардың барлық есте қалған білімдерін еске түсіріп, білімді жинақтап қорытуға болады.

Мысалы:

Шығарма атауы	«Қорқыт ата кітабы»	«Оғыз-наме»	«Диуани лұғат ат-түрк»	Күлтегін жыры
Үзінділер				
Өлімші халықты тірілттім, Жалаңаш халықты тонды, Кедей халықты бай қылдым.				
... туар кезінде Қараспанды су алған. Қара жерді күл алған				

Ол туарда ел корқып, Туған соң әбден қуанған.				
Көк Тәңірі алдындағы парызымды өтедім. Ел-жұртыңды сендерге табыс етем.				
Қар, мұз ереді, тау суы аға бастады. Көгілдір бұлт көтерілді, ол суда жүзген қайықтай аспанда жүзіп бара жатты.				

6. Іздену жұмысы. Оқушыға қосымша материалмен, энциклопедиямен, көркем әдебиет, түрлі сөздікпен іздену тапсырылады. Сол арқылы өз бетімен еңбектенуге, ізденуге, жинаған мәліметін талдауға үйренеді. Тіпті жаңа тақырыптың өзін алдын ала беру арқылы оқушылардың өздері ұйымдастыруына, яғни семинар-сабақ етіп өткізуге болады.

Мысалы, Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығымен танысқанда алдын ала топтарға мынадай тақырыптар бойынша іздену тапсырмаларын беруге болады:

1. Әбу Насыр әл-Фараби еңбектеріндегі әдебиет теориясы.
2. Әбу Насыр әл-Фараби шығармаларындағы бала тәрбиесі.
3. Әбу Насыр әл-Фараби – «Екінші ұстаз» атына лайық па?

Аталғандардан бөлек, ежелгі дәуір әдебиетін оқытуды ойын түрінде ұйымдастыруға және топтық, топтық-жеке, жұппен жұмыс, пікірталастар мен пікірсайыстар, дебат секілді уақыт талабына сай әдістерді де пайдалануға болады.

Сабақта жаңа технологияларды қолдану оқу процесін даралауға және саралауға, әркімнің іс-әрекетін бақылауға, оқушылардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін белсендіруге, оқу процесін оңтайландыруға, жұмыс қарқынын едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Бұл сапалы үлгерімнің өсуіне әкеледі және оларды зерттеген жылдар ішінде әдебиет пәніне деген тұрақты қызығушылықты сақтайтыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.
2. Фабриков М.С. Современные образовательные технологии. Учебное пособие. — Владимир: ВлГУ, 2021. — 224 с.
3. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007. – 144б.
4. Қ.Бітібаева. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. Алматы: Мектеп, 2003. – 336 бет.

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АҚЫН ТҰЛҒАСЫ

¹Үркенбаева Ж.А.

Ғылыми жетекші: Картаева А.М., С. Аманжолов атындағы

Шығыс Қазақстан университетінің профессоры

¹Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

email: Urkenbaeva97@mail.ru

Қасым Аманжолов – қазақтың аса ірі ақындарының бірі. Оның көркемдік-эстетикалық деңгейі жоғары, қазақ әдебиеті тарихында айтулы орынға ие шығармашылығы, негізінен, поэзиялық туындылардан тұрады. Ақынның әдеби мол мұрасын 7-8 поэмасы мен алуан тақырыптағы лирикалары құрайды. Қасым Аманжолов – көркем аударма өнерінің де үздік шебері. Ол орыс, Батыс пен Шығыс поэзиясының классикалық туындыларын: лирикалық өлеңдер мен поэма-дастандарын қазақ тіліне зор шабытпен аударды. Қ.Аманжолов – өзінің батыл ойлы, шыншыл да терең сырлы, дауылды поэзиясымен әр буын оқырмандар сүйіспеншілігіне ие болып, жас таланттарға өте күшті әсер етіп келе жатқан біртуар дарын.

Қазақ поэзиясында айрықша орны бар ұлы тұлға – Қасым ақын Аманжолов шығармашылығы жайында біршама жазылды. Ол туралы ертелі-кеш айтылып, жазылған пікір, зерттеулерді белгілі бір дәрежеде тұжырымдап, ақын шығармаларын тиянақты зерделеп, іргелі еңбек жазған Т.Әбдірахманованың ұлттық әдебиеттану ғылымында алатын орны айрықша.

Қасым Аманжолов – Алаш идеяларын болмысына терең сіңіріп, туа біткен талантына арқау еткен ақын. Күні кешегі уақытта айта алмай, бұқпантайлап келген бір ақиқат бар: ол – Қасым ақынның рухани ұстазы Мағжан Жұмабаев екендігі. Қасым заманы мен Мағжан заманы бірдей еді деуге келмейді, демек, ХХ ғасыр басындағы әдеби үдерісті, ақын ұстанымын ХХ ғасырдың кеңестік дәуірінің бел ортасында ғұмыр кешкен Қасым шығармашылығымен салыстыру қиын. Мағжан – Қасым поэзиясына Темірқазық іспеттес, адастырмас құбылнама болды. Ғасыр басындағы сәл де болса еркіндік, демократия элементтері коммунистік-большевиктік жүйе әбден күшейіп, нығайған соң мүлде жойылып, үні өшті. Мағжанды ұлықтамақ түгілі, оның есімін ауызға алу қатерге айналды. Мағжанның шығармаларына тыйым салынса да, оның жырларын азаматтық, ақындық болмысына сіңірген ақын Қасым еді. Алаш идеялары келмеске кеткенімен, Қасымдар ол идеяларды шама-шарқының келгенінше өздері жасаған рухани игіліктерде жұмбақтап, астарлап, ұтымды түрде пайдалана білді [1, 3 б.].

«Қ.Аманжоловтың ақындық, адамдық қалып-тұлғасы алабөтен өзгеше еді. Нағыз тынымсыз поэзияға лайық өз бітімі де елгезек, сергек, ылғи ояу жан болатын. Осыған сай тілі де өткір ащы келетін. Мұнысы шыншыл өлең өнерінің тұздығындай Қасым поэзиясын нәрлі әрі әрлі ететін», - дейді М.Базарбаев [2,

162 б.]. «Дауыл ғой дауылдан бар тұрған бойым, мен қайтіп іштегі өртті жасыра алам», - деп өзі мойындағандай өнері де өртеніп, жалындап тұрды.

«Құя алман үгітілген балшық өлең
Көңілімде көл жасамаң тамшыменен,
Серінің семсеріндей сертке таққан
Өлеңнің өткірін бір алшы менен» [3] -

деген жолдардан да ақынның өз басының мінезін, қайтпайтын қайсарлығын, ащы да болса шындық досы екенін байқаймыз.

Құнарлы жерге ғана құрақ өсетіні секілді, нағыз талант, шынайы дарын бойында туа біткен табиғи қабілеті бар адамнан ғана шықса керек. Қасымның осындай табиғи дарын, табиғи талант екені сөзсіз. Ол шырқап ән сала білген. «Дариға, сол қыз», «Туған жер» секілді тамаша әндер шығарған, домбырадан құбылтып күй күмбірлеткен, музыка патшасы скрипкадан сызылтып сұлу саз төгілткен, бесаспап, сегіз қырлы, бір сырлы өнердің, бұрқаса- дауыл, жауса- жасын, жазылса – жайлау, қайсар, отты да бетті қаршыға тұлғалы мінездің адамы.

«Дейсіндер-ау! Қасымның несі басым?!
Қасым солай болмаса несі Қасым.
Ақынмын деп қопандап жүргендердің
Әммесінен Қасымның десі басым» [3], -

деп М.Мақатаев айтқандай, Қасым ерекше ақын еді.

«Қасым Аманжоловтың өлең сөз өнеріне жетілгенін, өсіп, қалыптасқанын танытатын тағы бір жай – ақын нені жырласа да, оны адам әрекеті, оның еңбегімен байланыстыра жырлайды да, сол арқылы қоғам өмірін, жалпы өмірді бейнелейді. Бұлардың өзінен ақынның қоғамға, қоғамдық құбылыстарға көзқарасы, оның азаматтық үні айқын танылып жатады. Мысалы, ақынның «Көктем» дейтін өлеңі бір қарағанда табиғат лирикасы сияқты. Бірақ ақын мұнда табиғаттың көктемгі көрінісін адам әрекетінен, қоғамнан тыс жырламайды, қайта оны адамның көктем кезіндегі іс-әрекеті, қоғамдық еңбегімен байланыста, бірлікте жырлайды» [4, 200 б.].

Өмір, қоғам жайынан, сыр толғау, оқушысын жақсыға жетелеп, соны нұсқап, жаманнан жирендіріп, одан аулақ болуға үндеу, басқаша айтқанда, ақыл-парасатқа баулу тәрізді көңіл күй лирикасы Қасым Аманжолов творчествосының да мәнді бір саласы.

Қазақ ән өнерінде «Жас дәурен», «Ақ сәуле», «Дариға, сол қыз», «Туған жер», «Өзім туралы» сынды ән-өлеңдер тудырған, эпикалық «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасын жазған, өзіне дейінгі қазақ өлең сөзінің шеберлері Абай, Мағжан, Ілияс дәстүрін дамытқан Қасым Аманжолов поэзиясы кейінгі кезең ақындарына поэтикалық өнер үлгісі, ақындық мектеп болды. Ақынды ұлтшыл ретінде айыптауға негіз болған Қасымның «Ертіс», Сарыарқа» өлеңдерінде мынадай шумақтар бар:

Жерімнің жатқан бұл бір көк жойқыны,
Үстінде ойнақтаған өр толқыны.
Болаттай суарылған осы Ертісте

Қайтып та ер болмасын Қазақ ұлы!
Сарыарқа сағындырдың атамекен,
Сардала анам едің, құшағы кең.
Тұсыңнан тоқтай алмай барам өтіп,
Артта – сен, алда – майдан, қайтсем екен? –

дейді ақын. Туған жерден нәр алған, туған фольклордағы атамекен жайлы жыр жолдарын, Абай, әсіресе, Мағжан поэзиясындағы туған жерге деген махаббатты өлеңдер уызын емген ақын бұлай сөйлемегенде, қалай сөйлемек?! Оған қоса, жас шағынан орыс, сол арқылы Батыс әдебиетінің көрнекті өкілдері шығармаларын көп оқып, жанына түйіп, тәжірибе, үлгі алған ол 1938 жылы жазған «Көп оқып, үйреніп, жақсы жазайық» деген мақаласында айтқан сөздерінің үдесінен шыға білді. Сондықтан да:

Гүрілдеп жалын атқан кеудем – көрік,
Сөз соғам құлашымды еркін керіп.
Суарып шынықтырам күйге малып,
Болсын деп әрі әдемі, әрі берік –

деп поэзияға әлеуметтік-эстетикалық жүк артқан ақын өз өлеңдеріне ғана емес, өзі арнау өлең шығарған үзеңгілес достары, замандас ақындарға да қатаң талап қойған. Осындай зор талғам, терең білім, ақындық қуат пен шабыт, «ой, сезім, ақындық тіл бірлігін» қатаң сақтаған Қасымның мәнді өлеңдері де, әнді өлеңдері де оқырман, тыңдарманның жан-дүниесіне «тастай батып, судай сіңді». Оның мәнді өлеңдері:

Аспанымды бұлт торлап,
Құрыстырды денемді.
Көзімнен жас домалап,
Төктім сонда өлеңді –
дегендей тереңге тартса, әнді өлеңдері:
Бір күй бар домбырамда тартылмаған,
Бір сыр бар көңілімде айтылмаған.
Сен үшін келдім сақтап, сүйген сәуле!
Көзіңнен айналайын жалтылдаған –

деп тақпақтап айтуға көнбей, еріксіз әнге қарай жетелей жөнеледі. Қасым Аманжолов поэтикасын оның шеберлік шыңына өрлеу жолымен байланыста алып, шартты түрде еңбек, кеңес тақырыбы, экспромт жырлар, арнау өлеңдер, майдан жырлары, ғашықтық, сүйіспеншілік жырлар, табиғат лирикасы, философиялық ой- толғаулар, сөз өнері жайлы ойлар деп бөлеміз [5, 5 б.].

Қасым лирикасының ең биік шыңы – оның «Өзім туралы» дейтін өмір жайлы философиялық ой толғап айтқан ұзақ өлеңі. Қасым - өзі туралы аса бір күшті өлең жазған ақын. Мұның өзін ақынның өміріне, өз творчествосына жасаған қорытындысы деп қарауға да болады. Өйткені өмірінің соңғы он жылында аурумен алысып өткен ақын өз халін, өз жанын барлап, санаулы күн,

сәтті мерзімді болжау жасағандай, айтып кетейін деген тәрізді. Сондықтан «Өзге емес, өзім айтам өз жайымды» деп бастап, өз өмірі, өз творчествосы, болашақ ұрпақ, өнер адамы, оның табиғаты, жалпы өнер, бүгінгі, болашағы туралы көріктеу құралдарының не түрлі сонысын, бейнелі сөздің не түрлі нәрлісі мен әрлісін қолданып, терең мағыналы, кімнің жүрегін болса да бір дір еткізбей қалмайтын, ойлы өлең жазған.

Ең алдымен бұл өлеңнен танылатын нәрсе – табиғатында қажырлы, қайсар, өмірдің не қиындығын болса да қасқая қарсы алып, жеңе білген ақын, өмірінің соңғы күндері, соңғы сағаттарының да таяу қалғанын сезген, оны да қабақ шытпай, иық түсірмей, жасып, жабырқамай қарсы алуға бел буған. Сондықтан да ол өлеңін өзінің ежелгі оптимистігіне басып:

Өзге емес, өзім айтам өз жайымды,
Жүрегім, жалын атқан сөз дайында.
Теренде тұнып жатқан дауыл күйді,
Тербетіп, тулатып бір қозғайын да, -

деп бәйгеге түсер жарау жүректей дүбірлете, құйындата, екпіндей жосылып кеп бастапты. Бұл Қасымның өзіне тән ақындық, творчестволық ерекшелігі.

Екінші, бұл өлең Қасымның адамдық та, ақындық та табиғатын күллі жаралмыш болмысымен, бар қалпы, барша тұлғасымен танытар өлең. Ол тағдыр бетіне, қоғамдық өмір құбылысына қай қырымен келсе де жалтармай, жалтақтамай тік қарап, ойындағысын ірікпеген, жанымен де жайымен де бір бөгде жаралған қаршыға тұлғалы адам. Егер қарапайым адам – Қасым осындай болса, от тілді, орақ ауызды, аспанына теңгедей бұлт жоламайтын, «Сөзі жыр, лебі күй» ақын Қасым да, әлгі адам Қасымның өзі.

Қасым өлеңді өнер деп, өнерді өлмес, өшпес рухани дүние, халықтың рухани азығы деп бағалайды. Халық барда өнердің өлмейтініне, оның ұрпақтан-ұрпаққа кетер мәңгілік екеніне сенеді. Өзінің таланты, ақындық қуатымен ғажап әсерлі етіп айтып бере алған.

Әдебиеттер тізімі

1. Мағиқызы Құралай. Қазақ поэзиясындағы Қ.Аманжолов дәстүрі // Қазақ әдебиеті. 2011. – 23 шілде. – Б. 5.
2. Базарбаев М. Көрікті ойдан – көркем сөз / М. Базарбаев. - Алматы: Рауан, 1994. - 368 б.
3. Аманжолов Қ. Шығармалары. 4 томдық / Қ.Аманжолов. - Алматы: 1977. - 536 б.
4. Базарбаев М. Ерлік пен еңбек дастаны / М.Базарбаев, Ә.Нарымбетов. - Алматы: Ғылым, 1968. - 342 б.
5. Бекбосынов М. Түсірген ой сәулесін шартарапқа // Қазақ әдебиеті. – 2011. - № 46. – Б. 4.

ҚАЗІРГІ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ 1964-1985 ЖЖ. АУЫЛДЫҚ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІН ЗЕРТТЕУГЕ АРНАЛҒАН ДЕРЕКТЕРГЕ ШОЛУ

¹Ыбырайхан М.Ы.*

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан
e-mail: marat_19.93@inbox.ru

Тақырыпты зерттеу барысында ауызша және архив деректері жинастырылып, пайдаланылуда. Мақалада әр дерек түріне жеке тоқталып, сипаттаймыз. Ауызша деректер сол заман куәгерлерінен жиналған маңызды ақпарат болса, архив деректері құжат материалдары ретінде басқа дерек түрлерін толықтырып, бекіте түседі.

Орталық Қазақстан ұғымы 1932-1973 жж. бір ғана Қарағанды облысын білдірді. 1973-1997 ж. аралығында Жезқазған облысы Қарағанды облысынан бөлініп шыққан. 1997-2021 жж. Орталық Қазақстанды құрамында 9 ауданы бар Қарағанды облысы құрады. Бүгінгі күнде Орталық Қазақстан ұғымын Қарағанды және жаңадан құрылған Ұлытау облыстары құрайды. Қарағанды облысы: Қарқаралы, Бұқар жырау, Абай, Шет, Нұра, Осакаров, Ақтоғай аудандары. Ұлытау облысы: Ұлытау және Жаңаарқа аудандары. 1964-1985 жж. аралығындағы Орталық Қазақстанда аудан саны көп болған 1979 ж. әкімшілік бөлініске сай аудандардың көкжиек тұстары бойынша орналасуына тоқталсақ:

1. Қарағанды облысы. Солтүстік-батыс - Нұра, солтүстік - Осакаров, Молодежный, солтүстік-шығыс - Ульянов, шығыс - Егіндібұлақ, Қарқаралы, Талды, орталық - Тельман, Мичурин (соңғы екеуі солтүстікке қарай, жалпы 9 аудан);

2. Жезқазған облысы. Оңтүстік-шығыс - Ақтоғай, Приозерный, оңтүстік - Шет, Ағадыр, Жаңаарқа, Жезді, оңтүстік-батыс - Ұлытау (7 аудан).

Статистикалық деректерден Жезқазған және Қарағанды облыстарының ауылдық аймақтарындағы ұлттық құрам бойынша 1979 ж. санақ мәліметтеріне жүгіндік. Себебі 1964-1985 жж. аралығында 1970, 1979 жылдары санақ жүргізілсе, 1979 жылғы екі облыстағы әкімшілік реформаларға байланысты аудан саны көп болғандықтан, аймақтың этникалық сипатын толыққанды анықтауға мүмкіндік туады.

Халық саны: 1. Қарағанды облысы – 1,25 миллион; 2. Жезқазған облысы – 450 мыңға жуық.

Ауыл халқының саны: 1. Қарағанды облысы – 260 мыңға жуық; 2. Жезқазған облысы – 176 мың.

Жезқазған облысының ауылдық аймақтарындағы жалпы халықтың құрамында қазақтар саны 70% астам және жекелеген аудандар бойынша 55-95% аралығындағы басымдықты, Қарағанды облысында 40% жуық көрсеткішті құрайды. Бірақ, Қарағанды облысында басқа ұлт өкілдеріне қарағанда